Қазақ әдебиеті тарихында көркем аударма туралы пікірлер XX ғасырда басталғанымен М. Әуезовтің көркем аудармаға қатысты мақалаларына дейін біз әңгіме желісі етіп отырған мәселе теориялық тұрғыдан терең зерттелмеген. Қазақ көркем аудармасының ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы, қазақ көркем аудармасы теориясының негізінің қалануы М. Әуезовтің 1936 жылы жарияланған «Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралы» мақаласынан басталады [1, 5]. Осыдан бергі кезеңде қазақ көркем аудармасына қатысты жарық көрген зерттеулерде осы өнердің толып жатқан мәселелері сөз болып, сан қыры түрлі бағытта зерделенді. Ал кейінгі кезде қорғалып жатқан ғылыми диссертацияларда, еңбектерде негізгі желі аударма өнеріндегі шеберлік мәселесі болып отыр. Қай елдің әдебиеттану ғылымын алсақ та қай кезеңде де шеберлік мәселесі – аса маңызды, теориялық мәні өте зор. Белгілі жазушы К. Федин: «... Ал шеберлік шексіз, оның ұшы – қиырын табу қиын, өйткені әр суреткер «бар ғұмырын тек шеберлік жолына сарп етеді», – деген пікірін дәйек ретінде айтқанды жөн санадық [2, с. 129]. Осы бір күрделі, маңызды мәселе көркем аудармаға да тікелей қатысты. Кез келген әдебиеттің әлемдік деңгейге көтерілуі үшін көркем аударма өнері дамуы – маңызды мәселе.

Көркем әдебиет өмірдің, адам баласының нақты тіршілігі мен қоршаған ортаның шындығын көркем бейнелеп қана қоймайды, ол адамзат дамуының сырларына барлау жасап, оның табиғатын, қоғамның болмысын өзгертуге, жақсартуға үлес қосады, адамзат баласының тәрбиесіне, өмірді, тіршілікті түсінуіне ат салысады. Осы көркем әдебиеттің дамуында, әлемдік көркем құндылықтардың барлық елдерге, барлық тілдерге қолжетімді болуында, елдер мен елдердің мәдени байлықтар алмасуында көркем аударма өнері ерекше маңызға ие. Көркем аударманың теориясы мен практикасы деген мәселеге келер болсақ, бұл – аса күрделі және көп қырлы.

Көркем әдебиет туындысына баға беруде әдеби шығарманың мазмұны, құрылым жүйесі, образдылығы, стилі, тілі, көркемдігі және т.б. секілді поэтикалық құбылыстармен қатар оның эстетикалық, лингвопоэтикалық, психологиялық, семиотикалық табиғатына қатысты көркемдік құбылыстарды пайымдау көркем аударманың табиғатын таразылаудағы басты міндеттер қатарына жатады. Көркем аударма жағдайында түпнұсқа авторы мен аудармашы стилдерінің үндесуі, аудармашының шығармашылық даралығы мен шеберлігі ерекше маңызды. Түпнұсқа авторы мен аудармашы стильдері мәселесі, стильдер үндесуіндегі ырғақтар табиғаты, түпнұсқа тілі мен аударма нұсқа тілдерінің

зандылықтары байланысы, т.б. мәселелер көркем аударма өнерінің өте күрделі екенін, оны зерттеу де сан сала бойынша жүргізілетінін көрсетеді.

Аударма өнеріне қатысты алғашқы теориялық еңбектер XVIII ғасырдан басталады. Сол кезден бастап бүгінгі таңға дейін көптеген зерттеулер өмірге келді, көптеген пікірлер мен тұжырымдар айтылды. Бүгінгі күнге дейін аударма өнері де, аударманы зерттеу ісі де даму үстінде. Аударма өнеріне байланысты А. Федоров, К. Чуковский, Г. Гачаиладзе, А.С. Смирнов, И. Кашкин, В. Россельс, А. Лейтес, В.Н. Комиссаров және т.б. көптеген орыс ғалымдарының, Қ. Жұбанов, М. Әуезов, М. Қаратаев, М. Балақаев, С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев, Ө. Айтбаев, Ш. Сатбаева, Қ. Нұрмаханов, С. Нұрышев, З. Тұрарбеков, С. Сейітов, Р. Хайруллин, М. Құрманов, Н. Сағындықова, С. Әбдірахманов, А. Әбілов және т.б. қазақ ғалымдары мен шетелдік ғалымдар еңбектері жарық көруі осы өнерді зерттеу ісін ілгерілеткені анық.

Деректерге жүгінсек, біздің елімізде бұл мәселе XIX ғасырдан бастап қозғала бастады. Өзге тілдерден қазақ тіліне, сол сияқты қазақ тілінен өзге тілдерге аудару мәселелері туралы алғашқы ойлар XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ баспасөзінің іргетасы болып саналатын «Түркістан уалаяты» газеті мен «Дала уалаяты» газетінде бой көрсете бастады. Бұл жекелеген ойлар тек топшылауларға құрылған қарапайым пікірлер болатын. Аталған пікірлер кейін көркем аударма өнеріне байланысты тұшымды ой – пікірлердің тууына, қазақ көркем аудармасы туралы ғылыми ойлардың өмірге келуіне әсер етті.

Қазақстанда аударма мәселесі жайында алғашқы арнайы пікір айту 1914 жылдан басталады. 1914 жылы И.Лихановтың қазақ өмірінен алып жазған «Манап» атты драмасына және оның аудармасына қатысты «Айқап» журналында С. Сейфуллиннің, М. Дулатовтың пікірлері жарияланады [1, 4]. Біз қазір қазақ көркем аудармасы тарихының зерттелуін осы пікірлерден бастап жүрміз. «Айқап» журналында 1914 жылы жарияланған пікірлерді қазақ көркем аудармасына қатысты зерттеулердің басы ретінде қарауға дәйек болуда. С. Сейфуллин мен М. Дулатовтың «Айқап» журналында 1914 жылы жарияланған пікірлері бұрынғы ой – пікірлерге қарағанда анағұрлым жоғары, сыни деңгейі биік екенін атап өтуіміз керек. Жоғарыда аталған драма аудармасына қатысты С. Сейфуллин әріпқойаударудың кесірінен бұл аудармада қазақ тілінің, қазақи сөз саптауларының ескерілмегендігін сынайды [3, с.156]. М. Дулатов болса бұл аударманың кемшіліктерін көрсете келіп, аударманың мақсатына жол нұсқағандай болады. Ол осы мақалада негізінен мынаны айтады: аудармашы, ең алдымен, қандай шығарманы аударуы керек, ол келесі ұрпаққа қандай рухани пайда әкеледі, осыны айқындап алуы керек. Аудармада қоғамдық қызмет, қоғамдық мақсат болуы керек. Екінші, «орысшасын өзгертпей тәржіма қылу» аударманы «тірі жанға түсініксіз» етеді. Үшінші, еркін кетіп «мағынасы алыс, хата тәржіма етуге» болмайды. Төртінші және ең бастысы, «аударма» орыс, қазақтан бірдей соққы жемеу керек, яғни, екі тілдің де тазалығын, мән – мағына, бояуын сақтай білу керек [4, с. 261 – 265].

1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай Семей қаласында өткізілген жиында ұлы ақын шығармашылығы жөнінде орыс және қазақ тілдерінде баяндама жасаған қазақтың біртуар қызы, аудармашы, қоғам қайраткері Н. Құлжанова еңбегі де осы үлкен іске қосылған үлес деп санаймыз. 1930 жылдарға дейін жарық көрген А. Байтұрсынов, М. Сералин, Ж. Аймауытов еңбектерінде, 1940 жылдарға дейін жарияланған М. Әуезов, Е. Алдоңғаров, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев және т.б. еңбектері мен бергі кезеңдегі көптеген зерттеушілер еңбектерінде көркем аударманың сан алуан мәселелері сөз болды.

Әлі күнге дейін ғылыми зерттеу нысанына ілінбеген толып жатқан проблемалары болғанына қарамастан қазақ аудармасы туралы бастауын XX ғасыр басындағы М. Дулатов, С. Сейфуллин, Н. Құлжанова және т.с.с. мақала, баяндамаларында көтеріле келе, 1920 жылдары Ж. Аймауытов (1925 жыл. «Аударма туралы»), Е. Алдоңғаров,

Б. Кенжебаев (1925 жыл) мақалаларында, онан соң 1930 жылдары М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтар мақалаларында ғылыми бағыт ала бастады. 1930 жылдары М. Әуезов «Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері», «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?», «Ревизордың аудармасы туралы» мақалалар жазып, қазақ сахнасындағы аударма пьесалар жайлы, түпнұсқадағы сөз, ой байлығы, стильдік ерекшеліктерді неғұрлым толық жеткізу мәселелерін қозғады. М. Әуезов, М. Қаратаев, Т. Әлімқұлов, Ә. Ипмағанбетов, Е. Букетов, Ә. Сатыбалдиев, К. Канафиева, С. Талжанов, Е. Ғабдіров, Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрпейісов, М. Әлімбаев, С. Нұрышев, Қ. Шәріпов, З. Ахметов, т.б. ғалымдар мен ақын – жазушылар еңбектері 1960 жылдары қазақ аударматануының қалыптасуына ықпал етті.

1960 жылдарға дейін көркем аударма өнеріне қатысты біршама мақалалар жарияланды, ғылыми диссертациялар қорғалды, аударма өнеріне қатысты пікір айтушылар көбіне оның ішкі мәселелеріне – балама, термин, киім, қару, т.б. атаулар – реалиилерге қатысты, аударманың тарихына қатысты мәселелерге барғанмен, өзге тілдегі көркем құндылықты қазақ тіліне аударуда немесе керісінше қазақ тіліндегі көркем туындыны өзге тілге аударуда басшылыққа аларлықтай, бағыт – бағдар етерліктей еңбектер жоқтың қасы еді. Ә. Сатыбалдиевтің 1965 жылы жарыққа шыққан «Рухани қазына» атты зерттеу еңбегі осы қиын түйінді шешуге ұмтылыстан туған алғашқы қадамдардың бірі болатын.

Ғалымдар әлем әдебиетінің үздік үлгілерін қазақ топырағына жеткізуші аудармашыларды негізгі екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топтағылар – сөз өнерінің белгілі шеберлері, жазушылар мен ақындар. Олар өз шығармаларымен қатар өзге тілдерден қазақ тіліне аудару ісіне де атсалысты. Мысалы, түркі тілдер тобындағы елдер тіліне орыс әдебиетінің үздік шығармаларын көркемдікпен жеткізген «Евгений Онегиннің» ең жақсы аудармашылары Самед Вургун мен Айбек, «Ревизорды» ең жақсы аударғандар М. Әуезов пен Абдолла Қаһһар», – дейді сыншы М. Қаратаев [5, с. 124].

Ал екінші топтағылар – бүкіл ғұмырын аударма өнеріне бағыштаған әдебиетшілер. Олар: Х. Өзденбаев, С. Талжанов, Х. Ахмедов, М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Ә. Сатыбалдиев, Ә. Жұмабаев, т.б. Соңғы топтағы аудармашылар шығармашылығы ерекше назар аударуды қажет етеді. Өйткені бұл топтағы аудармашылар тек қана бір тілдегі көркем дүниені екінші бір тілге, өзге тілді оқырманға жеткізуші ғана емес, олар аударма өнеріне байланысты зерттеушілер болды. Оның себебі – көркем аударма мәселесінде ізденусіз, зерттеусіз аттап басу мүмкін емес. Белгілі бір шығарманы аударарда тәржімашы сол шығармаға байланысты, сол шығармадағы оқиғаға байланысты, оқиға өткен кезеңге, салт – дәстүрге, сол тұстағы тілдік қолданысқа зерттеу жасауға мәжбүр. Бұған қатысты ғалым А. Әбілов: «...аудармашының суреткер ретінде тұлғаланғанға дейін бірнеше кезеңді бастан өткізетіндігін әңгімеледік. Ол бірінші – оқырман, екінші – зерттеуші, үшінші – аудармашы жолы. Аудармашының қолына не түссе соны аудармайтыны, шығарманың мазмұнымен таныспай тұрып, қолына қалам алмасы белгілі. Сондықтан ол әуелі оқырман ретінде көрінсе, шығарманы аударуды мақсат еткеннен бастап зерттеуші ретінде көрінеді..... аудармашы еңбегі осы тұстан – оның көркем шығарманы аударуға дайындық жасау кезеңінен, яғни зерттеушілік кезеңінен басталады», – дейді [1, с. 55].

Бұл – соңғы топтағы аудармашыларға тән ерекшелік болса, осы топтағы тәржімашылар тек аудармашылар ғана емес, аударма өнеріне байланысты зерттеу жасаушылар, пікір айтушылар, сын жазушылар. Олардың біразы – аударма теориясына байланысты диссертация қорғаған ғалымдар. Солардың бірі жазушы, аудармашы, әдебиеттің көркем аударма саласын зерттеуші Әбен Сатыбалдиевті атап өтпесе болмас. Оның шығармашылық мұрасының бірегей бөлігі туған әдебиетіміз тарихындағы көркем аударма мәселелерін қамтығаны белгілі. Өзі де көптеген орыс және шетел классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған тәржімашының тәжірибелік ой түйюі, ғылыми пайымдар жасауының көрінісі сияқты еңбегінде 1965 жылы жарық көрген «Рухани

казына» атты кітабында көркем аударманың проблемалық мәселелерін сөз еткен. Зерттеуші көтерген мәселелердің ең өзектісі – аударманы түрге бөлу, жіктеу мәселесі. Аудармашы ғалым аударманың түрлері жөнінде айтылған пікірлерге шолу жасай отырып, көркем аударма теориясын әдебиет теориясының құрамдас бөлігі ретінде қарайды. Ол «Әдебиет теориясы көркем аударманың негізгі үш түрі болады деп біледі. Олар: еркін аударма, сөзбе – сөз аударма, балама (адекватный) немесе реалистік аударма», – дей келіп, олардың ішкі ерекшеліктеріне тоқталады [6, с. 46.].

«Аударма жасау, бір халықтың ұрпақтан – ұрпаққа мәңгілік мақтаныш етіп қалдырып келе жатқан асыл мұрасын, бүкіл адам баласының мәңгілік рухани ризығын өз халқының игілігіне айналдыру жолында табанды қызмет ету – аса жоғары азаматтық міндет», – дей келе Әбен Сатыбалдиев аудармашыға бірнеше талаптар қояды: ол екі тілді де барынша жақсы білуге тиіс; өзі тіл сырын, сөз мәнін, көркемдіктің қадірін білетін, өмірге суреткерше қарап, әрбір көрініс пен құбылысты көркем образдылық тұрғысынан ұғына алатын қиялы ұшқыр, ойы терең, жаны сергек те сезімтал, ақындық, жазушылық дарынның иесі болуы керек. Бұл айтылғандарға қосымша, аудармашыға ауадай қажет нәрсе – нағыз энциклопедиялық жан – жақты білім, жоғары мәдениет. Ол түпнұсқаның тілінде сөйлейтін халықтың тарихынан, тұрмыс – салтынан, әдет – ғұрпынан, сол дәуірдегі қоғамдық қалыбынан мол хабардар болуға тиіс деп біледі. Ғалымның көркем аударма мәселелері жөнінде пікірлерінен қазақ көркем аударма өнерінде әлі де өзекті, маңызды мәселелер шешімін таппағандығын топшылаймыз. Қазақ көркем аударма өнерінің кең қанат жаюына үлес қосатын зерттеушілердің шығармашылық ортасын қалыптастыру, жаңашыл бағыттағы жас ғалымдар легін даярлау бүгінгі заман талабы болып қала бермек.

Әдебиет:

1. Әбілов А. Көркем аударма шеберлігі Алматы; Қаз. универ, 1997. – 156 б.
2. Федин К. Жастық шақ және талант // Сөзстан 3 – кітап. Алматы; Жалын, 1982. – 121 – 129 б.
3. Сейфуллин С. Ләйлә – Мәжнүн. Алматы: ҚКӘБ, 1935. – 75 б.
4. Дулатов М. Шығармалары. Алматы; Жазушы, 1991. – 325 б.
5. Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар Алматы; ҚМКӘБ, 1958. – 444 б.
6. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына Алматы; Жазушы, 1965. – 240 б.
7. Көркем сөздің келісті шебері / «Егемен Қазақстан», 1994 жыл, 30 желтоқсан.

УДК 372.8

ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСКОГО ПАДЕЖНОГО УПРАВЛЕНИЯ В РУССКОЯЗЫЧНОЙ АУДИТОРИИ

Атыгаева К.М.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Падеж играет в языке огромную смысловую роль: показывает различные отношения существительных к другим словам. Изучение падежей казахского языка – одна из трудностей, возникающая перед русскоговорящими студентами.

Объясняется это разными причинами:

- а. прежде всего межъязыковой и внутриязыковой интерференцией;
- ә. расхождением в морфологическом и синтаксическом строе русского и казахского языков. Управление в русском языке может быть как предложным, так и беспредложным. Один падеж может употребляться с несколькими предлогами, а один и тот же предлог – с различными падежами. Это не находит аналогов в казахском языке, где нет предлогов.

Исследованиями психологов установлено, что смешение внешне сходных синтаксических конструкций тормозит усвоение нового материала и затрудняет воспроизведение ранее изученного материала.

Другая существенная причина – методическая: широкое использование учителями казахского языка в работе при изучении темы «Падежи» метода «механических» вопросов. Падежи должны изучаться как явления смысловые, должна раскрываться семантика каждого падежа, а не формально по вопросам: кім? не? кімнің? ненің? кімге? неге? ...

Эти вопросы падежей никак не помогают, т.к. где и когда воспользоваться этим умением склонять, студенты не знают. Еще в прошлом веке проф. А.М. Пешковский пришел к выводу, что эти вопросы для анализа падежей малопригодны и при внешней «логичности» идут мимо логики, мимо значения падежей, наносят «огромный вред общему развитию исследовательских способностей ребенка. Это могила понимания, это дурман, одинаково наводящий тяжесть и безумный сон и на учителя и на учеников, – сон, именуемый в школе грамматикой».

У студентов первого курса, изучавших казахский язык на протяжении десяти лет, так и не сформировался навык правильного сочетания имен существительных с глаголами, что приводит к многочисленным ошибкам в падежном управлении.

Наша задача – сформировать и выработать навыки правильного употребления русскоговорящими студентами падежных окончаний казахского языка.

В своей работе по формированию вышеуказанных навыков мы опирались на рекомендации и опыт известных советских и российских ученых. «Навык... речи, как и вообще всякий навык, приобретается в основном практикой, всякая теория – объяснение, правила и т.д. – здесь может быть только подсобным, а не основным приемом. К числу основных приемов обучения падежному управлению относятся упражнения. Отсюда и проистекает значение упражнений как основного приема развития речи».

Умения и навыки употребления падежей формируются в процессе составления словосочетаний, где главным словом является глагол, а зависимым – существительное в определенном падеже. Мы стремились к тому, чтобы формы падежей не изучались изолированно от их функций, чтобы не было разрыва между содержанием и формой. И то и другое мы изучали во взаимосвязи. Работа по формированию навыков состояла из нескольких этапов. На первом этапе студенты заучивают некоторые употребительные словосочетания типа кітап оқимын, қаламмен жазамын, қалада тұрамын..., ...

Вторая ступень ведет к созданию у студентов навыков правильного использования падежного управления. Студентам для анализа предлагается ряд сочетаний:

Кітап оқимын Кітап оқысың

Кітап оқимыз Кітап оқыды

Кітап оқыған

Предложенные словосочетания анализируются. Студенты приходят к выводу, что слова оқимын, оқысың, оқимыз, оқыды, оқыған – это формы одного и того же слова «оқу». «Оқимын – это гл. 1л., наст вр.; «оқысың» – гл. 2л., наст вр.; «оқимыз» – гл. 1.л.мн.ч.наст. вр.; «оқыды» – гл., 3 л. прош. вр.; «оқыған» – есімше. «Кітап» – существительное, стоящее в табыс септік. Проанализировав словосочетания, студенты устанавливают: слово «оқу» управляет табыс септік и разные формы одного и того же слова «оқу» обладают одинаковыми возможностями управления, т.е. управляют тем же падежом. Почему задает вопрос преподаватель? Ответ студентов: т.к. управляет слово в целом, а не его форма.


Далее студентам было предложено изменить число имени существительного «кітап»:

{ жазды, оқыды
Кітап жазған, оқыған
жазамын, оқимын

{ жазды, оқыды
Кітаптар жазған, оқыған
жазамын, оқимын

Студентам предлагается выяснить, что изменилось, изменился ли падеж существительных при изменении его по числам.

Студенты приходят к выводу, что существительное в первой схеме стоит в единственном числе, а во второй таблице это же существительное представлено в форме множественного числа. Изменилось число существительных, а падеж не изменился. Вывод:



Для закрепления данного задания было предложено заменить слово «кітап» словами «әңгіме», «шығарма», «эссе».

Итогом изученного является закрепившееся правило:

т.с. + { жазу
оқу

Студентам предлагается третье задание.

Докажите, что

эссе жазасың, бормен жазасың

әңгіме жазасың, қаламмен жазасың

роман жазасың қарындашпен жазасың — это словосочетания. Найдите в них главные и зависимые слова. Определите, к какой части речи относится главное слово и к какой части речи относится зависимое слово. Выясните, в каком падеже стоят зависимые слова.

Обратите внимание: одно то же слово, например, жазу не всегда управляет одним падежом. Оно может управлять не только табыс септік, но и көмектес септік.

В своей работе мы отказались от метода «механических вопросов». Поскольку использование приемов обучения зависит как от характера изучаемого материала, так от его специфики в сопоставлении с родным языком, поэтому при изучении падежей старались устанавливать соответствия с родным языком.

С этой целью студентам предлагалось выполнение упражнений следующего типа:


Составьте словосочетания, определите род и число русских имен существительных.




Составьте словосочетания, определите род, число и падеж русских имен существительного

Мыла
блюдце }
Вытирала

Составьте словосочетания. Определите род, число и падеж русских имен существительных.



Определите число и падеж существительных.



Чем отличаются друг от друга существительные, представленные в трех схемах. При изменении рода и числа имен существительных в русском языке изменился ли их падеж? Переведите данные словосочетания на казахский язык, укажите, в чем сходство и отличие данных словосочетаний.

Падеж – категория морфологическая, но функция падежа синтаксическая, показывающая отношение существительного к другим словам в словосочетании и предложении. Падеж усваивается в определенном словосочетании, в конкретной форме, в определенном значении. На этом этапе работы наша задача – научить студентов сочетать формы слова с другими словами. Для этого им нужно знать синтаксическую сочетаемость слов, их свойства как части речи, их лексическое значение. Предлагалось задание следующего характера: подберите к данным словам глаголы, составьте словосочетания. Улгі: досымды, досыма, досыммен, досымнан, досымда. Досымды көрдім, досыма бардым, досыммен мақтанамын, досымнан шықтым, досымда болдым.

Работа ведется по следующему плану:

1. Прочитайте словосочетания, найдите в них главное и зависимое слово, укажите, какой частью речи они выражены.
2. Задайте вопрос от главного слова к зависимому.
3. Изменилось ли слов «дос»? Как оно изменилось?
4. От изменения слова «дос» изменился ли смысл высказывания? От чего зависит это изменение?

Анализируя предложенные словосочетания, студенты приходят к выводу в зависимости от изменения слова «дос» изменяется и смысл высказывания; изменение слова «дос» зависит от других слов: кімді көрдім? кімге бардым? кіммен мақтанамын?, кімнен шықтым? кімде болдым? После изучения каждой модели, предусмотренной программой, нами проводилось специальное занятие обобщающего характера, цель

которого – привести знания студентов в систему, проверить прочность навыков в построении изученных словосочетаний.

Перед закреплением каждой темы студентам предлагаются для запоминания глаголы, управляющие тем или иным падежом. Для закрепления табыс септік предлагались следующие глаголы: оқу, жазу, орындау, қайталау, сұрау, тыңдау, көру, сызу, алу, беру, әкелу, апару, күту, білу, іздеу, мақтау, қадірлеу, шақыру, сынау, аудару, тексеру... На следующем этапе студенты выполняли задание типа: сұрақтар мен егістіктерді тыңдаңыз, қайталаңыз.

{	Кімді	{	күту?	Нені	{	оқыды?
			көру?			жазды?
			ойлау?			тыңдады?
			сұрау?			қарады?

Үлгі бойынша сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз.

Үлгі: – Кімді күтесің? /Николай/

– Николайды

1. Кімді күтесіз? /Досым/

– ...

2. Не оқисыз? /Мақала/

– ...

3. Кімді силайсыз? /Ана/

– ...

4. Не аударасыз? /Сөйлем/

– ...

5. Кімді түсінесіз? /Оқытушы/

– ...

6. Не ішесіз? /Сүт/

В целях автоматизации навыков употребления существительных в табыс септік выполнялись задания разного характера. Работа проводилась либо в лингофонном, либо компьютерном классе.

Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Сіз кімді күтесіз? – Аннаны ма?

– Иә, мен Аннаны күтемін

1. Сен кімді күтесің? – Бористы ма? – ... ,

2. Ол кімді күтеді? – Әлібекті ме? – ... ,

3. Біз кімді күтеміз? – Антонды ма? – ... ,

4. Сендер кімді күте –

5. сіңдер? – Гүлнарды ма? – ... ,

6. Сіздер кімді күте –

сіздер? – Нұрланды ма? – ... ,

Бұл кім екенін білетініңізді куәландырыңыз.

Үлгі: – Бұл менің досым

– Мен оны білемін.

1. Бұл Анна –

2. Бұл оқытушы –

3. Бұл менің інім –

4. Бұл біздің студент –

5. Бұл инженер Петров –

Қыстырма сөзді пайдаланып, үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Бұл Иван. – Сен Иванды білесің бе?

Өкінішке орай, мен Иванды білмеймін.

1. Бұл Динара. – Сен Динараны білесің бе?

–

2. Бұл Қанат. – Сен Қанатты білесің бе?

–

3. Бұл Ахмет. – Сен Ахметті білесің бе?

–

4. Бұл Наташа. – Сен Наташаны білесің бе?

–

5. Бұл Георгий. – Сен Георгийді білесің бе?

–

Сөз тіркестерді тыңдаңыз, қайталаңыз

Ұлдарды	}	сұрады	Әңгімені	}	тыңдады
Оқушыны			Радионы		
Студентті			Операны		
Қыздарды			Музыканы		

Үлгі бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: – Сен кімді күтесің? – Аннаны ма?

– Иә, мен Аннаны күтемін.

1. – Сен кімді күтесің? – Бористы ма?

–

2. – Ол кімді күтеді? – Әлібекті ме?

–

3. – Біз кімді күтеміз? – Нұрланды ма?

–

4. – Сендер кімді күтесің –
дер? – Шолпанды ма?

–

Үлгі бойынша орындаңыз. Білмейтініңізді білдіріңіз.

Үлгі: – Бұл Арман.

– Біз Арманды білмейміз.

1. Бұл декан. –

2. Бұл куратор. –

3. Бұл кезекші. –

4. Бұл оқытушы. –

5. Бұл проректор. –

Диалогті тыңдаңыз. Диалогтен не білгеніңізді айтыңыз.

Үлгі: – Асханада кімді көрдің?

– Жаңа студентті

– Ол асханада жаңа студентті көрді

1. – Кеште кімді көрді? – Көршіні

–

2. Театрға кімді шақыр –
дыңыз? – Аннаны және Сергейді

–

3. – Мұражайда кімді көр –
діңіз? – Викторды және оның құр –
бысын

4. Қонаққа кімді шақыр –
дыңыз? – Туыстарымды

Тыңдаңыз, қайталаңыз. Сұраққа жауап беріңіз. Үлгі бойынша орындаңыз.

Өлеңді Газетті Кітапты оқимын Поэманы Романды	}	Не оқисың? → Мақаланы, өлеңді, журналды
---	---	--

«Көрсетіңізші» сөзін пайдаланып, үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: «Парасат» журналы

– «Парасат» журналын көрсетіңізші

- | | |
|------------------------------|----------|
| 1. «Караван» газеті | – |
| 2. Әуезовтің романдары | – |
| 3. М. Жұмабаевтың өлеңдері | – |
| 4. «Бастауыш мектеп» журналы | – |

Үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: – Олар ... ішеді/шырын/

– Олар шырын ішеді.

- | | |
|---------------|------------|
| 1. Мен | – /Сүт |
| 2. Сен ... | – /Кофе/ |
| 3. Сіз ... | – /Су/ |
| 4. Ол ... | – / Қатық/ |
| 5. Сіңдер ... | – /Айран/ |

Жақшада берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңыз. Үлгі бойынша орындаңыз.

Үлгі: – Мен сатып аламын / марка және конверт/

- | | |
|------------------------------|-----------------------|
| 1. Сен сатып аласың . | /Қарындаш және қағаз/ |
| 2. Сіз сатып аласыз. | /Журнал және газет/ |
| 3. Ол сатып алады. | / Сөздік және оқулық/ |
| 4. Біз сатып аламыз. | /Қалам және дәптер/ |

Оқыңыз.

Әкемді Ағамды Досымды Мұғалімімді Жолдасымды	}	ЖАҚСЫ КӨРЕМІН
--	---	----------------------

Қазақ тіліне аударыңыз, сөз тіркестер құраңыз. Екі тілдің сөз тіркестерін салыстырып, айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

{	сестру, друзей
	маму, товарищей
	Люблю подругу, родителей
	кошку, учителей
	собачку, студентов

Сөз тіркестер құраңыз.

Журнал, оқу –; хат, жазу –; ереже , жаттау –; тамақ, ішу –; ет, пісіру –; егін, жинау –; картоп, қазу –

Литература:

1. Пешковский А.М. Родной язык в школе. – М. 1987.
2. Чистяков В.М. Упражнения по развитию русской речи учащихся 5 – 7 классов нерусских школ. – М., 1957.
3. Мұсаұлы Ж., Әмренова Р.С. Қазақ, орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы . Оқу құралы. – Көкшетау, 2003.

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ (25 – қара сөзін талдау негізінде)

Ахметова Т.Ә., Атығаева К.М.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу жолында ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге болып табылады. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің бәсекеге қабілетті, мәдениетті, өркениетті елдер қатарында лайықты орын алуына негіз болады деп сенеміз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ, оның ой – тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Тұңғыш Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқы – ыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі – бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», – деген сөзі Абай мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынының дәлелі. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты.

Біздің мақаламыздың негізгі мақсаты – ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін басшылыққа ала отырып, Абайдың білімге, тілді үйренуге деген көзқарасын (25 – ші қара сөзі негізінде) зерттеп, оның бүгінгі қоғамның қалыптасуындағы маңыздылығын айқындау.

Білім беру саласын заманға сай дамыту арқылы біз жаңа форматтағы жастарды тәрбиелейміз. Оны жетілдіру мақсатында бүгін жаңа талаптарға сай бағдарламалар әзірленіп, курстар, семинарлар ұйымдастырылуда.

Абайдың қара сөздеріндегі ерекше орын алатын басты қағидаларының бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. Тілді меңгеру – кез келген адамның заман талабына деңгейлес болуының көрінісі.

Біз жаңа тарихи жағдайда өмір сүреміз, сондықтан бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Ана тілін білуіне баса мән беріледі, себебі жастар өз тілін құрметтесе, жалпы ұлтымыз да игілікті болады.

Қазіргі заманда әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен талаптар қойылуда, ғылымдағы жаңалықтар да күннен күнге асып барады. Бұл нені дәлелдейді? Ақыл – ойы кең, санасы жоғары адамдар кезеңі келді деген сөз. Біз өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуіміз қажет.

Абайдың өзі, көңілі толмай: «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қараған болатын.

Мақаламыздың негізгі бөлімінде Абайдың 25 – ші сөзіне тоқталып, оның мағынасын талдауды жөн көріп отырмыз.

«Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады». Балаға білім беру – әрбір ата – ананың арманы да, міндеті де. Тек бұл жерде, ең алдымен, ана тілін үйретуге назар аудару керек. Егер бала ана тілін білмесе, ол өз халқына адал қызмет атқара алуы екі талай. Ана тілі – өмір құндылықтарының қалыптасу негізі.

«Оның үшін бұл жер дарулхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек». Балаға білім беру – бұл атан – ананың негізгі капиталы деп айтуға тура келеді. Ол үшін, ең бастысы, қаржылық қолдау керек. Әрбір ата – ана баласының болашағы үшін барлық жағдай жасауға бар күшін салады: мал өсіреді, егін егеді, жиған – тергенін

балсының білім алуына жұмсайды. Ана тілінің мәртебесін арттыру үшін көп оқу, іздену керек. Сол себептен, Абай атамыз араб, парсы тілдерін білу керектігіне назар аударады.

«Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?» Білім алу көп еңбектенуді талап етеді. Қарны тоқ болған адам жақсы, өнімді еңбек ете алады. Абайдың бұл сөзі «Ас – адамның арқауы» деген халықтың дана сөзін негіздейді. Дұрыс тамақтану мәселесі – бүгінгі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі. Оқу, жұмыс соңында жүрген адамның уақытында тамақ ішуге қолы тимейді. Бұл жағдайды шешу жолында экологиялық таза, тез қабылдауға жарамды өнім өндіру мәселесі алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі болып отыр.

«Ашап – ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе». Бүгін жастар әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге ұшырауы жиі кездеседі. Оның себебі – әлеуметтік теңсіздік. Ал әлеуметтік теңсіздік адамдар арасында, тіпті туыстар арасында да, араздылыққа әкеп соғады. Бұл да үлкен қоғамдық мәселе. Оны болдырмау үшін ата – ана баланы сәби жасынан бастап адами құндылықтарды қалыптастыруға бар күшін салу керек: еңбекке баулу, әділдікке үйрету, басқаларды құрметтеу, қайырымдылық жасау негіздерін тәрбиелеу.

«Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі». Отбасындағы негізгі құндылықтардың бірі – білімге деген құштарлық. Бүгінгі балалар кітап оқудан алыстап бара жатыр. Өз елінің әдеби, мәдени мұраларын бағаламайды. Бұл мәселе тіпті ұлттың жойылуына әкелуі мүмкін. Баланы қазақ менталитетіне сай тәрбиелеу керек, қазақтың ұлттық өнерін бойына сіңіру керек. «Шаңырақ, домбыра, ою – өрнек және т.б.» ұғымдарын бала туған сәттен бастап түсіндіру, баланың бойындағы жеке қабілеттерін ашу үшін түрлі шараларға, үйірмелерге қатыстыру қажет. Сонда ғана баланың бойында өзіне сенімділік, білімге деген құштарлық оянады.

«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды». Абай қазақ халқы сауатты болу, үлкен жетістіктерге жету үшін орыс тілін үйрену керек деген. Бүгінгі қазақ жастары ана тілімен қатар орыс тілін де жетік меңгереді. Бұл – үлкен жетістік. Себебі орыс тілін білу арқылы қазақ балаларының рухани байлығы, білімі, дүниетанымы да артады. Орыс тілі – ұлтаралық қарым – қатынас қызметін атқарады, ол тіл арқылы біз басқа елдердің, ұлттардың мәдениетін, ғылыми жаңалықтарын түпнұсқада оқып, біле аламыз.

«Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» / «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі». Орыс тілі бүкіл әлемді тануға мүмкіндік береді. Бала жан – жақты даму үшін түрлі саладан негізгі білімі болу керек. Ол білімді тек кітаптардан алуға болады. Орыс тілін білу арқылы қазақ баласы кез келген жағдайда өзін еркін сезінеді. Орыс тілін дүниежүзілік қазынаға қол жеткізу құралы ретінде қарастырылуы керек.

«Дінге де жақсы білгендік керек». Иmandылық – қазақ отбасындағы тәрбие негізі. Діни құндылықтарды қалыптастыру барысында өскелең ұрпақты адамгершілікке, инабаттылыққа, батылдыққа, қиын сәттерді жеңе білуге үйретеміз. Баланы жастайынан өз ұлтының салт – дәстүрлерін сақтауға үйрету, олардың маңыздылығын түсіндіру өте маңызды. Яғни, салт – дәстүрлер мен әдет – ғұрыптар – өмір айнасы. Олар адамның қоғамдағы орнын дұрыс анықтауға, оң санасын қалыптастыруға, өткенді құрметтеуге тәрбиелейді.

«Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке – шешесін, ағайын – жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады». Баланы болашақ ел азаматы ретінде тәрбиелеу керек. Нағыз азамат өз қамын ғана емес, сонымен қатар, өз ата –

анасын, тұған – туысқандарын, дінін құрметтеуі тиіс. Бүгінгі қоғамда жастарды бұрыс жолға түсіретін құмарлықтар өте көп. Солардың бірі – жағымпаздық. Осы дертті жою үшін балаға еліміздің мақтан тұтатын, үлгі болатын тұлғалар туралы кітаптар оқып, фильмдер көрсету керек.

«Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді». Қазіргі кезде қазақ балаларының басым бөлігі орыс мектептерінде білім алуда. Бұл жағдайдың оң жақтары да, теріс жақтары да бар. Орыс мектебін таңдаған ата – аналарда «менің балама көп мүмкіндіктер ашылады» деген пікір қалыптасады. Орыс мектебінде оқыған қазақ баласының бойында қазақылық қасиеттер толығымен қалыптаспай қалуы әбден мүмкін. Бүгінгі ата – аналар осы сәтті назардан қалдырмауы тиіс. Үйде, мектепте қазақша сөйлемеген қазақ баласының болашағы не болар екен?!

«Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек». Әрбір баланың арманы болады. Арманға жету тиімді жолдарының бірі – баланы жасына адал еңбекке үйрету. Белгілі бір істі, өнерді игерген адам өмірде ешкімнен тәуелді болмайды. Ол кез келген жағдайда өзін сенімді, батыл әрекеттер жасауға дайын болады.

«Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата – анасы, ағайын – туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын?» Бала білімнің не үшін керек екендігін дұрыс түсіне білу керек. Білім адамға басқа елдің тарих, мәдениетін білу үшін, өзін басқалармен тең сезіну, өз халқына тірек және қорған болу үшін маңызды. Кейбір ата – аналар баласының бойында білімге деген теріс пікірлердің қалыптасуына себепші болады. Байлық, жағымпаздық, ақша – өмір негізі дегенді үгіттеуде. Оның нәтижесі – жемқорлық мәселесінің туындауы. Керісінше, тұрмысы төмен ата – аналар баласының білім алуына барлық ағдай жасауға тырысады.

«Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын?» Өкінішке орай, бүгін де бұл мәселе бізді қатты толғандырады. Оқу орындарында ауқатты ата – аналардың балалары да білім алып жатыр. Бірақ олардың оқуға деген қызығушылықтары жоқ, олар төрт – бес жыл уақытты босқа өткізіп, жоғары білім туралы құжатына алып шығады. Болашақта сол балалар мамандығы бойынша жұмыс істей ме екен? Дегенмен, олардың көбі жақсы қызметке орналасып, елді басқарады.

«Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» Білімді жастар – елдің ертеңі. Қазақ елінің еңсесі биік болсын десек, жастардың бойында білімге деген құштарлықты дамытып, білім беру саласындағы жаңа оңөзгерістерді қолдауымыз қажет.

25 – ші қара сөзін талдау арқылы интеллектісі жоғары ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Абайды терең тану – адамның өзін – өзі тануы. Адам

өзін – өзі тану арқылы дұрыс әрекеттер жасап, бойында дұрыс құндылықтар қалыптастыра алады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан – ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға», – деген болатын.

Қорыта айтқанда, ұлы ақын Абайдың шығармалары тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзат баласының рухани өмірін жан – жақты байытты деп айтуға тура келеді. Өйткені Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтиды. Оның қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасы. Бұл – классикалық үлгідегі өнегелі ойлар жиынтығы.

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды насихаттайды, олар: кісілік, мәдениет, ізгілік. Абайдың қара сөздері – аса құнды еңбек. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі өз мәнін жоғалтқан емес. Абай атамyzдың асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Абай ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде бағалы, оны жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Қасым – Жомарт Кемелұлы өз мақаласында: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірігуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық болуы тиіс», – деген болатын. Абайдың әрбір қара сөзінде өткен бабалар арманы мен өсиеті жырланған. Сол өсиеттер бүгінгі ұрпақтың санасын н, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағын қалыптастыру үшін өте маңызды. Себебі қазіргі заманғы қазақ жастары – еліміздің болашағы. Оларға үлкен жауапкершілік артамыз: талап пен жігері, білім мен іскерлік, ұлттық намыс пен қайсарлық.

Әдебиет:

1. Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. – 2020 жылғы 08 қаңтар
2. egemen.kz: <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>
3. Ыбырайым Б. Ақындар аманаты: Хрестоматия – компендиум. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2012. – 360 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. – 500 б.
5. Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133) 10 тамыз 7 – б.
6. Абай. Қарасөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.
7. Абай. Қалыңелім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 б.
8. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20136>.

УДК 821.132

КРИТИКА В АСПЕКТЕ ИМАГОЛОГИИ В ЛИТЕРАТУРНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ Н. РОВЕНСКОГО

Бейсенбаева А.С.
(СКУ им. М. Козыбаева)

Созданное в XIX веке учение о художественном образе – имагология – тесно связана с рядом других научных дисциплин: психологией, этнографией и др. Она явилась результатом исследования психологии народов и наций всего земного шара. В

литературоведении Казахстана тема национального характера освещена в творчестве Абая, Ы. Алтынсарина, М. Ауэзова, Ш. Уалиханова, и др.

Центральной проблемой имагологии ставится вопрос об инациональном образе в национальной литературе. Имагологическая тематика в полном объеме отражена в прозе. Данный материал в отечественном литературоведении был обобщен М.Х. Мадановой в ее монографии «Актуальные вопросы литературной компаративистики».

Компаративистика занимается исследованием межнациональных связей в литературе и типологических сходжений. Компаративистика охватывает социальные, экономические, цивилизационные исторически сходные жизненные условия возникновения типологически сходных мотивов, сюжетов, образов.

Мухтара Ауэзова можно считать первым компаративистом в Казахстане. «При благоприятном стечении обстоятельств, – пишет М.Х. Маданова, – он вполне мог бы целенаправленно оформить свои высказывания и взгляды по литературной компаративистике. Но этому мешало множество объективных обстоятельств. Сама система общества тормозила развитие литературно – компаративистских идей».

Рассуждения ученого, этнографа Шокана Уалиханова по поводу национального характера представляют большой интерес в аспекте сравнительного литературоведения. Рассуждая о характере народов, он приходит к выводу, что природа влияет на характер народа. Характер горцев порожден горным воздухом: «Они, рождаясь, уже борются с природой, каждый шаг его есть риск. Вокруг стоят твердые, угрюмые скалы, внизу пенится, шумит, ревет, ворочает камни горная река». Ученый говорит о том, что «нет возможности жить в горах и быть народом веселым, беззаботным», потому что «то вас поражает великолепный водопад, то какая – нибудь пропасть устрашает теснотой, то громадные скалы, ревущие реки – все как – то сердито». А вот спокойствие и широта степи порождают абсолютно противоположные черты характера казахского народа: «Там свобода, счастье... Широкая река или необъятное озеро тихо струят свои гладкие и светлые воды; утки, гуси, лебеди гордо плавают на водах, поднимают гомон, шум, но все это дружно... Всюду жизнь...».

Ценность творческого наследия Ш. Уалиханова, по мнению русского критика Казахстана, только возрастает с каждым десятилетием, потому что «в истории каждого народа есть имена, есть трагические судьбы, сплавленное из подвижничества и незащищенного благородства, из горя и славы. Такой сплав обязательно становится общечеловеческой духовной валютой, которая никогда не девальвируется». Для характеристики произведений Ш. Уалиханова критик использует хронотоп, потому что казахский этнограф постоянно в пути. Вот как описывается путь его судьбы: «Он не остался в прошлом, он живет во времени, в истории. Идущим к вершинам». Все это есть в статье Н.С. Ровенского о Ш. Уалиханове, о его духовной загадке, «столь неожиданно для того времени соединившего в себе великий и просвещенный ум, страдающую совесть и чувство вины перед своим несчастным народом».

Другая группа вопросов, которые изучают компаративисты – литературные связи. Работы по имагологии тесно связаны с проблемой литературных связей. Вклад критика Казахстана Николая Ровенского в сравнительное литературоведение огромен. Исследованы русская и казахская литература, рассмотрены их взаимосвязи, взаимопроникновения культур. Концепты разных культур, соприкасаясь, способствуют взаимообогащению.

Отражение казахской тематики в узбекской, киргизской и др. литературах можно найти в коллективных сборниках. В данном направлении работали К.Р. Нурғали, М.Х. Маданова, С.В. Ананьева, А.К. Тусупова и др. По словам М.Х. Мадановой «Проблемы инационального образа людей, жизни и образа соотечественника в зарубежной литературе – это достаточно деликатные темы, и необходимо прежде всего

выработать методологию изучения инонационального образа в родной литературе, чтобы подойти к этому вопросу научно – объективно... Решение этих проблем должно учитывать диалектику восприятия инонационального образа»

Критик выступал против серости, против слабых произведений. Он, обладая огромной эрудицией, был принципиален и резок. Он великолепно знал не только классическую, но и современную литературу. Сопоставительный подход к литературе помогает свободно проводить параллели между казахской поэзией второй половины XX века и литературой других народов.

Как ученый – компаративист Н. Ровенский оценивал не только произведения художественной литературы, но и все значительные книги авторов Казахстана в области литературоведения.

В поле зрения Н. Ровенского – критика попадают и академические труды. В них «собран и приведен в систему интересный литературный материал, безусловно, расширяющий наши представления о русско – казахских литературных связях». Очень важную мысль высказывает русский критик Казахстана, считающий, что нельзя анализировать русскую литературу отдельной республики вне контекста развития большой русской литературы, без сопоставления «с достижениями современной русской литературы, с опытом русских мастеров художественного слова». «А без этого невозможно установить меру художественной ценности рассматриваемых произведений, определить, что в них оригинально, а что подражательно». Пишет он деликатно, так речь идет об академическом издании. Призывает критику к расширению идейного кругозора художника и совершенствованию его мастерства.

Не так просто объединить критику и литературоведение. Н. Ровенский предлагает для этого целую программу возвращения изъятых из литературы ряда крупнейших имен, «Нужно было преодолеть догматизм известного периода и создать условия для свободного творческого обмена мнениями, нужно было выработать более широкий взгляд на советскую литературу, уточнить и пополнить представления о социалистическом реализме. Иначе произведение, забракованное критикой, умирало и для истории литературы. Наконец, нужно было возвращение ряда крупнейших имен, несправедливо изъятых из литературы, чтобы критика и литературоведение могли во всей полноте увидеть наличие и разнообразие художественных средств социалистического реализма. Без этого наука не могла верно ориентировать критику, поэтому критика часто вступала в разлад и с живым литературным процессом, и с наукой о литературе».

В 70 – е годы XX века критика и литературоведение стали сближаться. Стали издаваться книги о современной литературе, обоснованные данными науки. Сложились новые критерии. Казахский роман ищет самостоятельные художественные пути и Н.Ровенский видит своеобразный эстетический опыт. Одну из главных причин критик обнаруживает в том, что «казахская литература в период культа понесла тяжкий урон... и невозможно было создать полную и разностороннюю ее историю. А, как известно, без истории предмета нет и теории предмета».

Эстетику литературы Н. Ровенский оценивал, опираясь на творчество прозаиков и поэтов. Он высоко ценил «Тернистый путь» С. Сейфуллина, «Школу жизни» С. Муканова, «Однажды и на всю жизнь» Г. Мусрепова, «Опасную переправу» И. Есенберлина. Для критика сама история литературы – сюжет захватывающий, социально – бытовой, драматический, иногда трагический. Вершиной современной прозы он считает роман «Путь Абая» М. Ауэзова.

Н. Ровенский считает образцом литературоведческого анализа статью М.К. Каратаева «Путь к подвигу» о романах М. Ауэзова «Абай» и «Путь Абая», потому что в ней романы охарактеризованы в целом и дано определение: первая казахская эпопея. Критик восхищается талантом М. Ауэзова. Это результат большого писательского подвига, силы воли и терпения, поисков, кропотливой работы и творческих размышлений.

В первую очередь, критик не может быть равнодушным, спокойно и бесстрастно «разбирать» произведение и комментировать замысел писателя. Не таков казахский критик, автор книг и статей о родной литературе. Он «радуется, досаждает, восхищается, отвергает, ищет причины неудачи, обобщает, размышляет над сложными эстетическими категориями».

Как только появилась группа литераторов – казахов, пишущих на русском языке, критик обращает внимание на их творчество, совершенно справедливо полагая, что «Б. Момыш-улы, А. Алимжанов, О. Сулейменов – остаются казахскими писателями, воспринимающими мир и выражающими его так, как свойственно казахам».

Исходя из шкалы ценностей, предложенной российским ученым, Н. Ровенского можно с полным правом считать критиком – профессионалом. Итак, то, что важно для нас: другой контекст восприятия и напоминание о масштабе таланта.

Современная казахская проза многообразна и в жанровом отношении, и в индивидуальных проявлениях. Н. Ровенский пишет о смещении художественных ориентиров, о доведении принципа тематизма до крайности, о преобладании пересказа содержания книг над их анализом.

Настоящий писатель и поэт, драматург и публицист найдут свое место в литературном процессе. Плохие стихи «не просачиваются, а прорываются в печать, не встречая разумно организованного сопротивления. Бывает, что талантливое, выстраданное художником произведение отвергается более решительно, чем посредственные и даже примитивные творения», – отмечает критик в следующей статье. Он размышляет об огромном количестве издаваемых стихов, многие из которых так похожи друг на друга, потому что создаются по рецептам ремесленничества. Это приводит к косности, утрате личности и бездумности, что очень опасно для поэзии. Н. Ровенский разделяет опасения по этому поводу А. Тарковского, призывающего к тому, чтобы читатель и слушатель умели отличать хорошие стихи от плохих: «Надо воспитывать эстетический вкус аудитории писателя. Это и значит – относиться с уважением к своему искусству, потому что без читателя, без слушателя наилучший поэт – мнимая величина. Поэтический дилетантизм расцвел у нас не менее пышно, чем подлинная поэзия». Помочь отличить хорошую поэзию от средней, заметить поэтический талант с первых сборников – в этом и состоит задача критика.

Н. Ровенский никогда не делил поэзию на центральную и периферийную, призывая и критиков любого уровня оценивать каждую изданную книгу по главным эстетическим категориям: «Если мы хотим избавиться от претенциозности и невежественных самообольщений, мы обязаны каждую книжку, в каком бы городе она ни вышла, кем бы она ни была написана, проверять главными эстетическими категориями».

Центральным издательством Казахстана было и остается «Жазушы», поэтому и сборники стихов, увидевшие свет в этом издательстве, становятся главным объектом исследований Н. Ровенского. Речь пойдет о стихах «исследующих и описательных, гражданственных и манерно – эстетских, поисках – плодотворных и бесперспективных, сочинениях, лишенных поисков, свидетельствующих о низкой душевной и литературной культуре». Для нас очень важен взгляд на русскую, казахскую, уйгурскую поэзию и литературу русского критика Казахстана, представителя русской культуры.

На каждой странице книг Н. Ровенского содержатся ценные замечания и обобщения не только о конкретном поэте и писателе, о конкретном произведении, но и мысли более широкого плана. Например, «во все времена критик искал в стихах, если они, разумеется, написаны талантливо, общественное звучание, конфликтность, идущую от раздумий о жизни, правду человеческих чувств, мягкую романтическую интонацию».

Поэт узнается «не по гладким, ловко составленным строчкам, а по новизне его мысли о жизни, о своем времени, о человеке. Именно она обеспечивает поэту (а не просто стихотворцу) оригинальность в слове, красках, музыке. Художественное своеобразие

идет не от стихийного, бессознательного самовыражения, это осознанная, управляемая категория», – пишет Н. Ровенский.

Особое внимание уделял русский критик Казахстана творчеству казахских поэтов на русском языке. «Мы привыкаем к словам, упрощаем их до плоской однозначности, перестаем чувствовать и воспринимать «вертикальный» разрез слова – отложившиеся в нем этнографические, психологические, исторические пласты... Искусство, поэзия без ощущения многослойности слова немыслимы. Бывает, что поэту приходится создавать большое многоплановое произведение, чтобы раскрыть содержание, исторический смысл отдельного слова». Так, в поэме Жубана Молдагалиева «Я – казах» показана смысловая и историческая емкость одного слова, что требует знания истории родного народа, его духовных качеств, умения точно определить его место в современном мире. Поэма потребовала «длительной и упорной исследовательской работы, освоения богатого опыта предшественников, поисков выразительных средств, равноценных столь обширному замыслу».

Говоря о настоящих критиках, Н. Ровенский подчеркивает, что они, «обида не страшась, не требуя венца», анализируют литературный процесс, приветствуют приход новых талантов, раскрывают художественные достоинства выдающихся произведений, потому что одарены глубоким пониманием истинных художественных ценностей. Их книги и статьи не только информируют о литературном процессе, но и несут нам «радость узнавания своеобразных художественных способов отражения жизни».

Таким образом, специфика литературной критики в ракурсе имагологии еще не исследована в казахстанском литературоведении в полном объеме. Появились новые интересные работы в области имагологии: Н.О. Джуанышбеков «Свет Пушкина в Казахстане», З. Сейтжанов «Қытай жэне Монғолиядағы қазақәдебиеті» и др. Н.О. Джуанышбеков выявляет контактно – типологические связи творчества А. Пушкина с произведениями казахской литературы в контексте проблем современного сравнительного литературоведения. В лирике М. Жумабаева тема природы освещается с такой же поэтической силой, как и в поэзии А. Пушкина. Легко обнаруживаются контактно – типологические связи образа узника в поэзии С. Сейфуллина и А. Пушкина, аналогии образов орла и тулпара. Особенно наглядны, по мнению Н. Джуанышбекова, аналогии и параллели свободолюбивых мотивов в творчестве А. Пушкина и С. Сейфуллина.

Критик иной национальности и его взгляд на культуру и литературу иной национальности очень ценны. Суждения представителя другой культуры обладают преимуществами, которыми он оценивает явления художественной действительности со стороны, в контексте развития всей мировой культуры. Он сопоставляет, проводит исследования, творческие параллели. Но самое главное – его оценка, объективный взгляд позволяют дать более широкую картину развития литературного процесса, показать его влияние на развитие культуры и литературы соседних стран.

Концепты разных культур, соприкасаясь, способствуют взаимообогащению.

В статьях Н. Ровенского наблюдается важный момент: о казахских ученых – просветителях пишут русские исследователи – романист и критик. Это очень важно с точки зрения имагологии.

Литература:

1. Маданова М.Х. Актуальные вопросы литературной компаративистики. – Алматы: Ғылым, 1999. – 350 с.
2. Проблемы современного сравнительного литературоведения /Под ред.: НА. Вишневской и А.Д. Михайлова. – М.: ИМЛИ РАН, 2004. – 96 с. – С.23 – 27.
3. Ровенский Н.С. Казахские поэты на русском языке // Ровенский Н.С. Назначить себе высоту. Литературные портреты, статьи, размышления. – Алма – Ата: Жазушы, 1973. – С.40 – 52.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Габдулина М.Г., Аубакирова А.Е.

(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Тәуелсіздікке қол жетіп, дамудың жаңа жолына түскен әрбір халық ұлттық сана – сезімін, бітім – болмысын ана тілінде сезінеді. Өз тілін өзге тілден айыра, ажырата біліп оның даралығын, қадір – қасиетін арттырып, байыта түсудің шараларын белгілейді. Тіл дамытуды саналы реттеудің өзіндік арнаулы тетігін жасайды. Ал оның басты шарттарының біріне терминологияны жүйелеу, жетілдіру ісі жатады. Өйткені әлемдік тәжірибеде қандай да бір тілдің қоғамда қызмет етуі, әсіресе осы заманғы ғылыми – техникалық прогресс пен саяси өмірді қамтамасыз етуге жарамды болуы, оның өзіндік терминологиясының қалыптасуына байланысты бағаланады.

Ақпаратты қолдану мәселесі қазіргі кезде ғылыми техникалық дамудың маңызды факторы болып есептеледі. Сонымен қатар олар тілге де ерекше әсер етеді. Себебі қоғамдық үрдістер мен адамдардың қол жеткізген жетістіктері тілдің қатысуымен жүзеге асып, міндетті түрде тілде көрініс табады. Сондықтан тілді зерттеуші ғалымдар «тілді – қоғамның даму барометрі, қауымның дамуы тілде бейнеленеді» дейді. Осы тұрғыдан келгенде, тіл – адамдардың мәдениетпен алмасуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге қоғамдық жұмыстарда да маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Соңғы 30 жылда ғылым саласындағы жаңа терминдер саны тез өсті, оларға Ресей ғалымы В. Гак өз еңбегінде: «неогендік» деп сипаттама беріп, тілдің «неологиялық бумнан» өтіп жатқанын дәйектейді. Соған байланысты халық шаруашылық құрылымының күрделенуі, халықаралық байланыстардың дамуы, халықаралық сауда – саттықтың ұлғаюы, ғылыми техникалық кәсіпкерліктің бірігуі, терминологияның зерттелуі терминдердің оңтайлануына әкеледі. Ол дегеніміз терминдердің моделін, үлгісін іздестіруге, белгілі заңдылықтардың орнығуына, әр түрлі терминжасам құрылғыларын пайдалануға, жалпы терминологияның даму үрдісін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі терминдерді жан – жақты зерттеу маңызды шарт болып табылады. Себебі қазіргі таңда терминология ғылымның әр саласының дамуын көрсетеді, жаңа үрдіс пен заңдылықтарды анықтауға Бүгінгі күні қоғамдағы ғылыми техникалық даму терминжасам ғылымына да зор әсер етуде. Табиғатта жаңа құбылыстардың ашылуы, ғылым мен техника салаларының қалыптасуы, олардың дамуы ұдайы жаңа терминдердің пайда болуына алып келеді.

Терминологияға қатысты мәселелер орыс және шетел ғалымдарының зерттеу материалдарында қарастырған Ресей ғалымдары В.Г. Гак, М.И. Фомина, Ю.К. Волошин, М.М. Каплина, А.Г. Лыков, Н.М. Шанский, А.В. Суперанская және т.б. ғалымдардың жұмыстарында терминологияның жекелеген мәселелері қамтылады, жаңа атаулар мен мағыналардың қалай, қандай қоғамдық жағдайда өзгеріске түсетіндігі айтылады. Шетел ғалымдары Г. Рондо, Д. Хамли зерттеулерінде әртүрлі салалардағы жаңа терминдер көрсетіледі.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсыновтың, Қ. Жұбановтың, С. Аманжоловтың, М. Балақаевтың, Ө. Қайдардың, Ө. Айтбайұлының, Ш. Құрманбайұлының еңбектерінде терминологияның жалпы мәселелері, сонымен қатар жаңа атаулардың жасалу жолдары, басқа тілден термин ретінде сөз қабылдау сияқты мәселелер қарастырылады.

Тілдің қолданыс аясының кеңейіп, арнаулы салаларда қолданыла бастауына байланысты әсіресе, оның лексикалық қорында көптеген өзгерістер болады. Соңғы жылдар көлемінде қазақ тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып,

сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар қосылды. Жалпы жұртшылықтың көз – құлағы үйренісіп, жаппай қолданысқа көшкен атаулармен қатар, бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған сөздер де аз емес. Мысалы: социолект, демолект.

Грек, латын негізінде жасалған неонимдердің қатарына ономастика терминдері кіреді. Ресей ғалымы Н. Подольскаяның пікірінше, бұл ғылыми бағыттағы терминологияның 90% грек, латын термин элементтерінің негізінде жасалған. Ал қазақ тіл білімінде орыс тілі арқылы еніп өзгеріссіз қолданылады. Ономастикалық неонимдер мынадай қалып бойынша қолданылады. Мысалы: элемент + оним: гидроним, антропоним, *элемент+икон* /тізім, сөздік дегенді білдіреді/, гидронимикон, антропонимикон.

Баспасөз бетінде жиі кездестіруге болатын – *iste*, – *isme* жұрнақтары зат есім сөздерден жасалады. – *iste* жұрнағы көбінесе жалқы есімді білдіретін белгілі бір саяси және ғылыми ағымға немесе жаңа мамандыққа тиесілі. Мысалы, *gliogiste, enseigniste, neoniste, terroriste*; Зат есім, сын есім, етістік тудыратын – *isme* жұрнағы өнімді жұрнақ болып саналады: *terrorisme, nutritionisme*; Бұдан аңғаратынымыз – *iste*, – *isme* жұрнақтарының семантикалық және морфологиялық жолмен жасалуы.

Тіл білімінің дербес бағыты ретінде социолингвистика 20 ғасырдың орта кезінде қалыптасты. Бұл саладағы неонимдер көбінесе грек, латын терминдік элементтерін және терминжасам қалыптары қолданылады. Осының ішінде өнімді қалып болып саналатындар *глоссия, лект* элементтерінен құрылатын терминдер. Мысалы: диглоссия грек. Қоғамда екі не бір тілдің екі формасының әр түрлі функционалды ортада бір мезгілде өмір сүруі. Диглоссияның қостілділік пен көптілділіктен айырмасы оны қолданушылардың әлеуметтік сипаты жағынан әр түрлі дәрежеде болуында. Осы элемент құрамына кіретін өнімді терминдік қалыптың негізін құрайды. Мысалы: эндоглоссия, экзоглоссия, этноглоссия. Социолингвистикалық зерттеулерде диалект терминінен алынған *лект* элементі құрамына кіретін қалыптар пайда бола бастады. Мысалы: социолект, демолект.

Қазіргі уақытта қазақ терминдерін қалыптастыру барысында қазақ тілінің бар байлығын сарқа пайдалана отырып, жаңа терминдер жасау, бұрынғы интертерминдерді аудару ісі, салалық терминология мәселесі қарастырылуда. Терминология мәселесімен белсене араласып жүрген ғалымдардың зерттеу еңбектері қазіргі қазақ терминологиясының бағыт – бағдары болып отыр. Соңғы жылдары Шерубай Құрманбайұлының терминология саласында жүргізген зерттеулері баршылық әрі өте құнды. Ол терминология жайында, қазақ тілінің терминқор құраушы негізгі лексика көздері, терминжасам тәсілдері, қазақ терминологиясының бүгінгі жайы мен болашақтағы дамуының бағыт – бағдары туралы зерттеу жүргізді, соның ішінде жүйелілікке де назар аударған [1, 55 б].

Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлік қарым – қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады. Кейінгі жылдары да бұл тәрізді бір тектес ұғымдардың өзіндік ерекшелігін көрсетіп бере алатын үлгілес терминдердің жасалып жүргендігін айту керек. Мысалы, солардың қатарына тілші ғалым Ә. Жүнісбек жасаған фонетика терминдерін жатқызуға болады. Олар – *м*, – *ым*, – *ім* форманттары арқылы жасалған терминдер. Бұл терминдер қатарына үндесім (сингармонизм), жуысым (шелінность), тоғысым (смычка) сияқты терминдер де кіреді. Мұндай терминдерді терминологиядағы жүйелілікті бұзып тұр деуге ешқандай негіз жоқ.

Терминдер, терминдер жүйесі, жалпы терминология мәселесі тілдің лексикалық құрамындағы бүтін бір проблема ретінде көптен бері зерттелініп келгендігі белгілі.

Оларды зерттеп, құрастыруда тіл мамандары да, басқа да ғылым салалары өкілдерінің біршама еңбектері қарастырылды. Соңғы жылдары ғылым мен техниканың белгілі бір салалары бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды салыстыру арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте әр түрлі деңгейдегі оқулықтар, ғылыми еңбектер мен баспасөз беттерінде түрліше қолданылып жүр. Терминдердің қалыптасу процесінде грек – латын термин қоры жетекші орын алады. Грек және латын шығу терминдері мәтіндегі күрделі семантикалық – концептуалды қатынастарға енуге қабілетті. Гибридтік терминдер де өте кең таралған, яғни. көп тілділікке негізделген терминдер. Мысалы, аффикссіз жол, вербальды презентация, модульдік мағына, болжамды қосындылар, халықтық этимология, т.б.

Қазіргі уақытта, «терминдердің басып қалуы» жағдайында (тілде пайда болып отыратын жаңа сөздердің 90% – дан артығын терминдер құрайды). Лингвистикалық терминология, бір жағынан, жоғары дәрежеде консервативті (не сонау антиктік кезеңде пайда болған терминдерді қолданады), ал екінші жағынан – бұл ашық, үнемі түрде толықтырылып отыратын жүйе. Мамандардың есептеуі бойынша, орыс, ағылшын, француз тілдері сияқты тілдердің неологизмдерін тіркеп отыратын сөздіктерде жаңа сөздер мен мағыналар 50% бастап 80% дейін құрайды [2, 121 б].

Қазіргі жағдайда лингвистикалық терминологияны сапалы жаңарту басталды. Терминология барлық дәстүрлі әдістермен жаңартылады, талданған терминдердің көпшілігі (90% – дан астамы) греколатиндік дәстүрге жататын сөздер. Ғылым мен қызмет өрісінің түйіскен жерінде жаңа білім салаларының туу дәуірінде, синтез дәуірінде танымдық, философиялық, прагматикалық парадигмалар шеңберінде интегративті сипаттағы терминдердің үлкен қабаты пайда болды. Олар жаңа ұғымдарды көрсетеді. Қазіргі қазақ тілінде терминдер санатына өтетін көптеген номенклатуралық бірліктер пайда болды, жүйе ұғымының өзі кеңейді, терминдердің қарым – қатынасқа ауысуы байқалады, жаңа белгілер пайда болды. Лингвистиканың өзінде бастапқыда лингвистикалық емес терминдер пайда болды, мысалы, концептология, т.б.

Қазіргі ғылыми стильде терминологиялық жүйелер арасында алмасу жүреді. Ақпараттық қоғамдағы лингвистикалық терминология терминологияда болып жатқан жаңа үдерістерді көрсетеді. Онда сөздіктерді құру мен пайдалану үшін компьютерлік бағдарламалар мен технологияларды қолдану үрдісі байқалады. Лингвистикалық терминология жаңа терминдерді сіңіреді, соған байланысты терминологияда жаңа терминологиялық бірліктерді сипаттау міндеті тұр.

Лингвистикалық терминология – ішкі жүйелерден тұратын күрделі жүйе. Тілде пайда болатын жаңа лингвистикалық мектептер мен бағыттардың терминдері терминологиялық дәстүрлерге бағытталған. Қазіргі лингвистикалық терминология әр түрлі топтар мен топшалардан тұрады: дәстүрлі лингвистикалық терминдер, тілдің жалпы теориясы ұғымдарын білдіретін терминдер, әдебиеттану терминдері, мәтіндік лингвистика терминдері, риторикалық терминдер, когнитивті, прагматикалық шеңберде пайда болған терминдер, философиялық парадигмалар және басқалар. Ғылыми стиль ХХІ ғасырда әр түрлі өзгерістерге ұшыраған дәстүрлі лингвистикалық терминдердің кең қабатын сақтап қалды. Өткен ғасырдың соңында сөйлеу мәдениетінің интенсивті дамуы осы білім саласындағы терминологиялық жүйенің кеңеюіне ықпал етті. Қазіргі тіл білімінде әдебиеттану терминдерінің жаңаруы стилистиканың, сөйлеу мәдениетінің дамуына байланысты. Ақпараттық қоғамда лингвистикалық терминология шеңберінде риторикалық идеяларға оралуға байланысты риториканың терминологиялық жүйесінің қарқынды даму тенденциясы байқалды. Соңғы уақытта лингвистикалық бірліктерді зерттеуге әр түрлі көзқарастар үйлескендіктен, лингвистикалық терминология сабақтас ғылымдар терминдерімен толықтырылды.

Қазіргі қазақ тілінде когнитивті парадигманың көптеген терминдері жиі кездеседі: когнитология, таным архитектурасы, интерпретация, категориялау, когнитивизм,

когнитивті грамматика, танымдық база, когнитивтік лингвистика, когнитивті метафора, когнитивті психология, когнитивтік семантика, танымдық сфера, қарым – қатынастың когнитивті сферасы, когнитивті теория, когнитивті – дискурсивті парадигма, когнитивті – коммуникативті талдау, когнитивті акцент, когнитивті талдау, компьютерлік метафора, концептуализация, психикалық лексика, модуль, генеративті семантика, психоллингвистика, анықтама, сценарий, сана, кадр, гносеология, т.б. Когнитивизм шеңберінде жаңа түсініктемелер алған ұғымдар: активация, ассоциация, интерпретация, ақпарат, категориялау, стиль (танымдық). Жаңа мектептерді, бағыттарды білдіретін терминдер (когнитивтік лингвистика, когнитивті грамматика, когнитивтік семантика, когнитивті психология, психоллингвистика, жасанды интеллект, когнитивті метафора, антропология, ақпарат теориясы, кибернетика, лингвистикалық деректерді когнитивті өңдеу, кейс грамматикасы, процедуралық семантика, гносеология); когнитивті модельдерді білдіретін терминдер (сценарий, кадр, таным архитектурасы, танымдық модель, танымдық жүйе, концептуалды құрылым, схема).

Қазіргі тіл білімінде прагматикалық парадигманың көптеген терминдері жиі кездеседі (адресат, адресат, агент, контекст, қарым – қатынас жағдайы, тұлғааралық қарым – қатынас, ақпараттық сөйлеу әрекеттері, клишелер, сөйлеу формулалары, директивалар, тілдің прагматикасы, прагматикалық функция, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейі, прагматикалық лингвистика, бастапқы фатикалық реплика (бастапқы байланыс орнататын реплика) прагматикалық деңгей, актант, сөйлеу актілерінің теориясы, прагматикалық). Қазіргі қазақ тілінде көптеген грек – латын терминдері жиі кездеседі. Термин элементтерінің көбі зат есімдерден құралған: – gram, idio – , – glossia, – vok – , – verb – , antrop – , – phon – , – log – , – lee – , – lingu – . Сонымен қатар этимондары префикстер мен предлогтар болып табылатын жиілік элементтері бар: a – (ad –), anti – , de – , in – , co (n) – , re – , trans – , quasi – , post – , retro – , sub – , super – , supra – және басқалары.

Терминдер бір мағыналық термин элементінен, мағыналық және қызметтен тұруы мүмкін, мысалы, сөз тіркесі, форма, морф пен префикс, ингрессивті, мутациялық және т.б. қызмет терминінің мүмкін болатын элементтері бар екі мағыналық терминнің элементтері: морфология, лингвистикалық статистика, лексикология және т.б.

Лингвистикалық материалды талдау нәтижесінде туынды типтегі тізімдерді антроп (о) – (антропоним, антропоцентризм), интер – (интеркоммуникем, интерлингва), пара – лингвистика, парapsихология) терминдерімен толықтыратын жаңа терминдер анықталды. – (социоллингвистика, социолект, социолема), микро – (микротекст, микроконтекст, микротема, микропонимия, микросемантика, микросегмент), макро – (макротекст, макротема, макроэтноним, макросемантика, макросегмент), этно (этнография, этнопсихология, этнонимдер, этнонимдер, поли – (полистизм), – ология (гносеология, когнитология).

Лингвистикалық терминологияда синонимия, дублет, омонимия, антонимия қатынастары бар. Қазіргі қазақ тілінде терминологиялық дублеттер мен синонимдер жиі кездеседі. Лингвистикалық тұлғаны сипаттау кезінде тезаурус пен когнитивті терминдер дублет ретінде қолданылады, ал лингвистикалық бағыттарды сипаттағанда когнитивті лингвистиканың терминологиялық фразасы қолданылады. Терминдердің ерекшелігіне қарай, бір контексте терминдер дублет, екіншісінде синонимдер ретінде әрекет етеді. Семантика мен мағына терминдері синонимдер, бірақ дублеттер емес. Бөлек тілдік бірлік семантикаға ие бола алады, ал мағынасы контексте ғана пайда болады, егер біртұтас мәтін болмаса, мағынасы болмайды. Терминологиялық синонимдердің мысалдарына мыналар жатады: лингвофилософия және тіл философиясы, когнитивті – танымдық (когнитивті лингвистика, Демек, дублеттер бір – бірін толығымен алмастыра алады, ал синонимдер реңктермен ерекшеленеді.

Жаңа ғылыми стильде терминдердің бір саладан екіншісіне ауысуы мүмкін, яғни транстерминологизация жүреді. Транстерминологизация нәтижесінде салааралық

омонимдер пайда болады. Мысалы, изоморфизм термині математика мен лингвистикада, логос – тіл білімінде, философияда, математикада, риторикада т.б. Сондай – ақ термин – антонимдер де байқалады: актуализация – деактивация, терминология – детерминология, проклитика – энклитика, индикативті – пассивті және т.б.

Термин элементтерінің қызмет етуі кезінде омонимия құбылыстары байқалады: верб – элементі екі мағынада қызмет атқарады: 1) етістіктің көрсеткіші (превервал, девербативті, постверб); 2) сөзді көрсету (вербалды, вербализация); мета – элемент термині: 1) «жоғары деңгейдегі құрылыс» (метатіл, метатеория), 2) «ауысудың көрсеткіші» мағынасы (метаземия, метатония); синонимдік термин элементтері: екі өлшемділік, қосарлылық» мағынасы бар би – , биполярлық, биномдық; дилогия, диглоссия, дифтонг, дирема; «ғылым» мағынасындағы – графика термині – элемент – ология терминінің синонимі: лексикология, аспектология, түркология, орфография, фразеология, терминология, морфология; антонимдер: «бір бөлікті, бір өлшемділік» мағынасындағы моно (монофтон, монопредикативті, моносемантикалық, моносемия, моносиллаб, монотоникалық) және «көп бөлікті» мағынасы бар поли – термині көп өлшемділік: (полифтон, полипредикативті, полисемантикалық, полисемиялы, полисиллабты, политоникалық); гипер – «артық, жоғары дәреже» және гипо – «әлсіреу, төменгі дәреже» мағынасымен: гипероним, гипоним, гипермәтін, гипотекст, гиперлексема, гиперфонема; макро – «үлкен әртүрлілік»: макросегмент, макромәтін, макро контекст; микро – «кіші» микросегмент, микротекст, микроконтекст; іштей «ішінде болу»: (интралингвистикалық) және экстра – «сыртта болу»: экстралингвистикалық.

Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда тіл мамандарының үлкен маңызы болды. Тіл бүгінгі деңгейіне жету жолы оның тарихына толығу, толысудың әрбір кезеңіне лайықты із қалдырып, сан түрлі жолдармен дамығандығын көреміз.

Терминдерді қалыптастырудағы басты нысана – атаулардың қысқа да нұсқа, мән – мағынасына қарай ұлттық дүниетаныммен үндесіп жататын балама табу дер едік. Сондықтан да әрбір ұсынылған терминдерді қолданыс барысында таңдап, ой елегінен өтуін қадағалап отыру қажет. Себебі терминдік атаулар тек қолданыста ғана қалыптасады.

Әдебиет:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2012. – 228 б.
2. Лейчик В.М. Новое в науке о терминах // Вопросы языкознания. 2003. № 5. 118 – 127б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Нұр – Сұлтан, 2019. – 593б.
4. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман – Пв, 2012. – 392 б.

ӘОЖ 81.367

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҮЙІРЛІ АНЫҚТАУЫШТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Есматова М.Т., Сұлтанова С.А.

(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Сөйлем мүшесі өзі жасалған сөздің құрамына қарай дара, күрделі және үйірлі болып бөлінеді. Дара мүше бір сөзден жасалса, күрделі мүше екі немесе одан да көп сөзден жасалғандықтан солай аталады. Ал үйірлі мүшенің жасалу құрамы жағынан күрделіге ұқсас болып келеді. Яғни, үйірлі мүше күрделі мүше тәрізді екі немесе одан да көп сөздерден жасалады. Бірақ құрылымдық, семантикалық жағынан күрделі мүшеден

ерекшеленіп ажыратылады. Үйірлі мүшені құрайтын сөздер өз алдына предикатты бірлік болатын бастауыш – баяндауышқа бөлінетін жай сөйлем құрамдас болып келеді. Үйірлі анықтауыштар – қазіргі қазақ тілінде етек алып, қанат жайған синтаксистік құбылыс. Үйірлі анықтауыш туралы Г. Байтоғаева «Сложные определительные конструкции от других определений отличаются более широким содержанием, большими возможностями выражать различные оттенки признака определяемого предмета» дейді [1, 23 б]. Бірақ Г. Байтоғаева үйірлі анықтауыштың осындай ерекшелігін көре отырып, үйірлі мүше атаулыны бағыныңқы сөйлемдердің қатарына қосады.

Г. Байтоғаева үйірлі анықтауыштардың жасалуында үш түрлі жолды көрсетеді де, бірінші типіне есімше деген есімшелі көмекші етістігінің байланыстырушылық қызметін алады. Бірақ үйірлі мүшенің (анықтауыштық) жасалуы мұнымен шектелмеуі керек. Қазақ тілінде үйірлі анықтауыштар үйірлі мүшенің басқа түрлеріне қарағанда өте көлемді. Ең алдымен, үйірлі анықтауыштың екі түрлі қасиетіне тоқталу керек. Олар:

1. Үйірлі анықтауыш пен күрделі анықтауышты қалай айыра білу керек.

2. Үйірлі анықтауыш құрмалас сөйлемнің компоненті емес, сөйлемнің тіркесе байланысқан мүшесі.

Бұндай сөйлем типтерін Қ. Жұбанов тек құрмалас сөйлем (ол құрмалас сөйлемді күрделі деп атауды ұсынған болатын) ретінде ғана таниды. Мысалы: «Ал, жұрт мақтайтын жырау – осы» деген сөйлем күрделенген жай сөйлем. Күрделену себебі – жұрт мақтайтын – қандай жырау деген сұраққа жауап беріп, бастауыштық – баяндауыштық қатынаста тұр. Егер ішін жарып қарасақ, бөліп алатын болсақ, онда жеке бір предикаттық қатынаста жұрт – бастауыш, мақтайтын – баяндауыш болар еді. Алайда бұл сөйлемде екеуі қосылып барып, жыраудың анықтауышы болады, өйткені «мақтайтының» тек өзі бұл арада анықтауыш емес, мақтайтын жырау десек, мағынасы өзгеріп, өзін өзгелер мақтайтын емес, өзін – өзі мақтайтын Науаи сияқты құдай ұрған болып шығады, – деп үйірлі мүшелерді құрмалас сөйлемнің компоненті ретінде қарастырған [2, 230б].

Сөз тіркесі әуелі сөйлем мүшесімен байланысты болады. Содан кейін сол сөйлем мүшелері мен ойды аяқтайтын бір единица құрылады. Үйірлі анықтауыш жасаудағы есімшенің қызметін Г. Байтоғаева алты түрлі жағдайда береді.

1. Үйірлі анықтауыш тек қана субъект – предикаттық сөздердің қатынасынан болады. Мысалы: Бегдәлі айтқан сөз есінде болғандықан, ояз қағазының жайын қайтадан анықтай сұрап бастады да, сол қағазды өзі де оқымақ болып қол созды (М. Әуезов).

2. Үйірлі анықтауыш субъект – предикаттық қатынасағы сөздер және басқа да тұрлаусыз мүшелердің қолдауынан болады. Мысалы: Сібірдің бармақтай – ақ шолақ сұлысына бөртіп шығыпты.

3. Үйірлі анықтауыштар дара, күрделі анықтауыштармен қатар келеді. Мысалы: Осылай отырғанда үйге екі көзі қызарған, ұзын бойлы, жуан денелі бір шал кіріп келіп, Ғайшаның қасына отырды.

4. Үйірлі анықтауыш сабақтас құрмалас сөйлемге ұқсас тұрғанымен, ол сөйлем болмайды, тек қана мүше болады. Мысалы: Бұл қызым десе, ол папа деп жатқан Елизавета көз алдына елестегенде, Байжан тұла бойы өртеніп бара жатқандай, жамылып жатқан көрпесін аяғымен серпіп жіберді.

5. Бірыңғай үйірлі анықтауыш күйінде келеді. Мысалы: Жолаушылар қозылар жаңа жамыраған, иттері үріп шулаған, құлындарын шіңгірлеп кісінеген, көп үнді, даңғаза болған ауылдың үсінен шықты.

6. Көсемшелі – есімшелі бірыңғай үйірлі анықтауыштар. Мысалы: Алды қырқаларды асты, арты әлдеқайда келе жатқан жаяулар жолдың бойында қыбыр – қыбыр етеді (С. Бегалин).

Сонымен бірге, үйірлі анықтауыштар төл сөзді сөйлемнен де жасалады. Төл сөз үйірлі анықтауыш болу үшін автор сөзімен арасындағы байланыстырушы сөз де көмекшісіне жалғанған есімшенің – ған, – ген, – тын, – тін жұрнағы ғана болу керек.

Мысалы: «Ғалым болып ешкім тумайды, жетіледі оқумен, шебер боп ешкім тумайды, үйреніп болар оқумен» деген мақал дұрыс айтылған. «Жолы болар жігітке жолдан жолдас қосылар» дейтін әңгіме бар ғой. Осы мысалдардағы мақал – бірінші сөйлемдегі бастауыш, әңгіме – екінші сөйлемдегі бастауыш. Алдындағы есімшелі деген, дейтін деген сөздермен қосылып, төл сөздер қандай? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде үйірлі анықтауыш болған.

Кейде үйірлі анықтауышқа енетін төл сөзді автор сөз ыңғайында айту арқылы да келтіре береді. Мұндайда көсемшелі де көмекші етістік пен есімше қатар қолданылады. Мысалы: Тұрлығұл Медеуден Кеншалғынды даулайды деп етіген хабарға ол сенбеді (І. Есенберлин). Ол қай хабарға сенбеді? деген сұраққа: деп естіген деп жауап бергеннен гөрі анық, ашық болу үшін Тұрлығұл Медеуден Кеншағынды даулайды деп естіген – деп жауап беру әрі ұтымды, ақылға қонымды.

Сонымен, үйірлі мүшелердің пайда болуына «сөйлем мүшелерінің орнынан ауысуына, екінші жағынан, етістік баяндауыштың есімшеге айналуына байланыстыра қараймыз. Үйірлі мүшелердің негізгі белгілеріне мыналарды жатқызамыз:

- 1) Үйірлі мүшелердің тобымен жүріп, бір ғана сұраққа жауап беруі;
- 2) Жай сөйлем мүшелерінен үйірлі мүшелердің интонациялық ерекшеліктерінің болмауы.

Бұл ерекшеліктер үйірлі мүшелердің сабақтастардан ара жігін ажырататын негізгі белгілері деп танымыз. Тағы бірнеше мысал талдап өтейік, себебі жұмысымыз көркем шығармалардағы үйірлі мүшелердің қолданыс ерекшелігіне арналады. Мысалы: Үрлеген желден бетіне ирек түскен, даланы жапқан тұтас қар ол күні жерді бауырына басып жатқан аққудың қанатына ұқсайтын (С. Мұқанов). Қар қандай? Ирек түскен – үйірлі анықтауыш. Тіркесте ирек – бастауыш, түскен – есімшеден болған баяндауыш. Боран мен аяз кезектесіп, бірінің артынан бірі басатын Сібірдің қаһарлы қысында «майтоңғысыз» атанатын кейбір күндер болады (С. Мұқанов). Қандай күндер? – «Майтоңғысыз» атанатын – үйірлі анықтауыш.

Бакытты өмір кезінде Бар әлемде теңі жоқ Бакытты бала туады (Жамбыл). Амантай қабырғаласып соғысып барады деген хабар шықты (С. Мұқанов). Бұндағы үйірлі мүшелер есімше (жап – қан, баса – тын), сын есім (кең), есім (жоқ) және есімше тұлғалы көмекші етістіктерден (деген) жасалғаны көрініп тұр.

Күрделі анықтауыштар мен үйірлі анықтауыштардың айырмашылығына да тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз, себебі оқушылар сөйлем мүшелеріне талдау кезінде осы екі түрін шатастырады. Анықтауыштар басқа сөйлем мүшелері тәрізді, әлденеше сөзден де құралады. Олар өзара берік байланыса тұрған сөз тіркестері болады: ұзын бойлы жігіт, ақ сақалды адам, ши барқыт қамзолды келіншек, өңі сұп – сұр адам, жасы үлкен кісі, т.б. Бұл аталған анықтауыштар – күрделі, себебі зат есімдер мен туынды сын есімдерден құралған. Ол анықтауыштардың құрамындағы сөздердің алдыңғылары соңғыларын анықтап барып, сол сөз тіркесі түйдекті тобымен басқа зат есімді анықтайды. Сондықтан мұндай күрделі анықтауыштарды өзара атрибуттық қатынастағы сөздерден құралған күрделі анықтауыштар деп қаралады. Ал екінші топтағы өңі сұп – сұр, жасы үлкен дегендер зат есім мен сын есімнен құралған. Бұлар өзара анықтауыштық ыңғайда айтылмаған, бірі – бастауыш, екіншісі оның ыңғайында айтылған. Сөйтіп тұрып олар сол оймен басқа заттарға тікелей қатысты болып тұр. Ондай анықтауыштарды предикаттық қатынастағы сөздерден құралған үйірлі анықтауыштар деп қараймыз.

Атрибуттық қатынастағы күрделі анықтауыштар анықталатын заттардың шоғырланған тікелей сапасы ретінде жұмсалады: ұзын бойлы жігіт, ат жақты кісі, т.б. Ал предикаттық қатынастағы үйірлі анықтауыштар анықтайтын сөздерін басқа заттардың сапалары арқылы анықтайды: бойы ұзын кісі, малы көп кеңшер, сен көрген бала, ұяты бар келіншек, т.б.

Күрделі анықауыштар тобындағы сөздер өзара қабыса және матаса байланысқан әр түрлі сөз таптарынан құралады: ақ орамалды, ұзын бойлы, майда жалды, төрт қырлы, ат жақты, ақ күмістей, т.б. Үйірлі анықтауыштар тобының құрамындағы сөздердің бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады да, олар түбір күйінде не тәуелдік жалғауының көбінесе ІІІ жағында айтылады. Ал олардың сыңары сын есім, есімше және бар, жоқ, көп, аз деген сөздер болады. Мысалы: Бұрышта үсі суық таяқ тұр. Аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Талабы жоқ бала білімнен құр қалады. Басы аппақ, денесі керген төстіктей... белгілі Иван келді.

Күрделі және үйірлі анықтауыштар дауыс ырғағы жағынан да бір ритмикалық топ болып келеді. Сөйтіп, үйірлі және күрделі анықтауыштар өзара байланысқан бірнеше сөздерден құралып, сол тұтас күйінде бір сөзді анықтайтын болады.

Үйірлі анықтауыштың жасалуы әр алуан. Үйірлі анықтауыштар есімшенің өткен шақтық түрінен жасалады. Оған мына мысалдарды келтіріп, талдап өтейік.

Алты ай бойы ерлік салқа төрім берген Отырар,

Алты ай бойы алапатта жеңілмеген Отырар

Алты – ақ күнде жермен жексен қирады (М. Шаханов). Қандай Отырар – төрім берген – үйірлі анықтауыш. Отырар қандай? – алапатта жеңілмеген.

Мына сен айтқан көпшілікке әшкере болмаған құпия ғой. – қандай құпия? – әшкере болмаған – үйірлі анықтауыш.

Екі аңшы келе жатқан бөктер бетегелі төскей болаын. Есімшенің келер шағы да белгілі сөздердің тобы белгіленіп үйірлі анықтауыш жасайды.

Кісі болар баланың атынан таны, ат болар тайды бойынан таны (мақал). Ат болар құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер. Қайта кірер есікті қатты жаппа. Кісі бола, ат бола, адам болар – үйірлі анықтауыштар.

Есімшенің ауыспалы шақтық формасы да үйірлі анықтауыш жасағанда басқа сөздерді үйіріп не субъект – предикаттық қатынаста, не предикат басқа мүшелерде жасала береді. Мысалы: Су өтпейтін плащ ілулі тұр. Осы қаланың шетінен елдің көп кернеуі түсіп жүретін жұпыны ғана қора – жай салып алған. Сөйтіп, осы жағада өзі пәтер етіп жүретін Ташкенттік Құрмаштікіне көшті. Осы мысалдардағы үйірлі анықтауыш негізгі туынды сан есімдердің зат есімнен субъект – предикаттық ыңғайдағы тіркесінен де жасалады.

Кішкентай ғана төбесі жабық шыр қорасы бар. Білегі жуан қамшылары қырау жан жал қойларда осылар. Жеке басы ерікі шаруалар азая береді. Азық сарайының жанында бетін екі жаққа түзеп, машина, көлігі аралас екі керуен тұр. Мұндай үйірлі анықтауыштың құрамында басқа сөз бола бермейді. Бұлар субъект – предикаттық қатынаста ғана тұрады. Өйткені бұлар есім құрылымды сөйлемге өте жақын болады.

Зат есім мен сын есімнің субъект – предикаттық қатынаста да үйірлі анықтауыш бола алады. Мысалы:

Қазақ пен қалмақ көрші заман болған.

Жылы жоқ шабысудан аман қалған.

Қара күш сотқарлықпен ел бастаған,

Екі елде аң тәрізді надан болған (М. Жұмабаев).

Іші алтын сырты күміс сөз жақсысын, қазақтың келістірер қай баласы. Асты қызыл кірпіш, үсті ағаш қоңыр шатырлы екі қабат үй айнадай көзге көрікті. Бірқатар үйірлі анықтауыштың құрамында зат есім етістіктен болған туынды сын есімдер де кездесе береді.

Көше жақтан күн түскіш бөлмені таңдап алатын. Сонау жерде құлыны қостаулы, аяғы шідерлеулі торы бие жайылып жүр. Есім құрылысы үйірлі анықтауыштар есімдіктер мен есімдерден де жасалады. Онда біз оқитындай кітап жоқ екен. Мен дүкеннен сен алғандай өрік әкелдім. Үйірлі анықтауыш қызметінде субъект – предикаттық ыңғайдағы керек етіп тұратын көп, аз және осыларға синонимдер бір қатар сөздер қолданылады.

Мысалы: Мұсағұл, Жидебай барақ сияқты үш үлкен қорықты жағалап отырған саны көп, дәрмені аз ғана ауылдарды күн шығыс жақтан бастап күн батысқа дейін шарлап шыққан. Бейнесі көп, берекесі аз өміріміздің шыңы Абай аға. Әсіресе әжімі мол үлкендер пішіні бір қызық хикая тәрізді. Қақаған ақ күмістей кең маңдайлы аласы аз қара көзі нұр жайнайды. Үйірлі анықтауыштар субъект – предикаттық қатынасты құруды қажет ететін бар, жоқ сөздерінің тіркесіне болады.

Қыс ақ кебін, жаз сары
Орманы жоқ, шуы жоқ.
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы.
Сарыарқа деген жерім бар
Неге екенін білмеймін
Сол арқамды сүймеймін (М. Жұмабаев).

Сыпайы жүзі бар, аз сөзді ұстамды Еркежан бұлармен сәл салқындау амандасты (М. Әуезов). түні бойы ұшы – қиыры жоқ мазасыз ойдың ұшығына жете алмай әбден сілесі қатқан Тұрарбектің таң алды ғана көз ілінді. Мешіт медресесімен байланысы жоқ, намазға бас қоймайтын көп қала халқы хабарланды. Ол – басында ақ елтірі жеңіл бөркі бар, кесек мұрын, бурыл сақалды кісі еді.

Қазақ тіліндегі үйірлі анықтауыштар өзі анықтауыштық функциядағы ілік жалғаулы есім сөзін анықтайды. Мысалы: Шаруашылығы өркендеген колхоздардың адамдары да аянбай еңбек етеді. Мұндағы шаруашылығы өркендеген – деген тіркес бірден адамдары да деген бастауышты анықтайды.

Үйірлі анықтауыштың қызметін зат есім мен сан есімнің субъект – предикаттық қатынасы да атқара алады. Мысалы: Алыстағы бес шақырым кеңшарға жақсы жол салынып жатыр. «Үйірлі анықтауыштар анықталушы мүшенің толық деңгейде жан – жақты суреттей анықтайды. Сол себепті үйірлі анықтауыштар мағынасы жағынан суреттеме анықтауышқа жатады» дейді Қ.Шаукенов [3, 676]. Мысалы: Қолына жез құман ұсаған, иығына шетін кестелеген хиуа, сүлгісін жапқан бала жігіт сұлтанның өзіне қарай жақындауын күтіп анадай жерде үн – түнсіз тұр. Елден жаз ортасында шыққан сарбаздар дірдектеп тоңа бастады. Қорыта айтқанда, үйірлі анықтауыштың екі түрлі ерекшеліктерін көрсетуге болады.

1. Анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрақты орын алып тұрады.

2. Үйірлі анықтауыштың екі сөйлемді байланыстырушылық қасиеті болмайды, оның өзі анықтайтын сөзінен мағыналық қатынасы болады. Үйірлі мүшенің қай – қайсысындағы интонация да қарапайым сөйлем мүшелеріндегі интонациямен бірдей болады. Бұлардағы сөйлемдегі интонация болмайды. Мысалы: Өз ішінде шартты түрде бастауыш пен баяндауышқа жіктелетін немесе сын есімдер мен есімше тұлғаларына аяқталатын анықтауыш үйірлі анықтауыш деп аталады. Жаны сұлудың(кімнің?) тәні сұлу. Қабілеті бар (қандай?) оқушы мақсатына жетеді. Қапырық ауаға тұншыққан (қай?) жолаушылар қалың талдың көлеңкесіне келіп саялады.

Үйірлі мүшелер құрамына қарай күрделі сөйлемдерден де болатынына тағы мынандай мысалдар келтіруге болады: Бұл сансыз елді өзіне бағындырып, айбатынан ай жасырынған Темір (Ғ. Мүсірепов). – ған формалы есімшеден болған анықтауыштардың бәрін үйірлі мүшелер деп тануға болмайды.

Қарайтын кісісі жоқ мүгедектерге үй салдырып берді деген сөйлемде қай мүгедектерге деген сұраққа үйірлі анықтауыш – қарайтын кісісі жоқ деген тіркес жауап береді. Өрнек кеңшары – мындаған малы бар, үлгілі фермалары бар бай кеңшар. Бұл сөйлемдегі үйірлі анықтауыш – малы бар, фермалары бар тіркестер.

Үрлеген желден бетіне ирек түскен, даланы жапқан тұтас қар ол күні жерді бауырына басып жатқан аққудың қанатына ұқсайтын. Боран мен аяз кезектесіп, бірінің артынан бірі басатын Сібірдің қаһарлы қысында «майтоңғысыз» атанатын кейбір күндер

болады (С. Мұқанов). Бақытты өмір кезінде Бар әлемде теңі жоқ Бақытты бала туады (Жамбыл). Амантай қабырғаласып соғысып барады деген хабар шықты. Бұндағы үйірлі мүшенің есімше (жап – қан, баса – тын), сын есім (кең), есім (жоқ) және есімше тұлғалы көмекші етістіктерден (деген) жасалғанын көрсеткен.

Үйірлі мүшенің бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады да, олар түбір күйінде не тәуелдік жалғауының көбінесе ІІІ жағында айтылады. Сондай – ақ, үйірлі мүшенің екінші сыңары есімше не бар, жоқ, көп, аз деген сөздер болады. Мысалы: Шоқайұлы өзі аянышты тіршілікте жүріп елін, жұртын аяған жүрегі жылы азамат деп ойлаймын (Д. Досжанов). Аласы аз қара көз нұр жайнайды (Абай). Қыз он беске келгенде, шашынан көп жаласы (Байдалы би). Расында сен көрген күтімді кім көрді? (А. Сүлейменов). Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес (С. Мұқанов). Осы сөйлемдердегі үйірлі анықтауыштар предикаттық қатынаста қолданылған қандай? қай? деген сұраққа жауап беретін тіркестер. Талдап көрсетер болсақ, бірінші сөйлемде Шоқайұлы қандай азамат еді? деген сұраққа – елін, жұртын аяған деген тіркес жауап береді. Келесі сөйлемде қандай көз нұр жайнайды? дегенге «аласы аз» деген тіркес жауап беріп, үйірлі анықтауыш болады. Сол сияқты үшінші сөйлемдегі қандай күтімді? Сен көрген күтімді, қандай үйдің іші – Есіркеп тұрған дегендер де бір сұраққа жауап беріп, есімдік пен есімше, жалқы зат есім мен есімшенің тіркесінен жасалып тұрған үйірлі анықтауыштар болады.

Үйірлі анықтауыштар деп аталатын синтаксистік топ өзінің мүмкіндігіне қарай сөйлем құрамына ұқсас болады: *Төменде жалғыз қабат төселген сәкі, басқа жасталмай қабырғада ілулі тұрған қынама бел шинельдер, фуражкалар, мойынға асатын былғары сумкалар, іргеде тұрған радиола, стол үстінде қатарынан жанған үш шырақ, жалпы вагон ішіндегі кеңістік* – мұнда командирлер келе жатқанын аңғартады (Т. Ахтанов). Осы мысалдағы курсивпен берілген анықтауыштық топтардың қайсысы да өз ішінде жіктеліп, сөйлем мүшелерінің қызметіне ұқсас мәнде жұмсалған. *Төменде жалғыз қабат төселген (сәкі) тобын баяндауыш (төселген) және пысықтауыш (төменде, жалғыз қабат) мүшелерге ажыратып қарауға да болар еді.* Бірақ мұндай синтаксистік топтар сөйлем құрамындағы бір сөзге ғана қатысты болып, сонымен бір ритмикалық топта айтылып, бір ғана сөздің қызметін атқарады.

Әдебиет:

1. Байтұгаева Г.И. Сложные определительные конструкции в современном казахском языке. – Алма – Ата: Учпедгиз. 1972 г. – 60 стр.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1986. – 356 бет.
3. Шаукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: 1991. – 128 бет

ӘОЖ 81.42

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МӘТІННІҢ ТҮРЛЕРІ

Есматова М.Т., Курманова М.Е.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Білім жүйесі қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым өзгеріп отырады. Қазір Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңістігіне ену табалдырығында. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа, мазмұны жоғары деңгейде білім беру қажет. Қазақстан алғаш рет оқушылардың сауаттылық білімін анықтайтын

халықаралық бағдарламаны 2009 жылы, келесінін 2012 жылы қабылдады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысымен бекітілген «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары» Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде қабылданды [1].

Жолдауда білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай, алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын айқындау жөнінде нақты тапсырма берген еді. Бүгін Қазақстан мектептерінде тұлғаның дамуы білім беру стандартында белгіленген басым бағыт болып отыр. Оқушының білімді, шеберлікті және құзыреттілікті өз бетінше меңгеруіне мүмкіндік беретін оқу әрекеттерін қалыптастыру қажет, ол іскерлік арқылы жүзеге асатындығын да есімізде сақтауымыз керек. Осы мақсатқа жету үшін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, пәндік сауаттылық пен функционалдық сауаттылық, оқытудың әдіс – тәсілдерін жетілдіруге арналған озық әдіскерлердің мақалалары, еңбектері шығарылуда. Бұл еңбектердің барлығы – оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдана білуге үйрету мақсатында құрастырылған.

Оқу мен жазу – ұлттық және халықаралық зерттеулердегі (PIRLS, PISA, ҰБТ) білім сапасының өлшенетін жүйесі, ел экономикасының даму перспективаларының көрсеткіші. PISA дегеніміз не? Ол: 15 жастағы балалардың білім жетістіктерін халықаралық зерттеулер; PISA зерттеуін АҚШ, Англия, Бельгия сияқты жетекші елдердің қатысуымен Консорциум жүзеге асырады. Зерттеудің негізгі бағыттары – мектеп оқушыларының математикалық, оқу және жаратылыстану сауаттылығы. Оқу сауаттылығы дегеніміз не? Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарында жете түсіну, ой жүгірту, алынған мәтіндегі қорытынды ойды өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері.

Оқу сауаттылығы концепциясы өзгеруде. Ол білім беру мазмұны мен мақсаттарының өзгеруінде: білім жүйесін түрлі мәселерді шешу қабілеттерін қалыптастыру үшін қолдану, жаңа білім мен технологияны дамыту үшін қажетті ақпаратты табу. Жаңа технологиялар оқу түрі мен ақпарат берудің сипатын өзгертті, түрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, өзгеріске тез бейімделетін мамандардың қажеттілігі артты. Оқу сауаттылығы мәтінге негізделеді, ақпаратты табу немесе мәтінге қатысы жоқ жауапты көрсету, мәтінге тақырып қою, тұрақты тіркестер мен мақал – мәтелдердің сипатын ашу, абзацтармен жұмыс істеу, ой реттілігін табу сияқты түрлі тапсырмаларға құрылады.

Білім алушылар жазбаша түрде берілген мәтіндермен терең жұмыс жүргізеді. Мәтінде хабарланатын жаңа мәліметтер мен тілдің дыбыс, сөз, сөйлем сияқты бірліктерімен жұмыс жасауға, оларға сипаттама беру мен тіл көмегімен әртүрлі мәтіндерді құрастыруға, өзінің білімі мен мүмкіндіктерін дамытуға пайдалану қабілеттері артады. Ол мәтіндер әр қилы және кез келген тақырыпта болуы мүмкін. Бірақ алынған мәтін оқушыға қосымша ақпарат беруі тиіс. Оқулықтарда, ҰБТ – да кездесетін мәтіндер әртүрлі стильдерді, тақырыптарды камтиды.

Мысалы: Інжу тірі жәндіктен өндіріле ме?

Інжу тірі жәндіктің бойынан алынатын бірден – бір асыл тас. Інжу табиғаттың адам баласына тартқан сыйы деп білеміз. Інжу қатты дауыл мен қатты ағыстар құм иірімдерін шарлап жүрген баровиктер мен личинкаларды ағызып әкелгенде қалыптасады. Ұлудың денесіне бөтен зат түссе, ол тітіркенетін көрінеді. Міне, осы бір қолайсыздықты жою үшін

ұлулар перламутрий деп аталатын микроскопиялық клеткалар қабатын түзеді. Перламутрий інжудің түсін ашып, өңін өңдеп, жарқылдатып тұрады екен.

Ұлу отыз жыл өмір сүреді. Бұршақтың көлеміндей інжу жасау үшін, оның он жылы кетеді екен. Сапасы жоғары ұлу айна тәрізді жылтыр, таза, мөлдір болады екен. Ұзақ жылдар бойы інжу табиғи түрде өндіріліп келген екен. Ал қазір ғылым мен техника дамыған кезде, інжуді жасанды жолмен де өндіре бастады.

Оны өндіруді жапондықтар жүзеге асырды. Оның табиғи өндірілген інжуден ешбір жері кем емес. Бүгінде құны, бағасы бір миллион доллар болатын інжу әшекейлері бар екен. Парижді әлем інжуінің астанасы дейді.

Мәтін бойынша сұрақтар мазмұны мынандай:

1. Інжу
 - А) асыл тас
 - В) жеміс
 - С) жәндік
 - Д) бұршақ
2. Микроскопиялық клеткалар дегеніміз?
 - А) тірі организмдердің құрылымы
 - В) жай көзге көрінбейтін нысандар
 - С) ағзадағы ақуыздық алмасулар
 - Д) жәндіктердік жасушаларының құрылысы



3. бұл ненің суреті?
 - А) інжудің суреті;
 - В) шегірткенің суреті;
 - С) ұлудың суреті;
 - Д) тасбақаның суреті.
4. Інжудің орысша аудармасы қандай?
 - А) улитка;
 - В) жемчуг;
 - С) украшение;
 - Д) насекомое.
5. Табиғи өндіру дегеніміз не?
 - А) қайта өңдеу;
 - В) табиғи ресурстарды пайдалану;
 - С) жасанды жолмен өндіру;
 - Д) технологиялық жолмен өндіру.

Осындай тест түріндегі тапсырмалар мен оларды орындаудан қалыптасатын білік – дағдыларды көрсетейік.

А) Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз. Осыдан шығатын білік – дағды: қысқа мәтінді толық түсіуіне, берілген ақпараттан өзіне керек мәліметті ажырата алады. Қарым – қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игереді.

Ә) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табуға арналған тапсырмада – мәтіннен өзіне керекті негізгі ойды білдіретін мағыналы, маңызды сөздерді іріктей алады. Тірек сөздерді қолдану арқылы өзінің сөздік қоры арта түседі. Іскерлік қатынастағы тіл табысуға қажетті. Тілімдік амалдарды орнымен жұмсай алады.

Б) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз. Қалыптасатын білік – дағды – берілген ақпаратты керекті толық және нақты мәліметті іріктеп алып, өз ойын жинақтап, ақпаратты нақты, дәл, толық жеткізе біледі. Ойды айқын, әсерлі жеткізуде сөз мағыналарын дұрыс қолдана алады. Тіл табыса білуге қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгереді.

В) Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз. Білік – дағды: күрделі емес мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасай алады, мәтіннен негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгереді.

Г) Мәтіндегі асты сызылған сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыз деген тапсырма мынандай білік – дағдыны қалыптастырады: мәтіндегі берілген сөз тіркестерін түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады. Сөз сапасына қойылатын талаптарды анықтай алады. Іскерлік қатынасқа тән сөз орамдарын пайдалана алады.

Ғ) Мәтін мазмұнына мақал – мәтелді сәйкестендіріңіз: сөз құдіретін танытатын мақал – мәтелдер, даналық сөздерді сөйлеу дағдысына сіңіреді [2].

Оқу сауаттылығы мәтіндер негізінде жүзеге асырылады. Жоғарыда берілген тапсырма түрлері мен қалыптастыратын дағдыларға сай мәтін талдауға мысал береміз.

Қай жеріңізде қалыңыз бар?

Қалсыз адам болмайды. Ал психолог – мамандар болса, адамның қалының қай жерде екеніне қарап – ақ, адамның мінез – құлқы мен өмір салтының қандай екенін анықтап беретін көрінеді. Мәселен, психолог – мамандарға сенсек, маңдайында қалы бар адамдар жаңалыққа құштар болып келеді.

Маңдайдағы қал адамның еңбекқорлығынан ғана емес, бақытты екенінен де хабар береді. Оң жақ қасының үстінде қалы бар адамдар бай әрі бақытты болса, сол жақ қастың үстіндегі қал жалқаулықтан хабар береді.

Мұрынның айналасындағы қалдар қал иесінің, яғни адамның ашуланшақ екенін білдіретін болса, еріннің айналасындағы қал тәуелсіз, жақсылыққа жаны құштар жандарға тән. Құлақтағы қал байлықтың белгісі. Шынтағыңызда қалыңыз бар ма екен? Онда сіз мазасыз адамсыз. Саусақ ұшындағы меңдер қолының жымқырмасы бар адамдарға тән болады. Сонда осының бәріне сенуге бола ма?

1. Асты сызылған сөз тіркесінің мағынасын анықтаңыз.

А) өтірікші;

В) ақылды;

С) ұрлықшы;

Д) шебер.

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты белгілеңіз.

А) Қалсыз адам болмайды.

В) Арқаңыздағы қал бақытты екеніңізден хабар береді.

С) Мазасыз адам белгісі де қалға байланысты көрсетілген.

Д) Жаңалыққа құштарлықтың белгісі берілген.

Мәтіндер ақпарат бір – бірінен кейін бірі жүретін абзацтарға құрылған тұтас мәтіндер және тұтас емес мәтіндер, ақпарат карталар, кестелер, суреттер, диаграммалармен қамтылған толық мәтіндер деп топтастырылады.

Оқу сауаттылығын тексеруге берілетін тапсырмаларды, сұрақтарды мазмұны мен ерекшелігіне қарай бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады: логикалық сұрақтар, пәндік сұрақтар, зейінге байланысты сұрақтар, пәнаралық байланысқа арналған сұрақтар, т.б. Мысалы, мына суретке байланысты.



1. Суретте не бейнеленген?
2. Адам ағзасына қандай пайдасы бар деп ойлайсыз?
3. Қай жерлерде өсіріледі?
4. Бұл жеміс жайлы не білесіз?

Осы сурет бойынша сұрақтарға жауап беріп болған соң, білім алушыларға шағын мәтін беріп, өз жауаптарымен салыстыруға тапсырма беруге болады. Мысалы:

Құрманың 500 – ге жуық түрі бар

Құрма дәмді ғана емес, өте пайдалы жеміс. Ол алғаш Қытайда өсірілген, кейін Шығыс Азияға да таралды. Содан кейін Жапония да бұл жемісті өсірумен айналыса бастады. XIX ғасырдың соңында ғана бұл тәтті жеміс бүкіл дүниежүзіне белгілі болады. Бүгінде құрманың 500 – ге жуық түрі бар екендігі анықталып отыр. Олардың көпшілігі тропикалық климатта өсіріледі. Құрмалардың ішіндегі бізге таныс деп есептелетіні – суыққа төзімді кавказдық құрма, сондай – ақ, жапондық тәтті құрмалар.

Алмаға қарағанда құрманың құрамында пайдалы микроэлементтер өте көп. Жеміс калий, кальций, фосфор және темірге, сондай – ақ, А, С және Р дәрумендеріне өте бай. Халық медицинасында бұл жемісті асқазан ауруларын емдеуге пайдаланады. Тапсырмаларды орындауға кірімпес бұрын, оқушылар мәтінді екі – үш рет оқып шығуы қажет, өйткені көп жағдайда зейін қойып оқымағандықтан, сұрақтың дұрыс жауабын көрсетер кезде асығыстық танытады. Тапсырмаларға назар аударсақ, өзің үшін қандай ерекше қызықты мәлімет алдың? Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз. Қай абзацта құрманың құрамы жайы баяндалған? Абзац нөмірін көрсетіңіз.

Балалар көбіне мәтінмен алғашқы танысудан кейін мазмұнын толық түсінгендей сенімді болады. Ал мәтін бойынша берілген тапсырмалар маңызды, баланы мәтінге қайта – қайта жүгінуге мәжбүр етеді: мәтіннің сөздерімен дәлелдеңіз, осы мәселе бойынша қажетті ақпараттың астын сызыңыз, негізгі әрекеттердің орындарын анықтаңыз, сіздің көзқарасыңыз қандай, тұжырымдаңыз және оны растайтын үзінді таңдаңыз, т.б. Мәтінге берілген мұндай тапсырмалар баланың мотивациясын өзгертеді: ол енді оқу процесінің өзі үшін емес, оқығанын түсіну үшін, автордың ойын түсіну үшін оқиды. Жұмыстың қалай қабылданғанын және түсінілгенін және баланың өзіне не алғанын көру үшін тапсырмалар ұсынылады (оқушылар оны орындауға қуанышты). Мәтін бойынша берілетін тапсырмалардың мазмұны кейіпкерлердің іс – әрекетін бағалауға, қорытынды жасауға және олардың мінез – құлқы туралы ойлануға көмектесу қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Тапсырмалар шығармашылық пен зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, олардың қиялы мен сөйлеуін дамытуға, эмоционалды – эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға үлес қосуға мүмкіндік береді: қорытындыны тұжырымдау, өз ойыңды дәлелдеу, өз көзқарасыңды тұжырымдау, проблемалық сұраққа жауап, т.б.

Мысалы, Географиялық атаулардың бойында жасырынған сырлардың атаулысының мәні, жалқы есімдердің қасиетін талдаумен ғылымда ономастика саласы айналысады. Бұл грек сөзінен алынған «ат қою өнері» деген мағынада алынған. Ономастика ғылымының жекелеген атаулар түрін қарастыратын көптеген салалары тағы бар. Соның ішінде негізгісі – топонимика. Тіл білімінің бұл саласы елді – мекеннің атауларын зерттеумен,

олардың ерекшеліктерін анықтап, пайда болу тарихын, дамуын белгілі бір сөздің, яғни атаудың шығуына себеп болған алғашқы сөздің мағынасын ашып, талдаумен шұғылданады.

Жалқы есімдерде халықтардың жайғасқан орны мен этникалық құрамы туралы ақпарат, материалдық және рухани мәдениеті жөнінде деректер, діни дүниетаным мен сенімдер, әдет – ғұрыптар мен салттар, халықтың рухани әрі әлеуметтік өмірінің басқа да салалары туралы мәліметтер болады. Мысалы, Саржайлау, Құлынды, Бұзауөлген, Қойсойған, Байтал, Құлынды, Ошақты, Найзатас, Аютас, Көкқой, Алабие, т.б. С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» шығармасында берілген топонимикалық атауға тоқталатын болсақ: «*Оқжетпес*» пен Көкше шоқтығының арасында «*Үш қыз*» аталатын біріне – бірі жалғаса біткен үш шоқы тас бар. Ертегінің айтуынша, «Оқжетпес бір кезде жаны бар батыр екен. Оның бір – біріне тетелес өскен, бәрі де бойжеткен үш қарындасы болады екен. Бір мезетте, қапыда қаптап жау келіп қалғанда, ұйқысынан шошып оянған Оқжетпес атып түрегелгенде, үш қарындасы артына тығыла қояды. Содан кейінгі бір заманда ағасы да, қарындастары да тас шыңға айналып кетеді...»

Құсмұрынның батыс жағындағы кең ойпат «*Ханжамқан*» аталады. Олай деу себебі, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Сібір әкімдерімен жанжалдасқан, Орынбор әкімдерімен келісуде дәмесі болған Кенесары Қасымов Көкшетаудағы мекеніне іргесін сөгеді де, соңынан ерген елді бастап Құсмұрын ойпатына қоныстайды. Сол кезде осы маңайды мекендейтін, ишандық дағуасын құрған Марал Құрманұлының «ғазават» аталатын дін соғысы жүріп жатады. Орынбор әкімдерімен де келісе алмаған Кенесары соған қосылып, көтеріліс ұлғайып кету қаупі туған соң, Сібірден де, Орынбордан да әскер шығып ғазаватшыларды екі жақтан қыспаққа алды да, олар Торғай, Ырғыз жағына ауады. Сол күндерден бастап Кенесары мекендеген орын «*Ханжамқан*» аталады («Аққан жұлдыз», 6 – бет).

1. Ономастика қандай сала?

- А) географиялық салаларды зерттейді;
- В) сөздердің этимологиясын зерттейді;
- С) жалпы есімдерді қарастырады;
- Д) бас әріптің емлесін анықтайды.

2. Мәтінге сай өнердің қай түрі алынған?

- А) сәулет өнері;
- В) балаларға ат қою өнері;
- С) елді – мекенге ат қою өнері;
- Д) тақырыпқа ат қою.

3. С. Мұқанов қай өлкеде туып – өскен?

- А) Оңтүстік Қазақстан облысында;
- В) Шығыс Қазақстан облысында;
- С) Солтүстік Қазақстан облысында;
- Д) Батыс Қазақстан облысында.

4. Мәтін түрі қандай?

- А) пайымдау мәтіні;
- В) әңгімелеу мәтіні;
- С) сипаттау мәтіні;
- Д) суреттеу мәтіні.

Осылайша түрлі тапсырмалар орындау арқылы зерттелген ақпарат есте қалады, белсенділігі төмен оқушылар жұмысқа басқа балалармен тең дәрежеде қатысып, табысты сезінеді, бұл білім беру мотивациясын одан әрі жоғарылатуда ерекше маңызды.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни

тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну мен зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді, іскерлігі мен дағдыларын адами іс – әрекеттердің әртүрлі салаларында, сонымен бірге, тұлғааралық қарым – қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді. Сонымен, оқушылардың оқу сауаттылығы қалыптаспай, табысты нәтижеге жету мүмкін емес. Сонымен, бүгінгі таңба білім беру жүйесінде білімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, оның нәтижесін өмір шындығына бейімдеу мәселесі тұр, өйткені қоғамда адам жоғары кәсіби шеберлікті және әртүрлі жағдайларда шешім қабылдай алатын интеллектуалды тұлға болуы қажет.

Әдебиет:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары. – Астана, 2012. <http://adilet.kz/kaz/docs/P1200000832>
2. Мамырбекова Г.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21017>
3. Мұқанов С. Аққан жұлдыз. – Алматы: Жазушы, 1990. – 496 бет.

ӘОЖ 821.512.122

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚИТУ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕТУ

Жуанышпаева С.Ж., Баекина Н.М.

(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Бүгінгі жаңа заманда білім беру жүйесінде мемлекеттік тілде ойын дұрыс жеткізетін, жаңаша қисынды, сыни тұрғыдан ойлай алатын, алған білімін өмірде қолданып, кез келген мәселені шеше алатын сауатты да білімді тұлға қалыптастыру қажет. Осы сұранысты қанағаттандыру үшін оқытушылар өз тәжірибесіне уақыт талабына сай өзгерістер енгізіп, оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану үшін өз сабағында қолданылатын тапсырмалардың нәтижелігін сынау мақсатында іс – тәжірибеден өткізеді. Соңғы екі жыл көлемінде онлайн сабақтарын ұйымдастырып, оның өзіндік қыр – сырын игеріп, соған орай пайдаланылатын пәндік әдіс – тәсілдер, берілетін тапсырма мақсаты мен көлемі қайта қаралды.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ол – қазақ тілі Мәңгілік Елдің мәңгілік тіліне айналды», – [1, 3 б] дегендей, қазақ тілін оқытуды сапалы игерту мақсатында өткізген жұмыстарымызды негізге ала отырып, қашықтықтан оқытуда студенттердің практикалық жұмысын ұйымдастыру барысында кездесетін артықшылықтар мен қиындықтарға тоқталып кеткенді жөн көрдік. Артықшылықтар/оң жақтары: Студенттің ақпараттарды жинақтау барысында танымдық қызметі, сыни ойлау қабілеті артады, интернет ресурстар қолжетімді, әртүрлі платформаларды қолдануға болады, кездесуге кететін уақыт үнемделеді, кері байланысты кез келген уақытта орнатуға болады. Қиындықтар/теріс жақтары: Студенттердің белсенділігін арттыру, мотивация тудыру мәселелері туындауы мүмкін, интернет байланысының қолжетімсіз немесе баяу болуы, үздік идея авторын табу қиындығы, көшіріп алу, идея ұрлау мүмкіндігінің молдығы, көптеген онлайн – ресурстардың, ЖАОК/МООК ақылы болуы.

Жастар бойында тілді үйрену үшін еңбексүйгіштік қасиет болуы керек. Еңбексүйгіштік – адамның негізгі өлшемі деуге болады, өйткені «Токтаусыз еңбек тосқауылды бұзып өтеді», – [1, 22 б] деп даналарымыз тегін айтпаған. Әрбір тапсырманы

студент уақытылы орындап, үнемі сапалы жасап отырудың арқасында бір жыл ішінде тілді үйреніп шығуына әбден болады. Әрине, оқу, үйрену ниет пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Сонымен қатар күнделікті дайындықтың болуы да шарт.

Жалпы қазақ тілін деңгейлеп оқыту барысында әр топ тапсырмаларының өзіндік ерекшеліктері болады. Мәселен, тақырып бір болғанмен, қарапайым деңгейде А1, А2 оқитындар үшін дайын ақпаратты қолдану, таныстыру, сипаттау, әңгімелеу болса, В1 орта деңгей бойынша шолу жасау, дәлелдеу, талдау, жинақтау, пікір білдіру, ал В2 ортадан жоғары деңгейде шолу жасау, ақпараттарды жинақтау, талдау, зерттеу, қорытындылау секілді тапсырмалар беріледі.

Тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Олар: оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдылары. Біздер, А1 деңгейде оқитын студенттерге қазақ тілін үйретуде қазақ тілін оқыту барысында бұл деңгейінде сөздер шектеулі түрде береміз. Сондықтан оқытушы лексикалық минимумның шегінен асып кетуге болмайтынын ұмытпағаны жөн. Тілдік аспекті ретінде лексиканы меңгертуде грамматикамен тығыз байланыста жұмыс жасауы қажет. Студенттердің білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар стандартқа сай белгіленеді.

Айтылым бойынша: – логикалық бірізділікпен әңгіменің сабақтастығын сақтап баяндауды;

– 8 – 9 сөйлем арқылы затты, құбылысты, іс – әрекетті сипаттауды; – естіген, оқыған ақпаратты қайта баяндауды;

Тыңдалым бойынша: – 10 – 12 сөйлемне тұратын диалогтағы мұғалімнің, сыныптас, курстастарының сөзін, ақпараттарды түсінуді,

– тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіруді;

Оқылым бойынша: – шағын мәтінді түсініп оқуды, тақырып, жоспар, сұрақтар құруды, өз пікірін бағалауды, білдіруді;

Жазылым бойынша: – естіп отырып сауатты жазуды; – грамматикалық дағдыларды бекітуге арналған тапсырмаларды орындауды;

– өз кестесін құруды (күн тәртібі, сабақ кестесі т.б.); – ашықхатқа құттықтау сөздер мен тілектер жазуды меңгеруі тиіс.

Қазіргі уақытта А1 деңгейге байланысты оқу – әдістемелік құралын дайындадық. Оқу құралының негізгі мақсаты – орыс тілде сөйлейтін студенттердің қазақша сөйлеу тілін, сауатты жаза білуін, ойды жеткізе баяндауын жетілдіру болып табылады.

Қарапайым деңгейде көрші елден, шет елден келген студенттермен қатар, өз өңіріміздің түлектері де білім алып жүр. Сондықтан олардың сөздік қоры мүлдем жоқ немесе жеткіліксіз. Жаңа сөздер естерінде ұзақ сақталуы үшін келесі факторлар әсер етеді. Қайталау, Елестету, Сөз жаттау (аңғарымсыз), Сөздің қолданыстық үлгісін ұсыну, Жаттығу орындатқызу.

Қиындықтардың алдын алу үшін:

- көп буынды сөздердің, айтылуы қиын сөздердің көлемін азайту;
- қабылдауға қиын болатын сөздердің үлесі аз болуын қамтамасыз ету;
- бұрыннан бар білімді тірек ету;
- қатені түзеуге сақтықпен қарау.

Студенттердің сөздік қорын молайту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру үшін сабақ барысында ойын элементтерін, өлең жолдарын, чайнворд, сөзжұмбақ және т.б. қолдануды дұрыс деп ойлаймыз. Мысалы, айтылым бөлігінде «Отбасы» тақырыбын өткен уақытта туыстық атауларды еске түсіру кезеңінде мынандай жұмбақ, өлең шумақтары, қызықты ұйқастарды қолданамыз. Бұндай тапсырманың мақсаты: өлеңнің мағынасын түсіну, жақын туыстық атауларды табу.

Жұмбақты шешіңіз.

Маған да, саған да,

Жақын туыс – бес адам.

Үш әріптен тұратын
Оңға оқы, солға оқы,
Өзгермейді еш одан
Айтады, қане, кім атын? (..... , , , ,)

Нәтижесі: отбасы тақырыбына қатысты туыстық атауларды есіне түсіреді, естерінде сақтайды. Сондай – ақ мынадай тапсырманы қолдануға болады. Өлеңді оқып, көп нүктенің орнына тиісті туыстық атауларды атаңыз.

Папа с мамой всех родней,
Он — ... , она —
Бабушка моя — ... ,
Папы папа — мой
Старшая сестра — ... ,
Ну а старший брат —
Мой — братишка мне,
А сестренка —
Папе буду я ,
А аташке
А детишек — немере .
Называют
Вот женился мой ага,
.... привел домой,
И теперь ... она.
Ей теперь мой дом родной.
Я зову ее жёнге.
А потом моей эрке
Свадьбу справили, и вот
У меня есть свой ...
Он ... меня зовет.
Вот такая вот семья,
Это вся моя родня.

(*Керекті сөздер:* жеңге, балдыз, ата, аға, сіңлі, жезде, әпке, іні, шөбере, бала, қалыңдық, немере, шеше, әже, әке). Осындай тапсырма нәтижесінде тіл үйренушілер өлең шумақтары арқылы туыстық атауларды әрі жеңіл, әрі тез есте сақтайды.

Өлең орыс тілінде болғанымен қарапайым деңгейде оқитын үйренушілер үшін өз күшіне сеніп, тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Сол арқылы туыстық атауларды тез жаттап алады. Білім алушылардың сөздік қорын байытатын және өлең ұйқастарын құрастыруға дағдыландыратын жұмыс түрлерін де төменде ұсынып отырмыз.

Қызықты ұйқастар. Әрі оқу, әрі ойын.
Шарты:сөздердің ұйқасын тауып айтыңыз.
Новый – жаңа, брат –
Степь – дала, мальчик –
Мудрый – дана, мать –
Соль – тұз, дочка –
Договор – шарт, старик –
Карандаш – қарындаш, сестра –
Ошибка – қате, тетя –
Продавать – сату, дружный –
Шея – мойын, вот кончился игра –

Сабақты өткізу барысында «Жыл мезгілдері» тақырыбын өткен кезде мынадай ойын түрін қолдануға болады. Яғни, «Жұбын тап» ойыны, сол арқылы білім алушылар

сөздердің аудармасын табу негізінде сөздік қорларын дамыта алады. (Жаңбыр, желтеют, тает, дождь, сарғаяды).

Сабақты ұйымдастыруда ойын элементтерін қолданудың нәтижесінде тіл үйренушілердің есте сақтау, көру қабілеттері дамиды. Және де осындай көптеген жаңа сөздерді жаттап, есінде сақтап, сөздік қорын байытатын тапсырмаларды қолдануға болады. Келесі «Біреуі артық» ойынын кез келген тақырыпта қолдануға болады. Ол үшін экраннан суреттер көрсетіледі, соның ішінен артық тұрған бір суретті табу қажет. Әсіресе, қашықтықтан оқыту кезінде қолдануға өте тиімді болды. Тапсырманың мақсаты: жүйрік ойлауға дағдыландырып, шығармашылық белсенділігін, танымдық дербестігін арттыру.

А) Жаңбыр, найзағай, жылдам, бұршақ.

Б) Суреттерді атайды. Артық сөзді алып тастар алдында студенттер оның неліктен алынғандығын түсіндіреді. (*Алма, алмұрт, жидек, лимон, бұрыш*)

В) «АОЕЫҰ» дауысты дыбыстарға қатысты сурет бойынша жаттығулар беру арқылы іс – әрекет нәтижесінде студенттердің тез ойлану дағдылары қалыптасады. Олар неге сол суретті таңдағанын түсіндіре алады. Ал жазылым бөлігінде сөздік қорын дамытумен қатар сауатты жазу қабілеттерін де үйретуге де болады. Бұл дағдыны қалыптастыру үшін орындалатын тапсырмалардың мақсаты: тақырыпқа қатысты сөздерді қолдану және олардың жазылу емлесін есте сақтау. Мысалы, «Чайнворд» ойынын қолдануға болады. Яғни, торкөзге әріптер жазу арқылы сөздерді тапқызу.

Нәтижесі: осы тапсырманы орындау барысында тыңдаушылар сөздерді тауып, тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырады. Бұл тапсырманы zoom платформасында синхронды өткізу кезінде тапсырылымды экранға шығару арқылы онлайн орындаймыз. Студенттердің тапқан сөздерін өзіміз басқа түспен белгілеп отырамыз, құрастырған сөз тіркестері мен сөйлемдерін ауызша тыңдап қабылдаймыз.

Мына тапсырма орындау арқылы студенттердің қызығушылығын арттыра отырып, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға болады. Бұл супермаркет дүкені. Мұнда азық – түлік сатылады. Супермаркетте , және бөлімі бар бөлімінде қара , бар. Бұл дүкенде нан жұмсақ және дәмді. бағасы 110 немесе 120 теңге. Ал бағасы әртүрлі.

Жазылым бөлігінде студенттермен гугл – документ форматында жұмыс істеген қолайлы, өйткені ол жерде жазылым дағдыларын қадағалап, жіберген қателерін көре аламыз. Ал енді үй тапсырмасын тексеру барысында олардың жіберген қателерін түзететуге ыңғайлы. Тапсырманы дұрыс орындамай жатқан жағдайда, zoom платформасы арқылы бағыттап отырамыз. (менің үйім не пәтерім жайында 5 – 10 сөйлемнен тұратын әңгіме жазу). Менің пәтерім қала орталығында орналасқан. Үш бөлмеден тұрады. Пәтерім жарық, кең. Өзіме қатты ұнайды. Жазда жөндеу жұмысын жасаймыз. Мен бұл пәтерде тұрғаныма 5 жыл болды. Ауламыз да таза, гүлдер өседі.

Оқылым бөлігінде шағын мәтінді түсініп оқиды, мәтіннің тақырыбын анықтайды, жоспар, сұрақтар құрастырады, өз пікірін білдіреді. Мысалы, «Адамның мінезі мен қасиеттері» тақырыбын өткен кезде мәтін бойынша мынадай тапсырмаларды орындауға болады. Берілген адамның сипаттамасымен төмендегі суреттегі адамның сәйкестігін табу қажет.

1) Ол өте әдемі. Көзі үлкен, қой көзді. Шашы ұзын, бұйра, қоңыр. Бойы ұзын, бірақ толық. Өте белсенді, ақкөңіл адам. Оның есімі –

2) Бұл өте жарқын адам. Оның шашы ақшылт, ұзын. Денесі орташа. Көзі көк, үлкен. Аққұба, бетінде сол жағында тыртық бар. Ол өте адамгершілігі мол, жомарт кісі. Ол –

3) Ол өте сүйкімді адам. Оның шашы қысқа, қара түсті. Бойы ұзын. Дене бітімі сымбатты. Көзі қоңыр, үлкен. Ол барлық қыздарға ұнайды. Бұл өте танымал адам. Оның есімі –

4) Бұл – Ол өте сұлу адам. Оның көзі үлкен және көк. Шашы ұзын және бұйра. Ол ұзын бойлы, дене бітімі орташа. Ол байсалды, еңбекқор, өте белсенді адам.

5) Бұл адам өте ұзын бойлы. Оның шашы қара, ұзындығы орташа, бұйра. Көзі жасыл. Оның бойы екі метр жиырма сантиметр. Дене бітімі арықтау. Ол

6) Оның шашы ұзындау. Түсі қара. Оның көзі қара, үлкен. Ол қатал, сараң адам. Бұл өте арық адам. Оның есімі

Ұсынылған мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындайды.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

А) Оның үйінің сырты ескі болғанымен, іші таза.

Ә) Оның пәтері бес бөлмелі.

Б) Ол жылы және жайлы пәтерде тұрады.

2. Мәтінге байланысты ақпаратты таңдаңыз.

А) Үйдің сырты кішкене жайсыздау, бірақ таза, жылы.

Ә) Үй Төлебаев көшесінің сол жағында орналасқан.

Б) Пәтер көп бөлмелі, жарық әрі жылы.

Тыңдалым бөлігінде мәтіндерді тыңдау арқылы жұмыс істейміз. Тыңдалымның мақсаты: қысқа мәтіндерді тыңдау арқылы түсіну, таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғу, таныс тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап беру. Мысалы, «Отбасы» тақырыбын өткен кезде мынадай диалог беріледі, (аудиожазба қосылады). Осы аудио арқылы студенттер қысқа мәтінді тыңдайды, түсінеді, таныс сөздерді, қысқа фразаларды ұғады, отбасы тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап береді. Өзге елден келген студенттер үшін қарапайым және қолжетімді тапсырма.

Дұрыс нұсқасын табыңыз

А) Зауреш апа ауылға барды.

Ә) Зауреш апа ауылда тұрады.

Б) Зауреш апа ауылға барып келді.

Диалог мазмұнында жауабы бар сұрақты табыңыз.

А) Зауреш апа кіммен барып келді?

Ә) Зауреш апа қалай барып келді?

Б) Зауреш апа кімге барып келді?

Сабақтарымызға жаңа технологияларды енгізіп, оқыту құралдарын кеңінен пайдалану білім беру үдерісінде маңызды орын алады. Оқытудың төрт дағдысын бірдей қолдану тілді игеру кезінде көп мәселелерді шешеді. Оқытушы сабақ құрылымын жоспарлау кезінде және сабақ барысында осы дағдыларды тиімді қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жете алады. Тіл білмейтін студенттер үшін сабақ кезінде қарапайым да қызықты, әртүрлі тапсырмаларды қолдану арқылы білім алушылардың бойында тілге деген қызығушылығын арттыруға, сөздік қорын байытуға, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруға, есте сақтау қабілетін күшейтуге, тілге деген құрметін оятуға болады. Сол себептен әр өткізген сабақты түрлендіріп, студенттердің белсенділігінің пайда болуына, өздеріне деген сенімінің артуына, бір – бірімен өзара әрекеттесіп, тапсырмаларды орындау арқылы тілді үйренуге деген қызығушылықты арттыруға болады.

«Әр ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады» немесе «жақсы мұғалімдер жақсы оқушыны жасайды», – [3, 37 – б.] демекші, ұстаздар қауымына көп нәрсе байланысты, сондықтан олар өз білімін шындап, тәжірибесін дамыту керек.

Әдебиет:

1. «Егемен Қазақстан», «ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы», Астана, 2014.
2. Даналардан қалған ұлағатты сөздер. Алматы, 2005.
3. Амонашвили Ш. «Обучение», «Оценка», «Отметка». Москва, 1980.

С. ТОРАЙҒЫРОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДЕГІШ – БЕЙНЕЛЕГІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қадыров Ж.Т., Нургазина М.Б.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Кейіпкерлердің тілдік мінездемесін бір – бірімен салыстыра талдау, табиғат суретін, кейіпкерлер портретін жасаудағы автор шеберлігіне нақты мысалдар келтіріп талдау жасау. Ғалым Б. Шалабаевтың пайымдауынша «Қай жазушының болмасын шығармаларының тілін талдауда жүзеге асырылуға тиіс маңызды шарттардың бірі – салыстырмалы талдау жүргізу» [1, 78 б]. Сондай – ақ сөз өнерінде адамнан тыс, адам тағдырынан тыс бірде – бір өрнек – өмір Суреті жоқ және болуыда мүмкін емес десек [2, 136 б], онда сол адамның алуан сезімін, мінез – қылығын, типі, қимыл – қозғалысын, жүріс – тұрысына дейін бейнелеуде жазушылық шеберлік тұратыны ескерлуі керек. Сонымен бірге жазушының тілдік қолданыстары шығарманың идеясы мен мазмұнына, композициялық құрлымына қарай әсері барын да ажырата білу қажет.

Сұлтанмахмұттың мақал, мәтел боларлық осы және басқа осылар сияқты шумақтары оның шеберлігін, кесек ой, өткір сөз тапқыштығын көрсетеді.

Сонымен, Сұлтанмахмұт өз шығармаларында халық мақалдарын, өзінен бұрынғы ақындар жасаған келісті сөз тіркестерін көп және орынды, ұстартып қолданған. Өзі де жаңа сөз тіркестерін жасаған. Сұлтанмахмұт қолданған халықтың, бұрынғы ақындардың сөз тіркестері болсын оның еңбекші бұқара жыршысы екенін айқын сыйпаттайды.

Жазушы өз шығармаларында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, жалпыхалықтық тілдегі мақал, мәтел, шешен, кесек сөз тіркестерін пайдалану, ұстартумен бірге, тілдің сөздік құрамын да пайдаланады, байытады. Оған заманында болған саяси – шаруашылық, ғылыми – мәдени өзгеріс – жаңалықтар – ға сай, солар туғызған жаңа сөздерді енгізеді.

Сондықтан жазушы шығармасының тілін зерттегенде айқындалуға тиісті тағы бір мәселе – жазушы жалпыхалықтық тілдің сөздік құрамын қаншалық – ты пайдаланды, оған қайдан, қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қанша – лықты орынды деген мәселе. Соған лайық, біз енді Сұлтанмахмұт қазақ тілінің сөз құрамын қаншалықты пайдаланды, оған қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қаншалықты орынды, жарасты болды деген сұрауларға жауап береміз.

Сұлтанмахмұт тұсында қазақ қауымы ортасында қазақтың өз әдеби тілінен басқа арап, фарсы, татар, діни кітаптар негізінде шыққан жаргон, диалекті бар еді; бұлардың басқа ақын – жазушылармен қатар Сұлтанмахмұтқа да әсері тигізген әсері ақын шығармаларының тілінен, оның қазақ халқы әдеби тілінің сөз құрамына енгізген жаңа сөздерінен аңғарылады.

Сұлтанмахмұт шығармаларында бірсыпыра татар сөздері қолданылған. Санап көрсеткенде, татардың бәліш, міллет, бек, тауфик, дауам, шат, зинһар, хикая, ғапу, жамағат, матбұғат – деген сөздерін алған. Бұларды өлең тіркесіне былай қиыстырған:

Ағызбаған тер қоймай мінген аттан,
Ол қоянды қуғанда талай шаттан («Кедей»).

Айта берсең, Сұлтанмахмұт бір өлеңніңұзын бір шумағын түгелдей татар тілінің нормасымен, ықпалымен құраған. Кейбір сөздердегі «лар» жалғаулары қазақ тілінің нормасы емес, қазақ тілінде бұлай, есімшенің үшінші жағынан кейін көптік жалғау жалғанбайды: «Қашады», «жасайды», «тасады», «сасады» болып келеді. Есімшенің

үшінші жағынан кейін көптік жалғау жалғану қазақ тілінен басқа бірқатар түрік тектес тілдердің, әсіресе әсіресе татар тілінің нормасы.

Бір қызығы: Сұлтанмахмұт алғашқы, өз ауылында жүрген кезіндегі (1907 – 1911 жылдары) жазған шығармасында араб, фарсы, татар сөздерін қолданбаған. Ол араб, фарсы, татар сөздерін көбінесе өмірінің екінші кезеңінде, Троицкіде болған кезінде (1912 – 1914 жылдарда) жазған шығармасында қолданған. Өлгі келтірілген араб, фарсы, татар сөздері түгелдей оның осы дәуірде жазған шығармаларында кездеседі.

Мұны Сұлтанмахмұттың біраз уақыт бұрынғы кейбір ақындарға елік – теу, кітап сөзіне әуестенуі деуге болады. Бұл еліктеу, әуестенуінің қате еке – нін Сұлтанмахмұт тез аңғарды. Сонан кейінгі дәуірлерде (1915 – 1920 жылда – ры) жазған шығармаларында, ол араб, фарсы, татар сөздерін қолданған жоқ.

Мысалы, ол 1913 – 1914 жылдары жазған «Қамар сұлу» романында жиыр – маға жуық араб, фарсы сөздерін қолданса, соның артынша, 1914 – 1915 жыл – дары жазған «Кім жазықты?» романында бірді – екілі ғана араб, фарсы сөздері қолданған. Онан кейінгі шығармаларында бір де бір араб, фарсы сөздері кез – деспейді.

Сұлтанмахмұт қазақ тілінің сөздік қрамын көбінесе орыс тіліндегі сөз – дер, саяси – әлеуметтік, мәдени – шаруашылық, ғылыми – техникалық атаулар арқылы байытуға тырысқан. Яғни ол өз шығармаларында орысша сөздерді көп қолданған.

Мұның ішінде 23 сөз (самород, прошение, штык, гулять, князь, уезд, адвокат, съезд, начальник, школа, ярмарка, ноль, доктор, закон, газета, знак, роман, форма, тағы басқа біраз сөздер) қазақ тіліне Сұлтанмахмұттан бұрын Абай енгізген сөздер. Қалған 107 сөз қазақ тіліне тек Сұлтанмахмұт кіргіз – ген сөздер. Мысалы Сұлтанмахмұт өз шығармалында орыс тілінен мына сөз дерді кірістірген:

Автономия, аэроплан, агроном, атом, август, басня, билет, больница, винт, вексель, география, гимназия, газ, город, гений, гир, галош, дурак, жулик, журнал, жалования, заграница, завод, история, идея, идеалист, капитал, капиталист, квартира, книга, конвой, кандидат, конверт, машина, магнит, медаль, мода, миссионер, минута, миллион, нефть, номер, окружной, отказ, очки, офицер, пушка, пулемет, подвал, правитель, полиция, почта, пристав, пароход, поезд, пожалуйста, портсигар, паразит, план, память, планета, палата, пальто, портфель, пар, папа, покров, революция, редакция, социализм, социалист, стол, семинария, солдат, стипендия, телеграф, телефон, талант, техника, утрядник, указ, учитель, флот, фальш, философ, фельдшер, фелье – тон, фабрика, хозяин, ход, царь, цифр, цыган, чехотка, шар, шляпа, экватор, электр.

Сұлтанмахмұт орыс тілі арқылы алған сөздерінің біразін өлең тармағына былай кірістірген:

1. Кімде түйме көп болса, тілін алып,
Оларға пальто әперіп, галош салып («Адасқан өмір»).
2. Соғыс болса, жауғандай көктен алтын,
Капиталист, байларға әдейі арнап («А.Ө.»).
3. Папа мен ферғауыннан қадыр кетпек,
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай.
Жоғына әр адамның көзі жетпек («А.Ө.»).
4. Атақты чиновниктің баласынан,
Аз көрдім стипендия артылғанын...
Пайда етуге агроном болсаң тағы,
Бұл ісің кедейге сор, байдың бағы («А.Ө.»).
5. Адамдағы күш, қуат, тапқыш талант,
Гүл шашпай, жеміс бермей қалу болмас («А.Ө.»).
6. Ақыл, ой, адамдықтан мүлде безіп,
Бас кесер машина боп тұрмақ үшін («А.Ө.»).
7. Не болар бәрін көрген көз топырағым,

Топырағы миымның, білегімнің.
Тозған жердің атомы күлдей ұшып,
Жүргенде әлдеқайда барын түсіп («А.Ө.»).

Сұлтанмахмұт шығармаларында қолданылған бұл орысша, халықаралық сөздер мен атаулардың көпшілігі бұрын қазақ тілінде жоқ, қазақ тілінде басқашаайтылуы мүмкін емес, қазақшылығында мағынасы бұзылып кететін, күлкі болып шығатын сөздер мен атаулар. Сондықтан да ақын оларды сол өз қалпы, өз мағынасында алған. Онысы тіпті орынды.

Ал, бірсыпыра сөздер мен атаулар қазақшылауға келетін, қазақ тілінде теңеуі бар сөздер мен атаулар. Жазушы оларды өз қалпында, өз мағынасында алып, бір жағынан, сөз етіп отырған объектін сықақ, күлкі ету үшін қолданады да, екінші жағынан, жаңа, екінші түрлі мағына беру үшін пайданылады.

Бұл жөнінде бір ғана «учитель». Ол заманда балаларға діни сабақтар беретін молдамен, дүниетану ғылымдарың оқытатын мұғалімдармен қатар орыс тілін үйрететін пәндік ғылымдарды орыс тілінде оқытатын оқытушылар да бар еді. Бұларды жазушы: молла, мұғалім деп алса, онысы үлкен қате болған болар еді. Содан жазушы, қазақ тілі шет сөздермен шұбарланып кетеді деп қорықпай, әлгі орыс тілін үйретуші, пәндік ғылымдарды орыс тілінде оқытушы деген мағынаны беру, аңғарту үшін УЧИТЕЛЬ деген сөзді қолданады.

Басқаша айтқанда, Сұлтанмахмұт шығармаларында қолданылған орысша, халықаралық сөздер мен атаулардың бәрі де өте қажетті атаулар. Олар өте орынды, қазақ тілінің нормасына сыйымды, дәл қолданылған. Осыдан бұл сөздер қазақ тіліне сіңісіп кетті.

Орысша сөздерді Сұлтанмахмұт өз шығармаларында бұрынғы және өз кезеңдегі қазақ ақын – жазушыларының бәрінен көп қолданған. Бұл, бір жағынан, Сұлтанмахмұт тұсында қазақ халқы мен орыс халқының тұрмыс, мәдениет жағынан болсын, саяси – шаруашылық жағынан болсын байланысының мықтап нығайғаның, олардың өмірінің мүлде араласып кеткенің көрсетеді, екінші жағынан, Сұлтанмахмұттың қазақтың әдеби тілінің орыстың тіл мәдениетінің ықпалымен, соның бай сөздік қоры, сөздік құрамын көп алу жолымен дамуға тиіс екенің және мұның қай жағынан болсын қажетті, пайдалы екенің айқын аңғарғаның сыйпаттайды.

Адасқан өмір поэмасыдағы көріктеуіш құралдар
Мен бала
Мен сәби мейірімді ана құшағында, – метафора
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да:
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ; – эпитет
Былғанам ба, мейлі құсамын ба.
Мен ұжмақ періштесі, көңілім таза, – метафора
Қандай нәрсе білмеймін: бәле, қаза.
Жас тәнім ажарланып күннен – күнге, – эпитет
Бәйшешектей құлпырар түрден – түрге.
Талпынам асыққандай жігіттікке,
Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге.
Жас тән мен сезім, білім қабат өсіп,
Барамын кәмілдікке таман көшіп.
«Кедей» поэмасындағы көріктеуіш құралдар.
Адамға аса қымбат балалық шақ, – эпитет
Ойға кіріп, шықпайтын сор менен бақ.
Қозы қуып, бұзауға құрық салып,
Торғай көздеп, шиді иіп, жасайтын жақ.
Мұрның ғана көзіңе көрінгенде.

Жазғы бұлттың жалтылы жай астында,
Үйде отыру болды ма, жаным, менде? – эпитет
Илікпей су киімдер қатқанында,
Күн көріске қай жұмыс керек болса,
Терлемеп пе ем мен істеп соның бәрін?
Әсіресе, жаздың қысқа түндерінде, – эпитет
Шаршап, тәтті ұйқыға кіргенімде, – эпитет
Көзді тырнап, күн шықпай, қой өргіздім,
Ауыз кебер шілденің күндерінде.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларының тілін зерттеуден мынадай жағдайлар айқын аңғарылады; ақын шығармаларында қазақ халқының жалпыхалықтық әдеби тіліндегі қарапайым сөздерді, қазақ кедейінің тұрмыс – тіршілігінде көп ұшырайтын, қызмет, кәсіп жайын, білім дәрежесін дәл бейнелейтін сөздерді көп қолданған; оның шығармалары қазақтың таза, әдеби тілінде жазылған, жазушының тілі, сөз қисыны, сөйлем құрылысы жатық, айқын, бұқараға түсінікті болып келеді.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында қазақ тіліндегі бұрынды – соңды жасалған жарасты сөз тіркестерін әлінше мол, орынды пайдаланған, заманындағы саяси – әлеуметтік, мәдени – шаруашылық жағдайларға, жырлаған тақырыбына сай оларды көп ретте байытып, өңдеп, ұстартып отырған; жазушының ол байыту, ұстартулары заңды, жарасты және халыққа ұғымды.

Сұлтанмахмұт шығармаларының тіл, стилінен (Қолданған атаулары мен сөздерінен, өзі ұстартқан сөйлемдері мен сөз тіркестерінен) қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясына бұрынғы және революция жылдарындағы өмірінің шындығы, бектік – феодалдық, капиталистік о жарлық қанаулар азабы арқасына әбден батып, ашынған, әлі революцияны еміс – еміс аңғарып, толықсып жүрген қазақ кедейінің жай – күйі, мұң – тілегі, ой – түсінігі айқын көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда, Сұлтанмахмұттың тіл, стилінен ақын шығармаларының екі қасиеті; реалистігі мен халықтығы айқын сезіледі.

Әдебиет:

1. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, Мектеп, 1982. – 182 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
3. Сартбаева Д., Кенжебаев Б. – қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші. Филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Түркістан, 2002. 36 б.
4. Қирабаев С. Ақын тағдыры // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 – т. – Алматы: Ғылым, 1993. – Б.3 – 18.

УДК 82 – 84

ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ В ПОЭМЕ Н.А. НЕКРАСОВА «КОМУ НА РУСИ ЖИТЬ ХОРОШО»

Камзинова С.М.

(СКУ им. М. Козыбаева)

Проблема исследования паремиологических единиц интересная, многократно рассматривалась учеными, наиболее известными являются труды «Из творческой истории «Кому на Руси жить хорошо», «Мастерство Некрасова» таких ученых как Е.В. Базилевская, К. Чуковский. Хоть этот вопрос многократно освещался в научной сфере, но мы считаем целесообразным обратиться к функционированию пословиц и поговорок в поэме Н.А. Некрасова «Кому на Руси жить хорошо». Выбор данной тематики

статьи обусловлен тем, что как показывает опыт, для школьников вызывает затруднение усвоение лексического материала, представленного в данной статье, так как в ней представлено много устаревшей лексики, которую учащиеся просто не воспринимают. В данной статье мы рассмотрим и проанализируем определения паремий с разных точек зрения, какие и для чего использует пословицы и поговорки в поэме «Кому на Руси жить хорошо?» Н.А. Некрасов, а также о способах анализа паремиологических единиц на уроках литературы.

В современной научной литературе представлено много определений «паремий». Г.Л. Пермяков определяет паремии следующим образом: «Паремии – это не что иное, как знаки определённых ситуаций или определённых отношений между вещами» [6, с.26] в статье, которая посвящена исследованию определения такого понятия, как "паремия" Г.Г. Матвеева и М.А. Серегина предлагают свою формулировку: «Паремии – это одна из подсистем языка синтаксического уровня, представленная в виде полного или незаконченного предложения, обладающего лаконичностью и ритмичностью. Для них характерны устойчивость в языке и воспроизводимость в речи, частичное или полное переосмысление, а также семантическая многозначность. Они общеизвестны, широко используются народом, употребляются в дидактических целях, являются единицами осознаваемого выбора в зависимости от речевой ситуации, что делает их прагматически многозначными. К ним относятся пословицы, поговорки и пословично – поговорочные комплексы» [8, с.176]. Проанализировав такие работы, как Кацюба Л.Б. «Определении паремии (лингвистический аспект дефиниции), Иванчикова Е.А. «Об основном признаке фразеологических единиц», мы остановились на следующем определении, так как считаем, что оно наиболее полно освещает это понятие.

Паремии – это часть малого фольклорного жанра. К ним: относятся пословицы, пословичные выражения, поговорки, афоризмы, частушки, скороговорки, прибаутки, загадки, притчи и другие. Они передают специфическую информацию и логическое содержание, обозначают жизненные ситуации.

Введение паремий в текст произведений делают их более насыщенными, более колоритными. Они отражают взгляд автора, при этом не навязывая его, так как большинство из них воспроизводятся в речи персонажей.

Поэма Н.А. Некрасова «Кому на Руси жить хорошо» читается очень легко и просто. Так как автор использовал речь простых мужиков, персонажей из народа, чтобы прочувствовать весь колорит русского «духа». И передать характер самих героев без паремиологических единиц невозможно. Поэтому в поэме мы можем увидеть большое количество пословиц и поговорок, что помогает нам, читателям, мысленно перенестись в эпоху отмены крепостного права и жизни крестьян в то время. Некрасов добивается невероятной простоты, а также доступности изложения, которое вобрало в себя всю поэтичную красоту, свойственную фольклору. А паремии помогли воплотить сложный замысел и не только передать картину крестьянской Руси, но и отразить особенности русского национального характера. И это только одна сторона использования паремиологических единиц, другая сторона гораздо масштабнее. Песни, поговорки, пословицы не только описывают мировоззрение простого человека, но они сопровождают путников, оберегают их, развлекают, греют душу, утешают.

Долгие годы Н.А. Некрасов собирал материал для своего произведения. Он общался с простыми людьми, пользовался воспоминаниями из детства. Будучи маленьким ребенком, он играл с крестьянскими детьми, слушал русские народные сказки и песни от своей няни – крепостной. А повзрослев, приезжая на охоту, всегда останавливался в домах у простых крестьян. Все это и послужило написанию столь прекрасной поэмы.

Пословицы и поговорки, использованные в произведении – это кладёзь народной мудрости.

Характер русского народа автор передает через паремии, он старается передать желания, мысли, отношение народа к барству:

"...с работы, как ни мучайся, / А будешь ты горбат!.." (в основе лежит пословица «От работы не будешь богат, а будешь горбат»)

"...Добра ты, царска грамота, / Да не при нас ты писана..." (в основе лежит пословица "При нас читано, да не при нас писано")

"...Бояре – кипарисовы, / <...> А мужики вязовые – / И гнутся – то, и тянутся..." (в основе лежит пословица «Бары кипарисовые, мужики вязовые (и гнутся и тянутся)»)

"...Хвали траву в стогу, / А барина – в гробу!.." (в основе лежит пословица «Хвали рожь в стогу, а барина в гробу!»)

Итак, мы видим, что русский народ ценил свободу и понимали, что на бумаге жизнь крестьян изменилась, стала лучше, но на деле все осталось прежним.

В русском мужике, как и во всем народе, виден крепкий характер. Если он что – то решил, то уже его никак не переубедишь:

"Мужик, что бык, – упрется, не своротишь", "У упрямого на голове хоть кол теши")

Жизнь природы, зависимость животного и растительного мира от реального отражены в русских пословицах и поговорках. Поэтому народ внимателен к природе, людям и ко всем живым существам.

"...Пташка малая, / А ноготок востер!.." (в основе лежит пословица «Невеличка птичка, да ноготок остер»)

Оценивать человека нужно не по внешности, а по уму.

...А ты, примерно, яблочко / С того выходишь дерева?.." (в основе лежат пословицы: «Каково деревце, таковы и яблочки», «Яблоко от яблоньки недалеко откатывается»)

Глупость порождает глупость, т.е. от подобного происходит подобное.

"...Горда свинья: чесалась / О барское крыльцо!.." (в основе лежат пословицы: «Где прошла свинья, там и почесалась», «Напала на кошку спесь: не хочет с печи слезть»)

"...Зажгло грозю дерево, / А было соловьиное / На дереве гнездо..." (в основе лежит пословица «Бор сожгли, а соловушек по гнездышку плачет»)

"...Кто с чем, а нашей галочке / Родные галченяточки / Всего милей..." (в основе лежит пословица «Нет певчего для вороны супротив родного вороненка»).

Метод сплошной выборки позволил нам выделить 35 пословиц в этом произведении. Семантический анализ этих паремий позволил нам выделить несколько тематических групп, из которых наиболее многочисленная группа – о приметах и наблюдениях (она представлена в количестве семнадцати пословиц). Далее следует группы: о труде (в количестве восьми пословиц), о характере народа (в количестве пяти пословиц), о мужике (в количестве трех пословиц), о родне (в количестве двух пословиц), о религии (в количестве одной пословицы).

Пословицы и поговорки в поэме помогают стать участником спора – «Кому на Руси жить хорошо?». Паремии украшают текст, делают его незабываемым. И каждая строчка может стать отдельным сюжетом для отдельного произведения.

Также работа на уроках литературы станет более интересной и продуктивной, если рассматривать паремиологические единицы в поэме «Кому на Руси жить хорошо». Например, групповая работа по рассмотрению жанров устного народного творчества, которые Некрасов использует в своём произведении. Учащиеся смогут отметить, что загадки, которые автор использует в тексте, предстают нам в виде метафор и сравнений, пословицы же имеют яркий социальный характер. Также огромное количество использование различных народных примет и поверий, которые также встречаются и в сами пословицы и поговорок. Они помогут школьникам разобраться и в характеристики конкретных персонажей, ведь речь многих героев так и пестрит житейской народной мудростью, многие выражение по своей семантики и форме напоминают пословицы. Само переосмысление пословиц мотивируется характером каждого героя, а также их

взглядом на мир. В итоге данная статья способствует воспитанию интереса к изучению творчества Николая Алексеевича, воспитает чуткое, бережное отношение к народным истокам, традициям, обычаям русского народа, научит видеть и анализировать своеобразие художественного текста, а также языковых особенностей поэмы.

В поэтическую основу поэмы включено, чаще в художественно преобразованном виде, народные пословицы и загадки, тексты, мотивы и отрывки народных песен, свадебных и похоронных причитаний. В произведении слышатся отголоски былин и народных легенд, зачин сюжета напрямую связан с внедрением сказочных элементов. Рисуя народный быт, раскрывая структуры крестьянского мирозерцания, Некрасов часто отмечает и о бытовавших в народе обычаях, приметах и поверьях.

Некрасов широко вносит в поэму просторечную лексику, сугубо народные речевые обороты, фразеологизмы, которые придают произведению уникальный национально – самобытный колорит, при этом опираясь на ловкую образную народную речь не только в ее устно – поэтической, но и в живой, разговорно – бытовой форме.

Глубинное знание народной поэзии поэт приобрел, когда вёл долго общение с ярославскими, костромскими и владимирскими крестьянами. В то же время он с огромным интересом читал и перечитывал, изучал фольклорные сборники Афанасьева, Даля, Рыбникова, Барсова, который выходили при его жизни. Желания автора погрузить читателя в атмосферу повседневности российской провинции, приводит его к смелому сочетанию разговорного, литературного стилей и фольклора. Также он часто использует диалектные слова, чтобы передать мелодичность и мягкость русской народной речи. «Именно потому, что Николай Алексеевич Некрасов был органически близок к народу, фольклор никогда не был для него фетишем. Поэт распоряжался им совершенно свободно, творчески подчиняя его своим собственным – некрасовским – идейным задачам, своему собственному – некрасовскому стилю, ради чего и подвергал его, в случае надобности, решительной и энергичной трансформации, по – новому переосмысляя» [5, с.426].

Также в сам сюжет часто включаются разные песни, легенды, былины, загадки. Например, песня «Соленая», написанная мамой Гриши Добросклонова, из – за нехватки соли. Что показывает бедность и голод крестьянства. Таким образом, темы и настроение очень близки русскому народу.

Использование фольклорных элементов делает произведение «Кому на Руси жить хорошо» особым народным. Некрасов поставил для себя задачу – показать жизнь крестьянского народа, вызвать сочувствие и борьбу за право народа. «Любование народным умом и многообразной народной талантливостью чувствуется на каждой странице поэмы. Некрасов расцвел, испестрил, раззолотил всю поэму самыми яркими словами и образами, взятыми из народных загадок, причитаний поговорок, пословиц и песен... Восхищаясь русскою народною речью, Некрасов утверждал, что в отношении её меткости, её выразительности никому из так называемых культурных людей не под силу сравниться с крестьянами». [5, с.532].

Литература:

1. Этимологический словарь русского языка: в 4 томах / Макс Фасмер; пер. с нем. и доп. О.Н. Трубачева. – 4 – е изд., с. 206.
2. Фролова О.Е. Пословица и её отношение к действительности / Филология. – 2005 – №4. – С.125 – 131.
3. Некрасов Н.А. Избранные сочинения, М., Художественная литература, 1987.
4. Даль В.И. Пословицы и поговорки русского народа. – М.:1957.
5. Чуковский К.И. Мастерство Некрасова, М., 1971.
6. Пермяков Г.Л. Избранные пословицы и поговорки народов Востока. М.: Наука, 1968. 376 с.
7. Матвеева Г.Г., Серёгина М.А.» (на материале русского и немецкого языков) // Вестник Пятигорского гос. ун – та. 2009. № 3. С. 175 – 178.

АКАДЕМИК ЕВГЕНИЙ БУКЕТОВТИҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР

Қуандықова Д.К.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Әдеби шығарманың мәні оны оқу, түсіну үстінде ашылып, оқырманға жаңа көркем дүниені тарту етеді. Әдеби туындының идеясы мен мазмұны, образдары оқырмандарға ықпал жасайды, ойландырады, тағылым береді.

Қаламгер Е.Букетовтің өткен дәуірдің 1950 – інші жылдарынан бастап, әдебиетке, әдеби – сынға батыл қадамдар жасап, ой – пікірін жұртшылықтың назарына ұсынып отырғаны белгілі. Жалпы, әдебиеттің өркендеуі, жазушылық шеберлік, жетілу, стильді қалыптастыру сияқты мәселелер төңірегінде ой қозғау, көркем туындылардың сапасын жоғарылатуға септігін тигізеді.

Ұлтымыздың бүгінгі тәуелсіз әдебиеті 20 ғасырдағы шет ел, кеңестік мемлекет, ұлттық әдебиеттің қайнарларынан нәр алған, жанры мен көркемдік – эстетикалық қуаты бекіген дүниелер болып табылады. Тәуелсіз кезең қазақ әдебиеті үшін еркін шығармашылық кезең болып табылады. Еркіндік орнап, бостандық баянды болғаннан кейінгі кезде қазақ жазушыларының шығармашылық ізденісі жан – жақты өрістей түсті. Жаңа дәуірдегі өзгерістерге өзінше келген қаламгерлер үшін мәңгілік жасампаз тақырып – адам болды. Адам мен қоғам, табиғат пен жаратылыс болды. Адам ғұмыры несімен бағалы, мәні неде деген сауалдар қаламгерлердің басты мәселесіне айналды. Осы ретте, ғұмырнамалық шығармалар жалпы мемуарлық шығармалардың негізгі формасының бірі болғандықтан, шығармалардың баяндау стилінде алшақтықтар кездеседі. Мемуарлық шығармалардағы бір ерекшелік – оның негізгі сюжет желісіндегі бейнеленетін адамдар мен олардың іс – әрекеттерінен түзілмейді, олардың бәрінің куәсі болған, сол сандаған оқиғаның нағыз бел ортасында болып бәрін сезінген жазушының автор – кейіпкердің өмір жолынан табылуында. Негізгі дінгек сюжеттегі ірілі – ұсақты көп сюжеттердің де болуы – автобиографиялық – мемуарлардың баршасына тән жағдай.

Көркем әдебиет өткеніне қайырылмай, өзінің бүгінгі жеткен шығармашылық жетістігін, биігін өткенмен салыстырмай, қоғамы мен ортасында өткен дүбірлі оқиғалар мен көрнекті тұлғаларды бейнелемей тұра алмайды. Бұл ретте, суреткер өзінің көркемдік таным – қабілетін жұмсай отырып, дәуір рухын, өмір болмысын танытатын шығармалар тудырды. Бұл мәселеде көрнекті орынды ғұмырнамалық – өмірбаяндық туындылар алады. Зерттеуші Л. Гинзбург: “Естелік, өмірбаяндық әдебиет адам туралы тікелей әңгіме (прямой разговор) жүргізеді”, – дейді. Зерттеуші XIX ғасырдағы орыс әдебиетіндегі ғұмырнамалық жанрдың дамуы туралы айта отырып, оның бұрыннан, бар екенін, алайда, бертінде ғана жаңа бағыт ала бастағанын айтады. Ал, зерттеуші С.Розанова: “Тарихи – әдеби және өмірбаяндық мәліметтерге жанама құжат ретінде қызмет еткен естеліктер, енді сөз өнерінің дербес жанры ретінде, жеке тұлғаны танып – білуде әдебиеттің өзіне ықпал етті”, – деп көрсетеді.

Қазіргі әдебиетте тарихи тұлғаны таныту, оның өмір кезеңін, айналасын, жеке мінез – болмысын суреттеуге деген қызығушылық өсті. Оған себеп – ел болып, еңсемізді тіктеп, дербестік алғаннан кейінгі кезеңде, тарихқа қайта үңіліп, бар – жоғымызды түгендедік, ақтандақтар ақиқаты ашылып, көмескі дүниелер айқындалды. Әдебиеттің түрлі жанрларында шынайы адам болмысын жасау өрістеп, әсіресе, бұл мемуарлық – өмірбаяндық, публицистикалық салада белең алды.

Өткен ғасырдың төңкерістен кейінгі кезеңінде Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” романынан кейін бұл салада көптеген шығармалар туып, “Тамаша адамдар өмірі” сериясынан Ш. Уәлиханов, С. Сейфуллин, Қ. Сәтбаевтар туралы еңбектер жарық көрсе, одан кейін қазақ халқының хан – билері мен алаш өкілдеріне байланысты ғұмырнамалық – публицистикалық жанрдағы шығармалар жарық көрді.

Қоғам ілгерілеген сайын ұлттар мәдениетінің байланысы артып, бір – біріне жақындауы дамыды. Бұл әдеби процесте, оның ішінде прозада айқын байқалды. Прозаның ішкі жанрлық белгілері артып, ұлттық дәстүрлі формалары байыды. Бұл өзгерістер әсіресе, повестен байқалды. Осы жанр табиғаты туралы аз – кем айта кетсек, Белинский “повесть дегеніміз шағын көлемді жанр” деген. Әрине, повестің романға жақын келетін тұстары бар. Екеуі де қаһарманның сипатын, қоршаған орта мен адам, қоғам арасындағы қарым – қатынасты эпикалық тұрғыда кең суреттейді. Алайда, роман мен повесть арасында айырма бар. Романға қарағанда хикаятта қамтылатын материал көлемі шағын болады. Сөйте тұра, повесте көтерілетін мәселе барлық қырынан дерлік мұқият қарастырылып, мейілінше айқын көрсетіледі. Сонымен бірге, хикаятта автордың өзі бейнелеп отырған құбылыстарға, кейіпкерлерге деген көзқарасы анағұрлым айқын сезіледі де, онда субъективтік элемент басым болады. Белинскийдің пікірін кеңейте түссек, “драмаға да, романға да жетпейтін оқиғалар мен тіршіліктің кейбір сәттерін хикаят өзінің тар шеңберіне сыйғыза алады. Өзінің шағындығымен және өмір құбылысын тез игеретін сипатымен повесть бір құбылыстан екіншісіне ауысып, өмірдің ұсақ – түйегі арқылы өмір ұлылығының беттерін ашады”. Қазақ әдебиеттануында бұл жанрды дербес зерттеу нысаны еткен зерттеуші А. Нағыметов өзінің “Қазіргі повесть және көркемдік ізденіс” еңбегінде: “Повесть – орыстың төл сөзі. Он екінші ғасыр басында құрастырылған орыс шежіресі, ежелгі русьтің көрнекті тарихи ескерткіші “Жыл мезгілдері жайлы повесть” деп аталады. Сондай – ақ он екінші ғасырдың және бір даңқты туындысы “Игорь полкы туралы сөз”: “...туыстар, еліміздің ежелгі сөздерімен Игорь полкы туралы повесті бастаймыз...” делінеді. Сөйтіп, шежіре мен “Игорь полкы туралы сөз” де “болған оқиға жайлы әңгіме деген ұғымды білдіреді. Бірақ ол кезде жанрлық мағынаға ие бола қоймаған”, – дей келе, “тек он жетінші ғасырдан бері “повесть” сөзі жанрлық сипатқа едәуір жақындау мағынада қолданылады. Қайткен күнде де, белгілі бір уақыт межесіндегі оқиғаны баяндап, кезеңді құбылыстарды едәуір дамыта суреттейтін повестің оңтайлылығы, шағындығы бұл жанрдың мүмкіндігінің молдығын танытады.

«Көркем шығармашылықтың екі нысан тұтастығынан туатын бір ғана пәні бар: белгілі қоғамдық орта және сол ортада өмір кешуші адам. Көркем шығарма адам арқылы қоғам тынысын, оның ішкі сыр – сипатын, әлеуметтік бетін танытады. Қоғамдық түрлі құбылыстар арқылы адам жаратылысының сан салалы жұмбақ тылсымдарын ашады. Материалдық дүниенің санадағы сәулелену процесін көрсетеді. Суреткер барлық күш – жігерін, шеберлігін бір ғана мақсатқа – адам жүрегінің сырын, адам жанының шындығын танытуға жұмылдырады. Көркем шығарманың әрбір жалқы, сыңар деталіне дейін адам өмірімен тығыз байланысты. Суреткер өз шығармаларында не жайлы, қандай өмір шындығы жайлы ой толғағанда да, басты шындықты адам образы арқылы ғана ашып береді, тек сол арқылы ғана бейнелеп отырған дәуір тынысын таныта алады». Қаламгер Е. Букетовтің “Жас Қаныш” деректі хикаяты – белгілі тұлға Қаныш Сәтбаевтың балалық, жастық кезеңдерін қамтитын шығарма. Хикаяттың алғашқы тарауынан – ақ, қазақ халқының салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпы мол көрініс береді.”Аттың жалы түйенің қомында”деп аталатын алғашқы тараудың өзі – ақ таза қазақы болмыс пен дүниетанымнан хабардар етеді.

Қаныштың өмірге келуі, ат қойылуы былайша суреттеледі: “Доңыз жылында, яки, жаңа есеппен 1899 жылдың наурыз айында, яки марттың 31 жұлдызында, жаратқан ием Имантай деген пендесіне ұл береді. Нәрестенің есімін Ғабдул – Ғани қойдық. Құдай – тағалам бергеннен жазбасын. Аллахуәкбәр. Әумин!” Имантай ақсақал бұл сөздерді жай

қағазға емес, құран кітабы мұқабасының астар бетіне жазып қойғанында мән бар: ол кезде бір жерге түртіп қою қалыпта жоқ, әрі киелі кітапқа жазылған сөз сол киелі кітаппен бірге сақталып, бірге жасамақ. Жарықтық әулие кісі екен, Имекеңнің сол ықтияттығының арқасында біз бүгін болашақ ұлы ғалымның нақ қай күні туғанын нақтылы біліп отырмыз”.

Қазақ халқының тұрмыс – тіршілігіндегі көптеген құбылыстар олардың санасында сіңісті болып, күнделікті өмірінде қолданыс тапты. Жас сәби өмірге келгеннен бастап, оған есім беру, осыған қатысты түрлі ырым – дәстүрлерді орындау қажет болған. “Жас Қаныш” еңбегінде халықтың осы дәстүрі егжей – тегжейлі баяндалады.

Қазақ халық әдебиетінің мұралары мен этнографиясын зерттеген Ә. Диваев, XIX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ ауылдарын аралап, өлең – жырлары мен салт – дәстүрлерін жинап, зерттейді, діни наным – сенімдеріне назар аударады. Зерттеуші кісі есімдеріне байланысты туған аңыздарға да тоқталып, “Туркестанские ведомстидің” 1916 жылғы 206 санында “К вопросу о наречении имен у киргизов” деген мақаласын жариялап, қазақ халқының адамға қоятын есімдерін басқа түркі тілдес халықтардың есімдерімен салыстыра келе, ат қою ерекшеліктеріне, кейде ер адам есімдерінің (Ұлтуған, Ұлболсын, Ұлмекен т.б) әйел адамдарға қойылу себептеріне талдау жасайды. Тіпті “Жалпы біздің көшпенділер жаңа туған нәрестелеріне есім қоюға мән бермей, қалай болса солай қарайды, – деп, оған дәлел ретінде өте бір қолайсыз есімдерді келтіреді”. Зерттеушінің бұл пікірі халқымыздың ұзақ күткен сәби өмірге келгенде, оған “көз тимесін,” “жасы ұзақ болсын” деген ырыммен қосалқы, қарапайым, дөрекі есімдерді беруіне байланысты айтылған.

Қаламгер Е. Букетов балаға ат қоюдың мәнісін негізді түрде түсіндіріп: “қазақ балаға ат қоюда ешқашан немқұрайды қарамаған. Керісінше, бұл рәсімге ерте дайындалған, той – томалақ жасалып, ат қойған адамға сый көрсетілген. Әдетте, мұның бәрін молда атқарған, араб есімдері қойылған,” – деп бұл рәсімнің жағымды мәнін ашып, “Ғабдул – Ғани есімі таза араб сөзінен құралған. “Ғабдул” – “құдайдың құлы”, “Ғани” – “бай, дәулетті” деген сөз деп ұғындырады.

Қандай қоғамдық жағдайда да, адамның, отбасының міндеті – бала өсіру. Қоғамдық дамудың ең төменгі сатысында тұрған отбасылардың өздері бала туу арқылы ұрпағын жалғастыруды мұрат еткен. Жеке меншіктің шығып, байлықтың жеке отбасыларының қолына шоғырлануы – өмір бойы жинаған – тергендерін тікелей өз мұрагерлеріне қалдыру мақсатымен де әр отбасына баланың керектігі артты. Әсіресе, ер баланың керектігі сонау патриархалды отбасының шығуынан бері, тіпті қазіргі кезге дейін мәнін жоймай, атадан балаға беріліп келе жатқан дәстүр. Сондықтан қай кезеңдегі некелес адамдар бала тууға, оны өсіріп, ер жеткізуге зор мән берген. Осы ретте, зерттеуші – этнограф Х. Арғынбаев: “...баласының тәуір болуын армандаған ата – ана оған ел ішінде жақсылығымен аты шыққан адамның атын қою немесе оған баласының атын қойғызу, тұсауын кестіру, қырқынан шығарып, бесікке салғызу, тағы осылар сияқты синдиасмилік магияға негізделген әдістерді де қолданатын дей келе, “жаңа туған балаға ат қою қазақ қауымының көп ойластыратын мәселесінің бірі, солай балғанымен де қыз балаға ат қою қиын болмаған. Халықтың түсінігі бойынша қыз балаға тіл – көз онша көп тие қоймайтын болған, сондықтан оларға ең жақсы аттарды таңдайтын. Ер балаларға ат қою бұдан гөрі жауаптырақ саналатын. Олардың атын көбінесе үлкен әкесі, ауылдағы қариялар, кейде өз әкесі немесе зәуде келіп қалған жолаушыға да қойғызатын. Ер балаға бұрынғы өткен ата – бабаларының, батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың аттарын; баласы тұрмай жүрсе, ешкім ескеріп, көзге түспейтін жұпыны аттарды қоятын дейді». Міне, бұл пікір қазақ халқының ұрпағына, оның тәрбиесіне аса жауапкершілікпен, ата – ананың парызы деген ұғымға терең мағынамен келгенін байқатады.

Қазақтың біртуар ұлдарына есім беру өнегесі көркем туындыларда біршама көрініс берген. Мысал ретінде, Шоқанға ат қою суреттелетін үзіндіні келтіруге болады.

Қаламгерлік, зерттеушілік ізденісінің бір қырын – Шоқанның өміріне, шығармашылығына арнаған Сәбит Мұқанов “Аққан жұлдыз” романының бірінші кітабында: “Шыңғыс үйінде қонақтап жатқан Қалқай ишанға: – Әулие, сіз қойып беріңіз, нәрестенің атын, – деп өтінеді. Күллі ислам дүниесінің, олардың ішінде “Бағдатта жиырма бес жыл оқып, он екі пәнді тәмам ғып келіпті дейтін Қалқайдың сенімінде, бүкіл ислам тарихындағы ең зор ғазауатшы: Мұхаммед пайғамбардың әрі қызы Фатиманы алған күйеуі әрі әскерінің бас қолбасшысы, хазіреті – Ғали. Оның үш әйелінен он сегіз ұл болған, бәрі де батыр болған, солардың ішіндегі ең батыры – Мұхаммед – Ханафия дейтін ұлы екен, әкесіне еріп, ғазауат соғысын сол жүргізген деседі. Болашақтың Мұхаммед – Ханафиясы болар ма екен? – деген тілекпен Қалқай ишан баланың атын Мұхаммед – Ханафия қойды. Зейнеп сәбиін “Қанаш” деп, былай жұрт “Шоқан” деп кетті” – дейді. Бұл жерде де халқының сөнбес жұлдызы болған Шоқанға ат қоюдың қазақ халқындағы ырым – жоралғысы сақталғаны байқалады.

Осы тұста халықтың атақты адамдардың есімін ардақтап, құрмет тұту дәстүрі еске түседі. Текті адам деп құрметті ата – бабалары бар әулет аталады. Алайда, тектілік өзінен – өзі кісілік құндылық бола алмайды. Мәселен, олар қалың бұқарадан өзінің ерекше қасиеттерімен дараланып шыққан адам болады. Бұл әсіресе, көнедегі жыраулар поэзиясында мол жырланған. Ақын – жыраулар шығармашылығында текті адам туралы ой былайша түйінделеді: бұл дүниеде толыққанды өмір сүріп, халық жадында ерлік, елдік сипатымен мәңгі қалу. Олардың поэзиясында бейнеленген кісілік құндылықтар – әдептілік, тектілік, адамгершілік, көрегендік қасиеттер болып келеді.

“Жас Қаныш” хикаятының алғашқы тарауында көші – қон, үй тігу, еру беру, диқаншылық кәсіпке ден қою, саятшылық секілді этнографиялық көрініс мол. Мәселен, құс баптап, құс салу Ақтана бүркітке қатысты былайша суреттеледі: “Жемсауды тазартуға келгенде, балалар қатты қиналады. Ол үшін құстыратын затты (көбінесе сыртына май ораған шөкімдей таза киіз) ителгінің кішкентай аузына зорлап тығу керек болады. Құстың дөңгелек көздері жасаурап, қатты қипаланады, тіпті ол жылап отырғандай болады. Балалардың да көңілі босап, бір – бірінен теріс айналады”.

Халықтық шығармаларда бүркіт алғыр да өткір құс бейнесінде ерекше суреттелген. Мәселен, қаһармандық эпостарда болашақ ердің батыр, алып болып өсуіне айналасындағы тілекші, ақылгөй адамдар әсер етеді. Мысалы, Қобыландыны жылқышы Естеміс алты жасынан мергеншілікке, аңшылыққа баулиды. Осылайша кәсіп пен еңбекке жақын бола жүріп, ол шынығып, шыңдалады. Қобыланды мен Естеміс бір тауда қонып жатқанда шулаған дауыстар естиді. Оның себебін білген соң. Қобыланды ай астындағы жамбыны атып түсіріп, Құртқа сұлуды алады. Қобыланды жырда әрі қарай іс – әрекетінің ерекшелегімен даралана береді.

Фольклорлық шығармалардағы, әсіресе, эпостағы қаһармандар айырықша қасиеттің иесі ретінде ел есінде сақталуы үшін, олардың бойында көптеген мінез – қасиеттер, ерекшеліктер тоғысады. Батыр тіпті, дүниеге келмей жатып – ақ елден ерек болады. Анасы жерік асына не арыстанның жүрегін жейді немесе ұра тасты шайнайды. Міне осылай ерекше туған ер – болашақта еліне пана, қамқор болады. Яғни батырлардың жырда сұңқарға, бүркітке теңеліп, даралана берілуі осындай ерекшеліктеріне байланысты.

Көркем шығармадағы тұлға табиғаты арқылы, ең алдымен, қоғамдық проблема, ондағы ахуал бейнеленеді. Қаламгер Е. Букетов әлеуметтік болмысты көркем шындықпен егіз өрістетіп отырған. Болашақ тұлғаның жастық шағынан суыртпақтап сыр тарта отырып, жас Қаныштың белгілі бір өмір кезеңінен қызғылықты, шағын шығарма жасаған. Қазақ халқының этнографиясын, салт – дәстүрін жас кейіпкерінің өсіп, таным – түсінігінің қалыптасуымен сабақтастыра отырып, бала Қаныштың дара Қанышқа айналу, кемелдік сатыға ұмтылу кезеңімен ұштастырған. Қандай да бір көркем туындыдан біз болмыстың шынайылығын танимыз. Себебі, шығармада өмір, тірлік бейнеленіп, ақиқатты сол қалпында суреттемесе де, қоғам өзгерісі, адамның болмыс – бітімі, мінез – сипаты көрініс

береді. Ал, өмірбаяндық – деректік негізі мол туындыда бұл тіпті де терең байқалады. Қаламгер Е. Букетовтің “Жас Қаныш” хикаятында осындай ақиқаты, иланымы мол шынайы шығарманың табиғаты танылады.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17 том // – Алматы: Жазушы, 1978. – 345 б.
2. Букетов Е. Жас Қаныш // – Алматы: Қазақстан, 1999. – 180 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Екі томдық шығармалар // – Алматы: Жазушы, 1982. – 365 б.
4. Букетов Е. Алты хат // – Алматы: Жалын, 1996. – 230б.
5. Сыздық Р. Әдебиетші Жинақ. Біртуар. Академик Е. Букетов жайлы естеліктер // – Қарағанды: 1998, – 180б.
6. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. // – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.
7. Соболев Л. Литературное мастерство. Литературная газета. 1970. 25 марта.
8. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық // – Астана: Елорда, 2002.

ӘОЖ 821.512.122

Ғ.МҰСТАФИН ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЗАМАН ЖӘНЕ АДАМ

Кулибекова Ж.С., Акжигитова А.С.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Қазақ кеңес әдебиетінің өркендеп дамуы және проза жанрының кең құлаш жаюына айрықша еңбек сіңірген қаламгерлер қатарында М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты танымал тұлғаларды бірінші кезекте атаған жөн. Көрнекті жазушы Ғ. Мұстафин де өз қатарластарындай, шығармаларының басым көпшілігін заманының өзекті мәселелерін көркем бейнелеуге арнаған. Негізінен сол дәуір қаламгерлерінің басты шығармашылық ерекшелігі де осында жатыр. Бұндай шығармашылық кезеңді әр қаламгер басынан өткерді деуге болады. Әрине, заманымен қатар жүре отыра, сол уақытқа белгілі бір көзқарас білдіру, сипаттау оңай емес. Бұлардың қатарында еңбек адамын, заман адамын көрсету, оның тағдырын суреттеу, өзара мәңгі бітіспес «жаман мен жақсыны» таразылау алдыңғы кезекте болды.

Әрдайым бүгінгіні, шамасы келгенше – ертеңгіні жазған Ғабиден Мұстафин де еңбек адамының образын жасауға барын салды, сол өзгерістерді жіті бақылай отыра, өз шығармалары арқылы оқырманына жеткізе білді. Заман талабына сай, еңбек адамының образы көпшілікке үлгі болып, бүгінгі сөзбен айтсақ, өзгелерге мотивация беріп, бойларында өмірге деген құлшыныс пен жігер ұялата білуі қажет еді.

Осыған байланысты жазушы туындыларында ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қазақ ауылында орын алған маңызды өзгерістер көрініс тапты. Төңкерістің алдындағы қазақ ауылының жайы, кеңестік замандағы колхоз құрылысының дамуы, оның болашағы, өндіріс орындарының пайда болып, ірі индустриялы елге айналуы сияқты ірі науқандар суреткер шығармашылығының өзекті тақырыбына айналған. Олардың барлығында қаламгер заман бейнесін, сол дәуірдегі адам кейпін таныта алды.

1925 жылдың күзінен бастап, республиканың «Еңбекші қазақ» газетіне ұсақ хабарларды және басқа материалдарды С. Сейфуллин мен С. Мұқановтың жол көрсетуі бойынша жаза бастаған Ғ. Мұстафиннің кейін қалың оқырманға танымал «Қарағанды», «Дауылдан кейін», «Шығанақ», «Көз көрген», «Өмір мен өлім» романдары, «Миллионер» повесі ұзақ уақыт бойына белгілі бір идеяларды азық еткен қазақ оқырманының рухани сұранысын қанағаттандыратын туындыларға айналды.

Қаламгер, әсіресе, қарапайым халық пен жұмысшы таптың бейнесін шебер суреттейді – бұл образдарды көркемдеп жеткізе білу үшін сол ортада біте қайнасып, сол өмірді ішкі жағынан білген жөн еді. Өзі де жұмысшы адамның жайына сол ортада қанықты, үйренді, еңбек етіп, маңдай терін төкті: «Сонда егеуді қалай ұстауды да білмеймін.

– Үйретеміз, үйренуге ықылас болсын, – деді Донбасс жұмысшысы маған. Айтқандай – ақ, бір айдың ішінде болат сымнан арқан токуды үйретіп, бригадир қойды мені. Екі жетінің ішінде машинист етіп шығарды. Үш айда токарлықке үйретіп, қолыма станок берді» [1, 11 б.]. Сөйтіп, Қарағандыда үш жылдай жұмысшы болып, біраз тәжірибе жинақтап, еңбек жолын да, жазушылығын да шыңдайды. Атақты тарышы Шығанақ, жас агроном Жомарт, колхоз председателі Жақып, бұрынғы байдың жылқышысы Шойын, парторг Мейрам және бұлардан басқа механик, слесарь, токар, шахтер, инженер сияқты кейіпкерлер қатары мен оқиғаларды қиялдан емес, өмірдің өзінен ала отырып, туындыларын шындыққа негіздей алады.

«Менің ешбір шығармам әлдеқалай туған емес. Толғанудан, арманымнан туады» деген сөзде автордың нағыз жан ақиқаты жатыр [2, 17 б.].

Тарихта гектарынан 1232 пұт тары алудан дүниежүзілік рекорд жасап, агрономия ғылымына үлкен жаңалық қосқан Шығанақ Берсиев сияқты нағыз еңбекқор адамның бейнесін жасауда автор шынайылыққа көп барып, әсірелеуден аулақ болған. Сауатсыз болса да диқаншылық тәжірибесі аса мол, өте еңбекқор, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, соңынан ерген озат та адал шәкірт тәрбиелей алған бұндай тұлғаның ісі де жалғасын табатыны сөзсіз. «Еңбек етсең – емерсің» деген қағиданы берік ұстанған Шығанақ, көптің қамын ойлап, жолдасы Олжабек сияқтыларды да ортақ іске жұмылдырып, еңбек арқылы тәрбиелеуді мақсат еткен. Ауыр еңбекті жеңілдету жолдарын қарастырып, үнемі ізденіп, іс, еңбек әдісін жаңалап отырады, өз тәжірибесі мен ғылым жаңалықтарын ұштастырып пайдаланады. Заманауи жағдайда айтар болсақ, жұмысты оңтайландыру арқылы молырақ нәтижеге қол жеткізуді көздейді.

«Ғ. Мұстафин шығармалары қазақ халқының тарихи тағдырын бейнелеуде жаңа құбылыс болып табылады. Жазушы бүгінгі өмірді жырлауда тек тақырыптық жағынан ғана ұтуды мақсат етпей, кеңес өкіметі жылдарындағы ел өміріндегі тарихи өзгерістердің ішкі сырын, мән – мағынасын терең түсіне білді. Оны шығармаларында шынайы бейнелей отырып, туған халқының тағдыры жайлы толғаныстар жасады. Оның романдарынан жазушының өз заманымен, замандастарымен байланысы ерекше сезіліп тұрады» [3, 6 б.], – деген С.Қирабаев пікірінен қаламгер туындыларынан берік орын алған халықтық бейнелерді, өмірде нақты кездесетін адамдарды танимыз.

Мысалы, Қабыш сияқты құрдасының жалқаулығын, шаруаға епсіздігін қолдамаған Шығанақ, оған «Жас алпысқа келе жатыр. Бір туған төлміз. Талай шарт сынатын жер келсе де, соны ойлап, қайыса берем. Барғың келсе, қайтейін, бықсыта бер әрнені, тұтанбай қалмас. Барғың келмесе аузыңды бақ. Әлің келгенше істей бер. Тіпті істей алмасаң оны айт. Аңшылық бар, дүкен бар, қыл – қыбыр, тері – терсек жинау бар – бәрі еңбек. Таңда бірін. Ендігі қиқаңыңа көне алмаймын. Ірітпе жұртты» [3, 123 б.], – дейді. Жол көрсеткен, жөнді кеңес беретін Шығанаққа күдікпен қарайтын Қабышқа колхоз ішіндегі ешбір жұмыс жакпайды, бәрі шетінен мазасыз тірлік болып көрінеді.

«– Әй, Төкен! – деді бір уақытта. – Бұл тарысы құрғыр шықса бір пәле, шықпаса екі пәле екен. Тары жемесем де өлмеспін. Жанға тынышын айтшы» [3, 125 б.], – деп немесе:

«– Мал бағу да оңай емес. Басқа бірдеңе айт.

– Қазақтың малдан қашқанын көргенім осы.

– Малың егіннен де қиын. Жауында да, қара суық боранда да басқалар жатса да, малшы жатпайды. Қартайғанда ұшып өлер жайым жоқ.

– Онда кладовщик бол, берсе.

– Ол құрғыр да мазасыз. Ананы бер, мынаны бер деп отырғызбайды» [3, 125 б.], – дегеннен – ақ Қабыштың еңбек етуге деген «құлшынысы» көрініп тұр.

Ғ.Мұстафин осылайша өз шығармаларында небір образдарды, олардың ішкі жан – дүниесін шебер суреттейді.

Төмендегі үзіндіде жазушының адам жанының шындығын көрсетудегі көркемдік ізденістерінің үздік жетістіктеріне куә боламыз:

«Әбен жайшылықта сөзуар емес, аузы ауыр кісі. Тек осындай оңашада аңқауларға, жастарға көсіле сөйлейді. Қазір халық аузындағы бір аңызды, өз басынан кешкен етіп, айтып шықты. Таймас күле береді, соны сезіп қалса керек. Тағы сөйлеткісі келіп:

«Мысықтай епті едім дейсіз, япырай,ә?» – деп Әбеннің сиқына бастан – аяқ қарап өтті. Тіпті епті болар қисыны жоқ. Қарны іркілдеп, ердің қасынан аса жатыр. Етектері тақымынан шығып, бетімен кеткен. Мойнына қоян жүні бөкебай ораған болыпты, кеңірдегі көрініп тұр. Қолында – камшы орнына шыбық. Құйысқан, жүгенде шылбыр жоқ. Артқы айыл алқылдап, аттының төсіне, ер мойнына барған.

Түсе қалып, оңдап алуға ерініп келеді. Қайта – қайта: «Шіркін, жастық!» – деп қояды. Жасында да онша қырмаған болар...» [4,78 б.]. Осындай детальдардан кейіпкер ерекшелігі, болмыс – бітімі, мінез табиғаты көрінеді. Осылайша, әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік екеніне көз жеткіземіз. Жазушылар өз шығармаларындағы кейіпкерлерінің мінез – құлқын жан – жақты ашуға тырысады. Жазушы тілінің шеберлігі арқасында біз кейіпкерлерді сан түрлі қырынан тануға және түсінуге мүмкіндік алдық.

Мұстафин жасаған портрет үлгілері, негізінен, психологиялық мазмұнға, жанның сырына толы динамикалық қалпымен дараланады. Тіпті кейіпкерінің ең бір тыныш, қимыл – қозғалыссыз күйдегі портретін жасағанда да, сол арқылы оның ой, жан байлығын, парасат деңгейін танытуды көздейді. «Қарағандыдағы» Мейрам, «Көз көргендегі» Сарбала портреттерінен осыны анық аңғаруға болады. Жазушы өз заманының рухын танытатын әлеуметтік мәселелерді шығармасына арқау етіп, соған сәйкес көркем бейнелер жасаған.

Ал «Қарағандыдағы» Жанаттың жан баласына тіс жарып айтпаған ішкі сыры дәптер бетіндегі жазбалар арқылы көрінген: «Басқа түгіл өзімнен жасырған бір сырым бар. Тәнім таза, жаным қара бір жанмын. Адамшылық ар асқар таудай алдымда тұр. Жанымдай жақын Алманы қарайтқанша, қара күйедей қарайсамшы. Жанышта дейді сол жаралы жанды. Қалай барар батылым! Өйтіп татқан ләззаттан у ішіп өлген артық. У тек өлтіреді. Ал, мынау, мынау...

Бәріне, Жомарт, сен кінәлі. Неге тудың, неге көрдім. Аңдатпай алдың еркімді. Сала бер отқа, шыжысам да қабақ шытпан. Бірақ, бірақ, ақ бөпедей Алманы шырылдатып кете алман! Алтын сабыр мыс болмай, болат жігер бор болмай, берілме, Жанат, берілме! [3, 348 б.]. Бұл жерде басты кейіпкерлердің бірі – сұлу әрі нәзік жанды Алманың көзінен айырылғаннан кейінгі өмірі суреттеледі. Жазушы адамдардың он екі мүшесі сау кезінде осының өзі қандай бақыт екенін сезе алмайтынын көрсете алған. Көзінен айырылған адам басқа сау адамдарға қарағанда сезімтал және өмірге құштар болып келеді.

Шығармада егіздей бірге өскен Алма мен Жанаттың достығы Алманың күйеуі Жомарт пен Жанаттың махаббатынан биік тұрғанын байқаймыз. Екі ғашық қаншалықты бір – бірін жақсы көрсе де Алмаға деген адалдықтарын, адамдық қасиеттерін сақтап, өз – өздерін тежейді. Осындай эпизодтар арқылы романдағы кейіпкерлердің тағдырында орын алған жайт – өмірде кездесетін сан қилы оқиғаның бірі екені және ол кез келген адам басында болуы мүмкін дегенді еске салады. Осындай күрмеуі қиын мәселені шешуде кейіпкердің жан күйзелісі, өзін өзі жегідей жеуі, дұрыс шешімге келудегі ішкі арпалысы, тіпті жан азабы байқалады. Өмір болғандықтан, дұрыс не бұрыс шешім қабылдау – адамның құзырында.

Шығармадағы психологизм – адамның жан дүниесін, ішкі сезімін терең ашып көрсетуге айрықша мән беру арқылы байқалады. Жазушы адамды, адамның ойын психологиялық, мінездік толқыныстар тұрғысында бейнелеп береді.

Жазушылар өз шығармаларындағы кейіпкерлерінің мінез – құлқын жан – жақты ашуға тырысады. Жазушы тілінің шеберлігі арқасында біз кейіпкерлерді сан түрлі қырынан тануға және түсінуге мүмкіндік аламыз. Оларды көркем бейне ретінде қарастыра отырып, бастарындағы жағдайды сол кезеңдік оқиғалармен байланыста немесе жеке – дара тағдырларындағы ерекшеліктер ретінде саралаймыз. Себебі адамның қалыптасуында әр түрлі сыртқы факторлар мен ішкі рухани жайдың деңгейі маңызды орын алатыны белгілі. Кейбір өмірлік жағдайларда кейіпкердің өзін қай тұрғыда көрсете алғаны, сынақтан өте алғаны немесе өтпегені, қиындықтарды жеңе алу – алмауы, адамдық қасиеттерін жоғалту – жоғалтпағаны деген сияқты күрделі, сан қатпарлы жайттардың есепке алынатыны белгілі.

Осы орайда Ғ. Мұстафин шығарма кейіпкерлерінің іс – әрекет барысында көрінетін көңіл – күй құбылыстарын өте көркем түрде суреттеген. Олардың жан – дүниесін, мінез – құлқын, тебіренісін шебер суреттегенін байқауға болады «Ол – әдетте аз сөйлеп, көп тыңдайтын бұйығылау, ұялшақ жігіт. Әйтсе де бойында қайрат бары өңінен анық байқалады.

Қалың дөңестеу біткен қабағы, байсалды бүркіт көзі жұқалаң ақшыл жүзіне айбат та, келбет те беріп тұр. Өз қатары әлдеқашан араласып кетсе де, ол әлі тартысқа, топқа енген жоқ, оңаша, өз ойымен жүр. Сырты тыныш көрінгенімен, іші мазасыз... Ойлы жігіттің айтсам дегенінің көбін аз тәжірибе, шағын білім айттырмай жүрсе, біреулер сырттан оған «жасық», «өнерсіз» деген атақ жасырып жүр. Аман бұны жақсы сезеді, кейде тіпті соларды іштей қостап, өзін іске алғысыз қылады. Зады, өзіне ырзалығынан наразылығы, жұбатудан жануы көп жігіт еді. Тек жүйрік боздың үстіне шыққан кезде жабыңқы көңіл жарқ етіп, ашылып кететін».

Үзіндіде Аманның мінезінің басты ерекшелігін аңғартатын сипаттамамен, мінездеумен қатар оның түр – түсі, келбеті де көрініс тапқан [4, 85 б.].

Ғ. Мұстафиннің көлемді туындылары жайлы кең арнада талдау жасаған академик Р. Нұрғалидың әдеби – сын зерттеулері қазақ ғылымының алға ұстар бағыт – бағдары, тура жолы, ақиқат – шындығы ретінде берік орын алады.

Бұл бағдарда жазушының ұстаған позициясы ашық бояуын тауып, мүдде – мақсаттары жағынан қаһармандар әлеуметтік – таптық қайшылықтың ішкі сырын түйген. Халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде жүргізілген жаңа экономика саясаты тұсындағы қилы – қилы оқиғалар мен әр алуан күрес – тартыстар, шын мәнінде, «Дауылдан кейін» романында көркемдік шешімін тауып, жазушы тарихи бір кезеңнің картинасын алға тартты. Көптеген әңгіме, очерк, бірлі – екілі роман, повесть бой көрсеткенімен жаңа экономика саясаты тұсындағы ел өмірі, көркем шығармада ашық алаң тәрізді болып көрінетін еді.

Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін» романында осы бір оқиғаны әр тараптан қамтыған да, төңкерістен кейінгі кезде болған күрес – тартыс, ұлы өзгеріс, зор жаңалықтар бір – бірімен жалғаса суреттеліп, тарих шежіресінен көркемдік түйіндеу жасаған. Романдағы Жұмабек Ералин, Алексей Федорович осы бір игі істі өз қолдарына алған. Бұл жолда көлденең тұрған кедергі де, ер төзімін сынға саларлық небір қиыншылықтар да аз кездеспеген – ді. Ұлан – байтақ кең сахараны билеп, төстеп келген би, болыс, бай – феодалдар бас көтеріп, ырық бермеуге айналған. Міне, осыны жазушы Мақыш, Малқар, Шәкен төңірегінен көріп, сол бір кездің шындығын типтендіре суреттейді [7, 163 б.].

Осыған орай, романның сюжеттік желісі таптар тартысына құрылады да, ұнамды герой күрес, тартыс үстінде танылады. Шығармада екі – ұдай, екі жар болып келетін таптар тартысы типтік жағдайдың аясында алынады да, бір – біріне бетпе – бет келген

шақтарда характерлер өзіндік өзгешелігі, өзіндік даралығымен айқындала түскен. Осы салада романның оқиғасын қоюлап, бір эпизод – екінші эпизод туындап отырады да, қаһармандар қақтығысы жиілеп, ұнамды, ұнамсыз бейнелер топ – топқа бөлініп, жеме – жемге келгенде бірін – бірі іздеп табады. Осы бір жайды терең бағдарлайтын суреткер ауыл ішінде қым – қуыт, қиян – кескі талас – тартыстарды өрбітіп, ушықтырып отыратын. Малқар мен Шәкендердің бір пердесін ашып, бірді – бірге соғып, ел тыныштығын бұзып жүретін Жакып пен Шөген әрекеттерін жіліктеп шағып, сендіре суреттейді [5, 164 б.]. Романның түйіні шындық.

Кең сахараның қиян бір түкпірінде болып жатқан талас – тартыстан үлкен оқиға өрбіген. Малқар болыстың ел ішіне салған лаңы бүкіл ауылды қамтыған. Қос тазысын ертіп, ақбоз атпен таң сәріден аңға шығып өзімен өзі болып жүрген Аман да осы лаң – жанжалдан тысқары қалмайды. Роман оқиғасының өзекті арқауы болып, басынан аяғына дейін қатысатын бас қаһарман – Аман. Алғаш ол ел ішіндегі дау, жанжалдан бойын аулақ салып, аң аулаудың қызығымен ғана жүретін.

Аман аң аулаудың қызығына батып жүрген кездерде талай дүние өзгеріп, талай дүние жанарып, ауыл кедейлікті қолға алып та үлгерген – ді. Аман, міне, осылардың бәрінен тыс, өз қызығы өзімен болып жүріп жатқан бір жан.

Осы бір көріністерге байланысты сыншылар тарапынан Аман және оның қарсыластарының төңірегінде әр қилы пікірлер де болды. Оның бірінде Аман шықпаған образ десе, енді бірінде, осы романның басты қаһарманы бар ма, бар болса ол кім деген сұрақтар да қойылды. Әрине, бұл ойланатын да, ойландыратын да жайлар [5, 164 б.]. Әдетте, бас геройдың іс – әрекеті қоғамдық орта, әлеуметтік мәселелердің төңірегінен алынып, болып жатқан оқиғаға бірден қоян – қолтық араласса, ол сияқты геройдың тағдыры да күрес, тартысы да қауырт басталып кетеді де, өзінен көз жаздырмайды. «Дауылдан кейінде» Аман ондай емес, ұзақ уақыт ойланып, толғанумен жүреді де, өмір өзгерістерін жіті барлай алмайды.

Өз геройын байтақ қазақ даласының аса бір алыс түкпіріндегі ауыл өмірінен алып суреттейтін жазушы шындықтан тыс кетпей, Аман характерінің қалыптасу заңдылықтарын эволюциялық жақтарынан алып дәлелдеп, біртіндеп жетілдірген. Аман сыры тым тұңғық, сол себепті де ауыл ортасында ол жөнінде әр түрлі болжам, әр қилы пікірлер тараған. Біреулер Аманды «жуас», «момын» десе, енді біреулері «момын» дегенше жаман десейші деп өзара таласып жатады.

Соның барлығы да Аманның жүріс – тұрысына риза емес. Ел болып, жұрт болып, жаңалыққа бет қойып, ендігі өмір тек біздікі ғана емес пе деп, белдерін бекем буып жатқанда Аман бәрінен де бейхабар тәрізді [5, 165 б.]. Бұл жердегі зерттеушінің Ғ. Мұстафин сияқты жазушының шығармашылығына дендеп барып, туынды кейіпкерінің характерін ашып көрсетудегі еңбегіне назар аударған жөн.

Жазушы Ғ. Мұстафин прозасында кейіпкерлерінің өмірін шындыққа негіздей отырып, көркемдеп жеткізе алған, қилы тағдырлар мен оқиғаларды заманына сәйкес аша білген. Бүгінгі өзгеріске түскен немесе ұмытылған әлеуметтік жайларды осындай туындыларды оқу барысында білуге мүмкіндік мол, танымдық маңызы да зор.

Әдебиет:

1. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 бет.
2. Мұстафин Ғ. Ой әуендері. – Алматы: Жазушы, 1978. – 296 бет.
3. Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1981. – 384 бет.
4. Дәдебаев Ж. Ғабиден Мұстафин. – Алматы: Мектеп, 1989. – 92 бет.
5. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. 6 – т. Қазақтың жүз романы. – Астана: Фолиант, 2005. – 532 бет.

МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАР

Кулибекова Ж.С., Кусаинова А.К.

(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Көрнекті ақын М. Мақатаев поэзиясы қазақ халқының ұлттық болмысы мен табиғатын танытуда айрықша орын алады. Қаламгердің шығармашылығының өне бойында тұнып тұрған ұлттық нақыштар мен белгілер, ұлттық идея мен ұлттық мінез ерекшеліктерін айқындайтын сөз оралымдары, қазақ халқының салт – дәстүрін көрсететін жырлары Мұқағали поэзиясының биік шыңы деуге тұрарлық. Себебі, әр ақынның өз халқының тарихын, ұлттық ажарын мадақтап, барынша суреттеп беретін туындылары жетерлік. Бұл тақырыпты ақындардың барлығы дерлік сөз еткен. Бірақ әркімнің өзінше жырлауы, өзінше жеткізуі болатыны сияқты, Мұқағали ақынның да өзіндік жырлауы тағы бар.

«Күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарған» М. Мақатаев поэзиясының ұлттық бейнесін, ұлттық нақышын, ұлттық рухын ақын қаламынан туындаған кез келген өлеңдерінен көптеп кездестіруге болады. Автор қай тақырыпқа қалам тербесе де өлең бойынан қазақы тұрмыс – тіршілік, ұлттық болмыс, ұлттық мінез көрінеді. Сондай танымал жырларының бірі – «Наурыз айы туғанда».

Наурыз айы туғанда,
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді сыбаға,
Сапарға кеткен ұлдарға.
Наурыз айы туғанда
Наурыз, наурыз, күні игі!
Күні игі жердің – түрі игі.
Шашылып ырыс шанақтан,
Шақырып бір үй, бір үйді
Шаттанушы еді бір игі [1,73 б.].

Бүгінгі күндердегі мәні әсіресе өзекті болып келетін бұл өлеңнің бойынан қазақ халқы үшін аталмыш ұлы күннің қаншалықты маңызды екені ашылады. Наурыз, той, сыбаға, ырыс, шанақ, бір үйді бір үйдің шақырып шаттануы сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы игілікті күннің келуі халыққа қаншама қуаныш пен береке сыйлағанын жеткізеді. Алыс жолға кеткен азаматтарға міндетті түрде ырымдап сыбаға сақтаудың өзінде дана халықтың олардың саулығын тілеп, сапардан аман – есен келіп, дәм татуын сұрағанын білдіреді.

Қазақ халқының салт – дәстүрінен орын алған наурыз жырларының орны көрінеді. 90 – жылдарға дейін Наурыз ұлттық той – думан ретінде аталмай, мойындалмай тұрған уақытта оның барлық қадыр – қасиетін ашып берген осындай үздік туындыны дүниеге әкелген ақынның бұл өлеңі бүгінгі күні өзінің лайықты орны мен бағасын алып отырғаны, қазақы дәстүрдің мәні мен мағынасын танытуда, кеңінен көрсетуде үлкен роль атқаратыны даусыз. Белгілі бір ұлттың өзіндік бет – бедері мен ерекшелігін айқындап тұратын да осындай туындылар.

Ақын дала, ауыл, тау бейнелері арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін жырлайды. Олар ақсақал – қарт, дала мен тау, әже, ауыл, шаңырақ сияқты ұлттық нақыштағы ұғымдармен тікелей байланыста ашылады.

Атап айтқанда, ақынның анаға арналған өлеңдерінен де қазақ анасының бейнесі танылады.

...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,

Ақ кимешек жоғалса...

Нені көрем??? [2,71 б.], – осы бір – ақ шумаққа қаншама сезімді сыйғызғанына еріксіз таңданасың.

Өлең жолдарынан қазақ халқына тән ұлттық ерекшелік байқалады. Ақ кимешек – ұлттық киім. Қасиетті анаға лайық ұлттық бас киім. Ақын осы қасиетті ақ кимешектің жоғалмауын тілейді. Жыр бойында ақынның анаға деген сағынышымен қатар, қазақ аналарының ұлттық бейнесінің сақталуын қалайтын ақын арманы бар. Аталмыш тақырыптың заманауи жағдайда тағы да өзекті екені айқын. Ақ кимешек киетін аналар мен әжелер болса, ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесінің де негізі мықты болатыны сөзсіз. Ұлттық кодты сақтап қалуға деген сенім де молаяды. Себебі, өркениетті қоғамда әр ұлт өзінің айқын қасиеттері мен белгілерін осындай асыл да қастерлі, өте қажетті детальдар арқылы танытады.

Қонақпен күнді батырып,

Қонақ боп атып таң нұры.

Тұратын еді шақырып,

Әжемнің аппақ жаулығы [2, 62 б.]. Асыл әжеге деген шексіз сүйіспеншілік пен махаббат, ерекше жылулық пен құрмет орын алған осы жолдарда.

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,

Өліге мен өзіңді телімегем,

Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,

Ақ кимешек астынан сені көрем.

Өңі – түсі өзіңнен бір аумайды,

Немересін ертпесе жүре алмайды.

Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,

Көзіме оттай басылып, алаулайды.

Әппақтығы ұқсайды әрінің де,

Әжімің де, аумайды тәлімің де.

...Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!

Әже, сен тірі екенсің әлі күнге [2, 129 б.]. Әженің ыстық құшағы мен алақан жылуына, мейірімі мен қамқорлығына бөленіп өскен немерелер өмір бақи сол сезімді ұмытпайды, сондай әжелерін сағынышпен еске алып, ризашылықтарын білдіріп жүреді, олардың берген тәлім – тәрбиесін

Ата – әжелердің өз немере – шөберелерін балаларынан артық жақсы көреді деген түсінік бар. Шынында немеренің асты – үстіне түсіп, бәйек болу, беттерін қақпау, ерекше еміреніп, айналып – толғану арқылы бар махаббаттарын арнайды.

Ұлттық мақтаныш деген де осы болар. Шіркін, асыл әженің ыстық құшағын, аялы алақанын сезініп өскен балаға одан өзге бақыттың керегі де жоқ еді. Немере үшін әже – дүниенің негізі мен барлығы, қорғаны мен шексіз махаббаттың, еміреніп – елжіреудің бесігі. Әже алақанының ыстық табын арқаңнан сезіну, шуаққа толы көздерін көру, «айналайыны» мен әлдиін үздіксіз есту – жұмақпен тең әсерлер ғой.

Ғалым Қ. Алпысбаев: «Ақын жырларының ешқандай алабөтен насихатсыз жүректерге жол тартуы сондықтан. Ұлттық рух – мәңгілік. Ақын рухының онымен ұштасуы шығармашылық бақыт» деуі [3,79 б.] – соның дәлелі.

Қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрінде бар тағы да бір ерекше қасиет – үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үлкеннің жолын кеспеу, үлкеннің алдында ұстамдылық көрсету, ата – ананы ардақтау, сөз асылын қадірлеп, оған құлақ асу, көрегенділік таныту секілді салт – дәстүрді берік ұстанған. «Батамен ел көгерер демекші», бұндай тәрбиені бойына сіңіріп өскен ұрпақтың өмірде жолы болып, еңбегі де жанады деген қағиданы ұстанған.

Дуалы сөзімен елін аузына қаратқан, ел арасындағы дау – жанжалды бір ауыз әділ шешімімен тоқтата білген қариялар халық арасында ертеден бар.

Мен қарапайым қарттарды сүйем,

Не деген керім еді!

Сақалыңнан айналдым, қарт – бабалар,

Ұрпағына не айтасың артта қалар?

Осылай деп қарттардан қалап келем,

Өнеге, өсиетін санап көрем.

Санап көрем...тоймаймын...сұранамын,

Себебі мен де бір күн жауап берем [2,16 б.].

Көркемдік нақышы айқын болып келетін өлең жолдарының ұрпақ тәрбиесіне өнеге – өсиет беруде қарттар мен ақсақалдарды, әжелер мен аналарды перзенттік құрметке бөлеуі айрықша. Тәрбие от басынан, ошағын сүюден, ата – аналарына қамқорлық пен жанашырлықтан басталмақ.

Еліктей жортып өскен ем,

Еңіс пен қырат, дөңдерде,

Өнеге тұтып зердемде,

Осынау ұлы жерлерде...

Армандап, аңсап барғанда,

Алдымнан шыққан бар ма?

...Басымды ием тауларға,

Басымды ием орманға,

Бұлардан ыстық жан бар ма?.. [1, 61 б.].

Мұқағали поэзиясы ұлттық әдебиетті жаңа белеске көтеріп, қазақ өлеңінің ұлттық реңкі мен өзіне тән рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегін бірден және мәңгілікке жаулады. Ақынның сыршыл лирикасы қазақ әдебиетінің өркендеу тарихында лайықты орын алып, мазмұн мен көркемдіктің, шеберлік пен терең ойдың, жақсы жырдың биік үлгісін көрсете алды.

Әдебиет:

1. Мақатаев М. Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1982. – 318 бет.
2. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 493 бет.
3. Алпысбаев Қ. Мұқағали өрнегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 187 бет.

УДК 398.431:432

ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ БЫЛИЧКИ И БЫВАЛЬЩИНЫ В КАЗАХСКОМ КУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Леонтьева А.Ю., Ташқараева У.Е.

(СКУ им. М. Козыбаева")

Русский фольклор Казахстана в аспекте межнационального взаимодействия и взаимопроникновения представляет сегодня несомненный научный интерес и актуальную проблему фольклористики. Поэтому цель нашего исследования – рассмотреть процесс бытования былички и бывальщины как жанров русской сказочной прозы в культурном пространстве представителей казахского этноса. Специфика нашей работы заключается в том, что и собиратель – фольклорист, и информанты представляют казахский этнос,

являются изначальными носителями казахского языка и традиций национальной культуры.

Список информантов:

1) Касымова А.Т. // Касымова Аида Тойлыбаевна 2003 г.р., образование незаконченное высшее, жительница села Тонкерис Сарыагашского района Туркестанской области, студентка. Запись произвела Ташқараева Үкілімай Есқарақызы, студентка группы РЛ – 20, 20.10.2021, в городе Петропавловске.

2) Камал Д.Б. // Камал Диана Бауыржановна, 2002 г.р., образование незаконченное высшее, жительница села Тонкерис Сарыагашского района Туркестанской области, студентка. Запись произвела Ташқараева Үкілімай Есқарақызы, студентка группы РЛ – 20, 20.10.2021, в городе Петропавловске.

3) Мурат Н.Е. // Мурат Нуржан Ержанович, 2001 г.р., образование незаконченное высшее, житель села Саумалколь Айыртауского района Северо – Казахстанской области, студент. Запись произвела Ташқараева Үкілімай Есқарақызы, студентка группы РЛ – 20, 20.10.2021, в городе Петропавловске.

4) Сейдахметов Н.Б. // Сейдахметов Нурхан Бекжанович, 2002 г.р., образование незаконченное высшее, житель села Жилга Казыгуртского района Туркестанской области. Запись произвела Ташқараева Үкілімай Есқарақызы, студентка группы РЛ – 20, 20.10.2021, в городе Петропавловске.

Информанты и собиратель относятся к молодому поколению, их возраст – от 18 лет до 21 года. Возрастная характеристика разрушает традиционное представление о том, что носители быличек и бывальщин – представители старшего поколения. Кроме того, Государственная программа трёхязычия облегчает усвоение произведений и жанров русского устного народного творчества. Интересно отметить и тот факт, что беседа фольклориста с потенциальными рассказчиками ведётся на казахском языке, а былички и бывальщины излагаются по – русски.

В русском устном народном творчестве существует много жанров, каждый из которых имеет свои особенности. Сегодня быличка и родственная ей бывальщина входят в состав сказочной прозы, подобно легенде, сказу, преданию.

На первый взгляд кажется, что все жанры сказочной прозы похожи, их объединяет «установка на правду, на истинность повествования, независимо от характера содержания» [1, с. 13]. У былички и бывальщины свои особенности и назначение – они представляют собой мифологические рассказы об общении «очевидцев» с представителями нечистой силы. Эта специфичность объясняет второе название жанра, свойственное детскому фольклору, – страшилка.

Происхождение былички таится в глубинах истории Руси. Как справедливо отмечает В.Д. Глебов, «зарождение жанров былички и бывальщины относится, очевидно, к тем давним временам, когда сформировались древние языческие верования. Как и у многих народов Земли, у русских людей существовали тогда более или менее развёрнутые мифологические рассказы о языческих богах и божках, покровителях определённых природных явлений, стихий и местностей. С принятием христианства вера людей в высшие языческие божества была подорвана: с ней была утрачена и посвящённая им и широко бытовавшая некогда древняя языческая мифология». На современном этапе демонологические жанры отражают фольклорное двоеверие – соединение традиций христианства и язычества: «Вера же русских людей в низшую демонологию оказалась более стойкой. Существа, ответственные за жизнь леса, реки, поля или избы, всегда были более близкими и понятными простому крестьянину, чем высшие языческие божества, которые и были заменены единым христианским Богом. Именно поэтому вера в эти мелкие демонические существа удержалась в памяти народа на многие столетия и дошла до наших дней» [2, с. 9].

Слово «быличка» заимствовано у крестьян Белозёрья (один из северных районов Вологодчины) и употребляется фольклористами в практике исследовательской работы. Само название «быличка» утверждает правдивость истории, реальность событий, которые случились с людьми, хорошо известными рассказчику. Возможна и передача повествования знакомых, ставших очевидцами [1, с. 13]. Быличка отличается от легенды и сближается с бывальщиной тем, что она не апеллирует к традиции, а рассказывает историю из современной жизни, произошедшую с самим рассказчиком, но чаще – с его знакомыми или знакомыми его знакомых. То есть, отличительным признаком этого жанра является установка на реальность событий. Как и бывальщина, быличка описывает повторяющиеся события, которые могут случиться и со слушателями. В отличие от легенды и предания, быличка и бывальщина не объясняют некую реалию, а предостерегают или просто повествуют о сверхъестественном случае. Данный жанр подразумевает искреннюю веру в реальность произошедшего.

События былички бывальщины обязательно происходят в обычной жизни. Место действия – территория, хорошо известная рассказчику и слушателям. Это дополнительный способ акцентирования правдивости истории. Изначальная цель этого жанра – предостережение от каких – то поступков. Например, ходить ночью на кладбище (мертвеца встретишь) или не наклоняться близко к воде в реке (водяной утащит). С другой стороны, быличка и бывальщина в настоящее время могут исполняться просто как череда праздных историй о встречах с мифическими персонажами во время общения группы лиц на отдыхе.

В начале XIX в. набирает обороты интерес исследователей к этим произведениям. Начинается сбор и публикация их в общих сборниках наряду со сказками и другими устными жанрами. Многие писатели включают их в канву своих произведений как часть повествования. Во 2 – й половине XX в. быличка оформляется как официальный жанр, начинается её детальное изучение и типологическое разграничение.

Фольклористами составляются каталоги быличек по тематическим разделам:

- О духах природы.

Эта группа страшилок содержит подразделы, в которых главными персонажами выступают леший, водяной, кикиморы, русалки и прочая нечисть.

- О домашних духах. [1, с. 167 – 182].

- О чёрте, змее, проклятых

- О колдунах, ведьмах, покойниках.

- О кладках

- О вестниках судьбы, предзнаменованиях.

- О небесных силах [3, с. 305 – 320].

М.В. Рейли предлагает классификацию быличек «по функциям мифологических персонажей с учётом глубинной композиционной структуры текста в свете отражённых в нём запретов и предписаний»[4, с. 204].

Сюжеты объединяют дохристианские и христианские представления народа о сверхъестественных силах. Характерно, что нечистая сила приходит из язычества, а вот обереги (молитва, крестное знамение, святая вода и другие атрибуты) имеют христианский генезис. Современная фольклористика поднимает проблему разграничения жанров былички и бывальщины, долгое время воспринимаемых синонимически. Это устные народные рассказы, в которых повествуется о необычных событиях и явлениях, якобы происходивших с рассказчиком или с кем – либо из близких ему людей. Однако между ними есть одно отличие: в быличке предельно конкретизировано всё – герои, время, место действия; повествование изобилует бытовыми деталями, фантастическими подробностями. Весь рассказ подается как «свидетельское» показание. В бывальщине же действие предельно обобщено, герои, время, место действия лишены конкретности, довольно неопределённые и расплывчатые.

Весьма популярна структурно – нарративная дифференциация жанров Э.В. Померанцевой: былички – это «суеверные мемораты», бывальщины – «суеверные фабулаты» [1, с. 6]. Её концепцию развивает В.Д. Глебов: «В бывальщинах рассказчик использует совершенно иные художественные приёмы, что делает их также непохожими на былички. Так, например, быличкам свойственны одноэпизодность, лаконичность и скупость деталей, а также неожиданные завязки и напряженные кульминации (рождающиеся от неожиданного “вдруг”, которое случается с человеком). В бывальщинах иначе. По сравнению с быличками, в них более разработана фабула событий, многоэпизодность (нередко происходит контаминация нескольких сюжетов об одном демоническом существе в один, более развёрнутый). И наконец: бывальщина уделяет несравненно больше внимания описанию бытовых деталей, внешнего вида, поведения и привычек демонических персонажей» [2, с. 8]. При этом оба исследователя отмечают возможность перехода былички в бывальщину. Э.В. Померанцева полагает: «...действия героев – мифологических существ – могут усложняться, приобретать психологическую мотивировку. В таком случае простой эпизод разрастается в сложный сюжет – меморат превращается в фабулат, рассказ выходит за жанровые границы былички, становится бывальщиной» [1, с. 24]. По мнению В.Д. Глебова, жанровый переход осуществляется при условии, что былички «обретают форму фабулата, т.е. постепенно отделяются от личности рассказчика как непосредственного участника или заинтересованного лица событий» [2, с. 8].

Противоположную позицию отстаивает Е.А. Военушкина: «... разделение таких жанров, как быличка и бывальщина, обусловлено лишь формальным удобством, однако данное разобщение неестественно с точки зрения коммуникации, поскольку иногда в процессе изложения истории формы 1 л. и 3 л. смешиваются и становится не совсем очевидно, от чьего лица ведётся повествование. Полагаем, что для коммуникативной ситуации важен именно факт встречи говорящего с нечистой силой, причем не столь принципиально – самого говорящего или его знакомого, поскольку такая ситуация транслирует определённые закономерности мирового порядка. Это имеет значение не для отдельного человека, а для всего коллектива» [5, с. 78].

Мы разделяем дифференцированный подход к пониманию и атрибуции жанра, поэтому в процессе работы разграничиваем былички и бывальщины. Теоретическая значимость работы заключается в том, что собранный материал представляет картину мифологических представлений жителей сёл Туркестанской и Северо – Казахстанской областей; он подтвердит или опровергнет выдвинутую нами гипотезу бытования русской былички в культурном поле казахского этноса.

Практическая значимость заключается в сохранении образцов фольклорных произведений и сближении языческих верований, бытующих среди сельского населения страны. Собранный материал может оказаться полезным для проведения дальнейшей исследовательской работы по изучению фольклорного наследия нашего края, а тексты быличек обогатят фольклорный архив Северо – Казахстанской области.

Итак, наша цель – исследовать суеверные рассказы, бытующие в сёлах Южного и Северного Казахстана. Материал получен в результате online – опроса небольшой группы населения. Собиратель У.Е. Ташқараева, студентка группы РЛ – 20, задаёт информантам один вопрос: «Какие мифологические персонажи вам известны?». В ответ названы персонажи из группы низшей мифологии – домового и водяной.

Былички о домовом

Домовой, по народным поверьям, – дух, живущий в доме, его хранитель, иногда наказывающий за нарушение обычаев. По отдельным отрывочным сведениям, бытующим в сёлах, чаще всего он помогает следить за скотом и лошадьми (плетёт в гриве лошадей косички, чистит во дворах, пугает тех, кто не попросится ночевать в новом или чужом доме). Никто его не видит, но представляют маленьким старичком с седой бородой.

Указывают, что живёт он в подполье, под печкой. Есть и упоминания о том, что домовому нужно оставлять гостинец – корочку хлеба или конфетку положить в укромный уголок в избе. Некоторые верят, что при переезде в новый дом надо позвать с собой своего домового. Но ни действий, ни слов заговора назвать не могут.

Бытование в казахском культурном пространстве русских демонологических персонажей подтверждает процесс неомифологизации – включения образа домового в комплекс национальных мифологических представлений. «Домовой» переводится на казахский язык как «үй иесі». Он был создан во времена Адама ата и Хауа ана. Подобно русскому домовому – защитнику, если хозяева содержат дом в чистоте, готовят еду, он никого не трогает и не показывается на глаза. Если ночью на столе оставить солёную пищу и стакан молока, он защитит дом от воров и злых духов. Домовой – безопасный дух. Если дома бьётся посуда и двигаются вещи, можно понять, что домовой рассержен.

1) Рассказывает информант Аида Тойлыбаевна Касымова: *«Произошло это, когда мне было где – то 5 – 6 лет, не больше. Каждое лето я приезжала к бабушке в деревню. Была я вполне самостоятельной, родители были только на выходных. Соседкой нашей была шустрая бабушка, я её звала тётёй Алмой. Любила она целыми днями в огороде сидеть, а я от нечего делать ей помогала (забора между огородами нашими не было).*

Часто меня тётя Алма в гости приглашала, а точнее, я сама напрашивалась. И вот как – то раз говорит: “А давай мы с тобой домового поищем!” Я с радостью согласилась. Дом был большой, двухэтажный, с выходом на чердак и в подвал, со всякими каморками. Помню, встанем мы тихо – тихо, и прислушиваемся, а там где – то шуришит на чердаке. И мы бегом по лестнице. А как прибежим, так в другом месте скрипнет. Так и носились по всему дому. А на ночь я всегда у соседки на столе оставляла или пирожок, или бараночку, или сухарик, в качестве гостинца домовому. Наутро подарка на месте я не находила, но, конечно же, думала, что тётя Алма его взяла, чтобы меня не расстраивать.

Давно это было, но когда вспоминала деревню и бабушку, отчётливо всплыл этот случай. И не один раз это было, почти каждый день. Тогда, конечно, я маленькая была, ничего толком не понимала, воспринимала это как игру. А сейчас сижу и понимаю, что в доме соседки кроме её самой и меня никого не было, а моя бабушка была не в том возрасте и не с таким здоровьем, чтобы шутки шутить. И дом был хороший, крепкий, и совсем не старый, половицы сами по себе не скрипели... Тогда я задаюсь вопросом, что же это было на самом деле? Может, тётя Алма и не играла со мной? Ведь как сама по себе может открыться дверь, запертая на задвижку? А может, и гостинцы никто не трогал...»

Рассказ А.Т. Касымовой по структурно – нарративным признакам относится к быличкам – суеверным меморатам. Своеобразие данной быличке придают развёрнутый сюжет, элементы рефлексии информанта: сомнения рассказчицы, её воспоминания, выводы о реальности появления домового.

1960 – 80 жылдарда жазылған повестерде кеңестік дәуірдің келбеті суреттелген. Орыс халқымен тығыз қарым – қатынас жасағандықтан орыс тілі арқылы да өзге батыс елдерден де терминдер жаппай енгені, қазақ ауылдарында орыс мектептері ашылып, қазақ мектептерінің санының азайғандығы бәрімізге мәлім. Бұл қоғамдық жайттардың барлығы біздің әдебиетімізге, әдеби тілімізге кері ықпалын да тигізгендігі белгілі. Повестердегі кірме сөздердің оның ішінде өзге тілдерден енген сөздердің қолданысына назар аударсақ, оларда орыс тілінен енген сөздер көп кездеседі. Орыс сөздері кейіпкер тілінде де, авторлық баяндауда да ұшырасады. Біз талдап отырған шығармаларда зерттеу нысанына алынған авторлар кірме сөздерді қажетіне қарай әр түрлі мақсатта кеңінен пайдаланғанын көреміз.

1960 – 80 – жылдары жазылған повестерде руссизмдер көп кездеседі. Бұған ең басты себеп – әрине, «замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі [9, 10 б.].

40 – жылдардан былай, әсіресе, соғыс жылдары кезінде тілімізде орыс сөздерінің баламасы болса да, аударылмай алынып, көркем шығармаларда да руссизмдер мен шетелдік термин сөздердің саны шамадан тыс көбейгені мәлім. Бұған себеп – 1933 жылы «қазақ тілінде баламасы болсын, я болмасын шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдер мен советизмдер аударылмай қабылдансын» деген принцип басшылыққа алынды [8, 174 б.].

Жалпы қазақ халқы, оның ұлттық қазақ тілі де сан алуан кезеңдерді бастан кешірді. Кезінде шағатай тілі, онан арабизм, руссизм әсері секілді қазақ тілі қазіргі заманға дейін әр түрлі тілдер ықпалында болып келгенін тарихтан білеміз. Міне, осындай сыртқы факторлар әсері қайтсе де, қай тіл болмасын ізін қалдырмай тұрмайды. Қазақ тілі үшін соның бірі – руссизмдер. Қайсыбір русизмдер қазақ тілінің дыбыстық заңдылығы бойынша айтылып, төл сөз секілденіп кеткені белгілі. XX ғасырдың II жартысынан бастап етене еніп, қазақ тілінің жалпыхалықтық күнделікті сөйлеу, әдеби тіліне сіңісті болып кеткендері көптеп саналады.

Повестерде қаламгерлер халықтың күнделікті өмір тіршілігінен бастап, әлеуметтік салаларға қатысты орыс тілінен алынған ұғым атауларын қолданған. Оларды бірнеше

тақырыптық топтарға жіктеуге болады: әр түрлі мамандыққа қатысты сөздер, тарихи оқиғаларға, тұрмыс қажеттігіне, ауру түріне, ауруханаға қатысты сөздер.

1. С. Жүнісов соғыс техникасының атаулары және әскери өмірді суреттеу үшін де орыс тілінен енген сөздерді орынды қолданады. Шығармада кездесетін сөздер – 40 – жылдары сөздік құрамда жиі қолданылып жүрген сөздер. С. Жүнісовтің «Әжем мен Емші және Дәрігер» деген повесінде **солдат, танк, фашист, командир** сөздері сол кезеңдегі қоғамдық – әлеуметтік жағдаятқа байланысты жиі қолданылған сөздерге жатады. Жалпы «солдат – итальян сөзі, сальдо – темір ақшаның аты деген мағынаны береді. Ертеде итальян әскерлерінің кейбірі шақырумен келген де, мөлшерлі жалақы (сальдо) алып тұратын болған. Осындай жалдамалы жауынгерлер солдат деп аталған» [10, 10 б.]. **Солдат** сөзі эпостарда, Исатай – Махамбет көтерілісі тұсында, әсіресе XIX ғасырдың II жартысында жиі қолданылған сөз. Бұл кезең – қазақ даласы орыс армиясын, яғни солдаттарын көбірек көріп, әбден танытқан болған кез. Демек, **солдат** сөзі де әбден орнығып, енді мағынасын кеңейтуге бет алған. Ал Абайдың кара сөздерінде барлық жерде ол орыс армиясының адамы мағынасында жұмсалады. С.Жүнісовтің «Әжем мен Емші және Дәрігер» повесінде суреттеп отырған кезеңнің шынайы суретін жасауда қолданған: *Соғыстан жараланып елге оралған солдат құсап қайттым* (266 – б.). *«Солдаттар осылай да осылай болу керек», – деп, өзі армия қатарында болып келгеннен жаңа ойына келгенін істейді* (297 – б.). *Менің үстімде Қарлығайын кішірейтіп берген солдат гимнастержасы* (275 – б.). Мысалдарда С. Жүнісов «солдат» сөзін соғыс кезіндегі халықтың хал – ахуалынан көрініс беру үшін қолданған. Сонымен қатар, **танк, фашист, командир** сөздері қолданылады. *Бір жақ сыртында бес жұлдызы бар танктің суреті. Аузынан қызыл оқ борап, фашистерді жусатып қырып келеді* (С.Ж., 296 – б.). *Жерге түскен ине көрінеді. «Лажес», – деді командиріміз* (Сонда, 257 – б.).

2. Автор аурудың түріне, ауруханаға қатысты сөздерді сол қалпында қолданған. Онымен қойған жоқ, **сестралар** орынға алып келді (С.Ж., 319 – б.). *Баяғыда дәрі атаулы шошқаның мойынынан жасалады деп, доктор берген дәріні бүкіл елге ішкізбей қойып ең, әлі де алысып келесің* (Сонда, 319 – б.). Осы шығармада сестра сөзі 15 рет, доктор сөзі 2 рет қолданылған, бұл сөздер халық тілінде қолданылатын актив сөздер қатарына жатады. *Біздің палатадағы соқыр жігіттің аты Жұман екен* (С.Ж., 327 – б.). *Ой, көсегің көгергір, трапез болам. Бәрінен бұрын операция қалай болады екен, соны айтшы, – дейді* (Сонда, 329 – б.).

3. Повестерде ай аттары орыс тілінде қолданылған. Мысалы: *Августың аяқ кезі. Жайлау суынып, көк шалғын сарғайған шақ* (Д.И., 322 – б.). *Қыстың қай күні есте тұр, айы январь болатын* (Сонда, 329 – б.). *Декабрьдің дәл ортасы еді. Күндіз қар, түнде ит – құс тыным бермейді* (Сонда, 315 – б.). *Жүз жылда жалқы рет қана қайталанатын июнь айындағы боз қырауда әкемнің жалаң аяғының ізі қалды, әттең – ай, ол із күн шыға сол таңғы шықпен қоса еріп, бу боп ұшып кетеді – ау* (О.Б., 110 – б.).

Әскердегі өмірден хабар беретін сөздер кейіпкердің хатында былайша көрініс тапқан. *Осыдан жеті ай бұрын ғана отпускіде болып қайтып ем, енді сұранғанмен бәрібір жібермейді. Қазір службам жақсы. Денсаулықтың арқасында армиялық борышымды ойқарып жатырмын. Жақында мариш – бросок болды. Ол өте қиын. Қатты шаршадық. Мен бәрінен озып шықтым. Батальон командирі солдаттарды қатар – қатар тұрғызып қойып: – Молдарәсілов, бері шық! – деді. Мен алға шықтым. Командир жұрт алдында маған алғыс жариялады...* (Д.И., 409 – б.). **Отпускі, служба, мариш – бросок** т.б. сияқты орыс сөздері ауызекі тілде айтылып жүрген вариантта қолданылған. Бұлар әдетте варваризмдер деп аталады да күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі.

О. Бөкей, С. Жүнісов өз повестерінде орыс тілінен енген сөздерді екі түрлі тәсілмен қолданатынына көз жеткіздік.

4. О. Бөкей «Қар қызы» повесінде сөздердің дыбысталу түрін сақтап, еш өзгеріссіз

сол қалпында қолданған: – *Здравствуйте, незваные гости...* (О.Б., 297 – б.). – *Неден қорқасың, шырағым. Нечего бояться! – Какая разница. Жейтін нәрсенің төркіні – бір* (312 – б.). – *Давай назад! Тракторды шұғыл бұр да, артқа тарт!* (322 – б.). – *Совхоз үшін! Отделение үшін. Жасасын управляющий!* – деді елірген Бақытжан (352 – б.).

5. Кейіпкер тілінде орыс тілі сөздері қазақ тілінің фонетикалық ыңғайымен қолданылған.

Зерттеуші Б. Шалабаевтың «Халықтық этимология (өтірік этимология) да комизм жасауға ықпал етеді. Халықтық этимология дегеніміз – шет ел сөзін сол сөзді қабылдаған тілдің өз фонетикалық ыңғайына қарай бұрып қолдану. Мағынасы жағынан олар бір – бірінен алшақ болуы мүмкін», – дейді [11, 73 б.]. Қаламгерлер повестерінде де орыс сөздерінің бұзып қолданылуы бір жағынан, тіл заңдылықтарына сәйкес табиғи құбылыс болса, екінші жағынан, көркем мақсатқа қолданылатын стилистикалық тәсілге жатады. *Жерге түскен ине көрінеді. «Лажес», – деді командиріміз. Жата – жата қалдық «Пером!» – деді бір кезде* (Сонда, 257 – б.). – *Кәне, кәне, опратсиэ жасатқан көзіңді көрсетші* (С.Ж., 327 – б.). – *Ей шал, – деп керілді Аманжан. – Сол қормыңнан бізді де кормиттасаң қайтеді. Сағатымды сыйлайын* (О.Б., 312 – б.). Кейіпкердің «тілмаштық деңгейін», тілін даралап көрсетуде бұзып айтылған орыс сөздері мен қазақ сөздерін араластырып қолдану, интонациялық тәсілдерін пайдалану жолы да күлкі туғызуға себепкер.

Жалған этимологиялы сөздердің кейіпкердің жаңсақ түсінігіне байланысты қолданылатын реттері аз емес. Демек, өзге тілден енген сөздердің экспрессивті айшықтануы жалған этимология арқылы да іске асады. Зерттеуші Х. Нұрмұқанов «Жалған этимологиялы сөздердің қашан да экспрессивті, эмоционалды реңкі болатындығын» [12, 71 б.] атап көрсеткен. Туындыларда жалған этимологиялы сөздер, яғни, кірме сөздер, төмендегідей қолданылған:

- 1) Сөздер дыбысталу түрін сақтап, еш өзгеріссіз сол қалпында қолданылған;
- 2) Кейіпкер тілінде өзгеріске ұшырап қолданылған;

Орыс тілінен енген сөздер сол кезеңді суреттеуде, көркем бейне жасауда қолданылған. Орыс тілі сөздері қазақ тілінің грамматикалық заңына бағындырылып немесе сол қалпында қолданылған. Сонымен қатар, кейіпкер тілінде кірме сөздер фонетикалық өзгеріспен жұмсалған. Кейіпкердің аузына оларды бұзып сөйлеуде комизм жасаудың бір тәсілі ретінде қолданылған.

Қаламгерлер төл тумалармен қатар, кірме сөздерді тіл байлығының жетіспегендігінен емес, сол кезеңдегі қазақ өмірінің тұрмыс қажетіне, суреттеліп отырған заманына лайық әртүрлі стильдік мақсатта немесе шығарманың эмоционалды – экспрессивті реңкін арттыру мақсатында қолданған.

Әдебиет:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003. – 496 бет.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – 304 бет.
3. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, 2004. – 616 бет.
4. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1980. – 126 бет.
5. Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. – Алматы, 1991. – 102 бет.
6. Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М., 1989. – С. 406.
7. Дмитриев Н.К. О тюркских элементах русского словаря. // Лексический сборник. Выпуск III, Издание иностранных и национальных словарей. – М., 1988. – С. 245.
8. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің лексикасы. – Алматы, 1996. – 498 бет.
9. Сүлейменова Б. О русских словах в произведениях Абая. // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. – Алматы, 1964. – Вып. 4. – С. 15.
10. Қожағұлова Қ. Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Астана, 2006. – 24 бет.
11. Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 222 бет.
12. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы, 1987. – 288 бет.

А. СЕЙДИМБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамзина Г.С., Каримов Р.
(М. Қозыбаев ат. СҚУ)

Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синонимдер. Әрбір тілдің қаншалықты дамып жетілгендігін синонимдер арқылы байқауға болады. Тұлғалары бөлек, мағыналары жақын сөздер – көркем шығармаға қажетті тілдік құралдар. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін тандап алу арқылы айтпақ ойды дәл беруге, образ – бейнені әсерлі етіп жеткізуге болады. Синонимдер бір – біріне сайма – сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысының өзіне тән мағыналық реңктері бар. Көркем шығарманың экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында, мағынасы мен мағыналық реңктерінде.

Қазақ тілінің бай тіл екендігі синонимдердің молдығынан көрінеді. Ғалым Ә. Болғанбаев «Синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз тобынан болған сөздер» деген [1, 10 б]. Осы жайында К. Аханов мынадай ой айтады: «Тілде синонимдердің мол болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, әр тарапты екендігін көрсетеді. Сөздік құрам неғұрлым бай, орамды болады. Сөйтіп, синонимдердің молдығы – тілдің байлығын, дамыған тіл екендігін аңғартатын көрсеткіштің бірі. Синоним сөздерді жете білудің үлкен мәні бар. Лексиконы синонимдерге бай адам сөз мағыналарының арасындағы нәзік айырмашылықтарды дөп басып айтуға шебер келеді. Өзара мәндес сөздердің мағыналық нәзік айырмашылықтарын жете білген адам синоним сөздердің сыңарларының айтылатын ойға дәлме – дәл келетінін тауып қолданады да, оның жазғаны немесе сөйлеген сөзі нысанаға дәл тиіп жатады, әрі келісті, әрі мәнерлі болып шығады», – дейді [2, 173 б]. Ғалымдар синонимдердің мынадай белгілеріне қарап талдайды:

- 1) Сөздің дыбысталуында аз да болса, тұлғалық өзгешелігі болуы қажет;
- 2) Сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет;
- 3) Сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс;
- 4) Бір сөз табынан болған синонимдер бірыңғай грамматикалық тұлғада келіп, контексте бірін – бірі алмастырған жағдайда бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Синонимдер әр түрлі жолдармен пайда болады.

1. Сөздердің мағыналық жақтан дамуы қосымша жаңа мағыналарына ие болуы синонимдік қатарлардың жасалуына әсер етеді. Осыдан көпмағыналы сөздер мен синонимдердің қарым – қатынасы, өзара байланысы келіп туады. Көп мағыналы сөз әр мағынасында әр түрлі синонимдік қатарға еніп, синоним сөздердің шеңберін кеңейтіп отырады.

2. Заттар мен құбылыстардың бірден көзге түсіп, байқала қоймайтын айрықша белгілері мен қасиеттерін бірте – бірте ашып, оларды атау үшін және мағыналарының реңкін ажыратып айту үшін, тілде жаңа сөздер жасалып отырады да тілдің бүтіндей сөздік құрамы даму, баю күйінде болады.

3. Әдеби тіл лексикасының диалект сөздердің есебінде толығыуы нәтижесінде де синонимдер жасалады.

5. Тілде белгілі бір стилистикалық қызметте жұмсалатын эфвемизмдер басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерінде мәндес синоним жасалады [3, 6 б.].

Академик Рабиға Сыздықова синонимдердің көркем сөзде қолданылуы туралы: «Синонимдер – тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты, икемді, актив стильдік құрал» [4, 27 б] деп санайды. Синонимдер – лексикалық категория ғана емес, функционалдық стильдерде актив қолданылатын стильдік құрал. Атқаратын стильдік қызметі – белгілі бір контексте бір сөздің бірнеше рет қайталанбау жағын көздеу және көркем ойды құбылтып, жан – жақты толықтырып, мәндес сөздердің болымсыз айырмашылығын дұрыс қамтып, белгілі бір ұғымды оралымды етіп жеткізу. Сондықтан синонимдік қор көркем әдебиетте жиі қолданылады. Синонимдер омонимдерге қарама – қарсы құбылыс. Омонимдер жазылуы бірдей, мағыналары әр басқа сөздер болса, синонимдер, керісінше, жазылуы әр басқа, мағыналары бірдей сөздер деген түсінік баршамызға мәлім. «Өскелең бай тілдің басты белгілерінің бірі – синонимді сөздер. Тілдің өсіп, көркеюі үшін, бай әдеби тіл боп жетілу үшін синонимика категориясының айрықша маңызы зор. Тілдегі мақал – мәтелдер, жұмбақ, идиомдар ойды бейнелеп, меңзеп айтудан, астарлап, кестелеп, айтудан туады. Сол сықылды тілдегі синонимді сөздер, синонимді тізбектер де негізгі бір ойды әлденеше құбылтып, айтудан құралады деуге болады».

Қазақ тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарларының молшылығы жағынан да өте бай. Бір ұғымды білдіру үшін кейде 20 – 30 синоним сөз қолданыла береді. Синонимдердің қолданылу өрісі өте кең, сөйлегенде, жазғанда, белгілі бір ойды сегіз саққа жүгіртіп, тілді соншалықты оралымды етеді. Әр адамның ойлаған нысаналы мақсатына, көңіл, күй, көзқарасының әуеніне қарай айтайын деген сөзін, пікірін басқа кісілерге нақтылы, дәл әрі көркем етіп жеткізуде синонимдердің атқаратын қызметі соншама үлкен. Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның образдылығы мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі. Адамның ойлаған ойын, көңіл – күйі мен көзқарасын нақты әрі көркем түрде жеткізу үшін синонимдер айрықша қызмет атқарады. Олар белгілі бір ойды тоғыз саққа жүгіртіп, тілді соншама оралымға келтіреді.

Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілде синонимдерді пайдаланып, керегіне жаратпайтын жазушы жоқ. Әр жазушы синонимдерді талғап жұмсайды, өзінің стиліне тән қолтаңбасын қалдырады. Қай жазушы болмасын керегі жоқ қайталанулардан аулақ болу үшін дыбысталуы әр түрлі бірақ мағыналары жақын сөздерді өз талғамымен қолданады. Жазушы шығармаларында синонимдер белгілі бір ауыртпалықты, жүкті көтереді. Сөйлем ішінде өзінің ауқымды қызметін атқарады. Жай қызмет емес, стильдік қызмет атқарады, сөйлемнің экспрессиялық бояуын нығайтады. Тұжырымға жүгінсек.

Синонимдердің сәл ғана мағыналық нәзік айырмашылықтарды қамтып, оралымды түрде беруде мәні айрықша. Мұнымен бірге, синонимдердің стильдік мәні күшті. Сөйлеуде не жазуда бір сөзді қайта – қайта қайталай беру, мысалы, алдыңғы сөйлемде қолданылған сөзді, соған байланысты екінші сөйлемде қайталап қолдану кейде стильдік жағынан кемшілік тудырады, қолайсыз, ретсіз болып көрінеді. Мұндай жағдайда сол сөздің синонимін тауып қолдану орынды, келісімді болады. Сонымен синоним сөздер – кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның көркемдігін, сапасын, жүйесін, күшін, байлығын танытатын сөздер тобы.

Синонимдер көркем әдебиет тілінде өте кеңінен қолданылады, өйткені кез келген суреткер өз ойын мағыналы сөздер арқылы жеткізеді. Жазушы шығармасында бір сөздің бірнеше синонимін қолдана отырып, көркемдүниені оқырман жүрегін тілдің байлығын, көріктілігін, мәнділігін бере отырып, жеткізуге тырысады. Жазушы жүрегінен, көңілінен шыққан шынайы сөзді таңдап, талғап, орынды қолдана білсе, онда оның шеберлігінің бір қыры болып саналады. Синонимдерді өз орнында қолдана білу тіл мәдениетін көрсетеді. Синонимдерді қиюын тауып жұмсау шеберлікті танытады. «Синонимдес сөздер шығарманың экспрессивті стилистикалық мәнін күшейтеді, толқындата сөйлеуге

мүмкіндік береді. Синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір – бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болумен бірге, барлығының бір сөз табына енетін сөздерден жасалуы шарт. Әр түрлі сөз табына қатысты сөздерден синонимдік қатар жасалмайды. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін, оның құрамына енетін сыңарлардың барлығы да бірөңкей етістік сөздерден болу керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында бар.

Ғалымдардың айтуынша, қазақ тіліндегі сөз табының ішінде синонимдерге ең байы – етістік. А. Ысқақов: «Етістік тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика семантикалық сипатымен, бай лексика – грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты» – деп сипаттама береді [5, 222 б]. Осындай қызметтері көркем шығармаларда айқын танылады. Қаламгер туындыларында етістіктер, оның ішінде, көсемшенің арнаулы формасы – ып, – іп, – п жұрнақтары жазушылар туындыларында белсенді түрде қолданылғандығы анықталды. Автор шығармаларында жұмсалуды төмендегідей мысалдардан көре аламыз. Бұл мысалдарда мағыналас сөздер қатарласа келіп, синонимдік қатар құрайды. Ал мағыналас сөздерді қатарластырып қолдану тіл білімінде плеоназм деп аталады.

Зат есімнен болған синонимдер: *Қаза үстінде «Ол қалай болып еді?» деп қадала сұраушылар болмаса да, Түнқатардың көрген михнатын, шеккен бейнетін кейінгінің құлағына салып қояды ниет еткендей* («Бір атым насыбай» 116 – б).

Мұнысын «махаббат, ғашықтық» деп балауға жүрегі дауаламайды («Күзеуде», 22 – б).

Бейнет, мехнат – адамның жанын қинайтын қиыншылық, ауыртпалық, зәбір (Син.с., 135 – б).

– *Бұл дегенің ырыс, береке емес пе...* («Атамекен» 212 – б).

Сын есімнен болған синонимдер: *Өздері де бұл Орта жүзде алапаты артық, сіңірлі, жуандары көп ел еді ғой* («Қыз ұзатқан», 49 – б). Сонда *Мұстафа салқын, қатқыл жүзін бұрып:*

– *Ә – ей, шырағым – ай, ойдан шығарып отыр ғой деймісің, – деді* («Қызұзатқан», 56 – б).

Жігіттің өз жұрты күншіл қайын жұрты мінішіл, шын жұрты – нағашы жұрты деген сөз рас – ау деймін («Аққыз», 70 – б).

Қазіргі сәтте бөтен ауыл деп тосырқамай Тұрсын да өзінің әзілқой, қылжақпас мінезін көрсетіп, маңайындағы жігіт – желеңмен әзіл жарастырып алған («Аққыз», 90 – б).

– *Бір күні көрші тарақтылардан Алтыбайдың Мұса дейтін баласы келе қалды. Жүрісі де суыт, өңі де сынық* («Қыз ұзатқан», 49 – б).

Рышман көбінесе ашулы, ызбарлы сәттерінде үй ішімен осылайша қысқа қайырым тілмен жасаптасатын («Күзеуде», 18 – б). *Ашу, ыза* – наразылықтан, зығырданы қайнағандықтан пайда болатын сезім, бұлқан – талқан күй (Син.с., 87 – б).

Соның бәрінде де көзге шоқтай басылған сонау ызбарлы, қатал сурет үшеуінің көңіліне де «Бұл Сыздық құстың тілін білетін шығар!» деген ой ұялатқан («Ақиық» 158 – б).

Бойына біткен тәкаппар, өр мінезі де дәл қазір өткінші бір жасандылық сияқтанып, енді ғана өзіне тән қорғанишақ, жуас, тіптен ұялшақ мінезімен табысқандай халде отыр («Күзеуде», 18 – б). *Тәкаппар, өр мінезді* – өзінен басқаны менсінбейтін өзімшіл, менменшіл (Син. с., 517 – б).

Етістіктен болған синонимдер: – *Жарықтық, арқаны қалай қыстап қалды екен?! – деп, таңдану – сүйсіну аралас пікір қозғады* («Ақиық» 159 – б).

Көсемше тұлғалы етістіктіктердің қатар келуі: *Аққызды өзгеге қимастай боп бекініп, түйініп алған Наймантай елге келісімен шұғыл қимылға кірісті* (Аққыз, 98 – б).

Мұндайда көп бөрінің ортасына түссең, оп – оңай **додалап, жайратып** кетеді (Аққыз, 76 – б).

Езіліп, егіліп отырған кәрі денесін жиып ала қойған, дауысы да дірілісіз («Қыз ұзатқан», 40 – б).

Осы кезде төрде отырған күміс сақал қария әбден **мүжіліп, тозған** әжімді жүзін болмашы көтере түсіп:

– Жарықтық, бір атым насыбай үшін он жыл итжсеккенде жүріп қайтқан еді. («Бір атым насыбай» 116 – б).

Төлеп сәл **күмілжіп, бөгеліңкіреп** еді, Сыздық:

– Айта бер, шырағым, айта бер! – деп ықылас – пейілмен демеп жібергендей шырай танытты («Ақиық» 170 – б).

Есімше тұлғалы етістіктердің келуі: Сондықтан да ақбоздың ойы шаппа – шап араласпай әрі – бері әурелеп, жау бойына таяқ батырса **өшігіп, өкшелей** ұмтылмақ (Аққыз, 76 – б).

Дүние дүр сілкінген **жасанған, жасарған**, еңсені басқан ауыр жүктен арылғандай еркін тыныстайды (Сонда, 36 – б).

Көсемше тұлғалы, есімше тұлғалы етістіктер көбінесе қатар келіп, бір – бірін толықтырып, шығармадағы негізгі ойды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі синонимдер толып жатқан тәсілдер арқылы жасалады. Күрделену арқылы: күрделі сөздердің құрамына енген түбір сөздер оп – оңай бірікпейді. Өзінен – өзі қосарланбайды немесе кездейсоқ тіркеспейді. Олар белгілі бір заңдылыққа, ұғымға негізделіп күрделенеді. Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев: «... синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, оларды қосарлап та (қосақтап та) пайдаланамыз. Екі синоним сөз қосарланып қолданғанда бұлардың білдіретін ұғымының көлемі кеңейеді [6, 116 б] – деген ой айтады. Әдетте қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес (пара – пар) сөздерден (компоненттерден) құралады. Ал синонимдік қатынастағы қос сөздердің беретін мағынасы туралы А. Ысқақов: «Мәндес сыңарлардан қосарланған қос сөздер мағыналары бір – біріне жақын сыңарлардан құралады да, топтау, жинақтау ұғымдарын білдіреді» дейді [5, 119 б].

Көсемше тұлғалы, есімше тұлғалы етістіктер қосарланып жұмсалады. Наймантайлар **жуынып – шайынып**, сақал – мұрты басысып, енді үй сыртында бой жазып тұр еді (Аққыз, 87 – б).

Бірақ Аққызды көрісімен, әйелінің де көңіліне қарамай, **өліп – өшіп** сөз салыпты (Сонда, 98 – б).

Зат есімнен жасалған қос сөздер: Наймантай, Аққыздар бір топ **жігіт – желеңмен** құс салып, серуен құру үшін ауылдан түс қайта шықты (Аққыз, 89 – б).

Мына сұрағының **анық – қанығын** білгісі келген жанның алыстан шолғаны сияқты екен... (Аққыз, 102 – б).

Онысы – әлгі мен бықсытқан хабардың **анық – танығын** көршілерден сұрауға кеткені (Сонда, 267 – б).

Әкемді үйден әкеткен, елді күйзелтіп, **бала – шаға, қатын – қалашқа** дейін ауыр жұмыстың азабын тартқызып, жоқшылыққа душар еткен жауға деген ызбар бар сияқты ажарында (Сонда, 277 – б).

Ауылдың басқа да қызыққұмар **бала – шағасын** бұл топ кейінге қалдырған («Ақиық» 183 – б).

Әсіресе, аяқ астынан **той – домалақ, ойын – сауық** ұйымдастырып, мәре – сәре боп жататынын қайтесің («Қыз ұзатқан», 48 – б). Онан да **құлық – сұмдықтан, зәбір – жападан** ада бейбіт ғұмыр кешітім, жақсылық пен жомарттықтың анасындай әсем табиғаттың аясында болдым, бұл өмірде аңшылық – саятшылық деген бір үлкен өнер екен, сондан ләззат алдым десең нетті («Ақиық» 164 – б).

Қосарланып қолданған өзара мәндес сөздер бір – бірінің мағыналарын айқындай түседі. Айтылмақ ойдың әсерін күшейтіп, экспрессивтік бояуын қалыңдатады. Сонымен бірге жазушының тіл шеберлігін де танытады. Себебі қос сөз – стильдік авторлар единица, яғни бұл қосар сөздер жекелеген автордың қаламынан шығатын бірқолданар тұлғалары. Жалпы қосар сөздерді тудырушы автор әр түрлі сөздерді тіркестірмей, мағыналас, тақырыптас сөздерді қосарлап, олардың фонетикалық жағынан үндесіп, ұйқасып келуіне зор мән береді. Осындай фонетикалық жағынан үндесіп келетін қос сөздер мәтін ырғақтылығын тудырады.

Жазушы шығармаларында синонимдердің зат есім, етістік болған түрлері жиі кездеседі, бұл сөз таптарының синонимдік қатар құрауға бейімділігінен болса, екінші жағынан, туындыдағы кейіпкер тілінің шындықты бейнелеу, оқиғаны дамыту қызметімен байланысты болса керек. Синонимдерді қосарлап қолдану, бірнеше синонимдерді қатар келтіру – сөз мағынасын бірте – бірте күшейтіп, немесе әлсірете, сөздің экспрессиялығын жақсы көрсететін амал. А. Сейдімбеков шығармаларының тіліндегі қосарланған синонимдерді саралай келе, оларды кейіпкердің сезімдерін, көңіл – күйлерін, психологиялық халін, әсерлері мен ойларын нақтыландыру мақсатында қолданылғанын байқадық.

Жазушы тілдік – стильдік құрал ретінде лексикалық синонимдерді қолданумен шектеліп қалмайды, сонымен қатар **фразеологиялық синонимдерді** қолданудың ғажап үлгісін де көрсетеді. *Айсыз түнде елестей боп қана көз алдында қалған жұмбақ қыз сол жұмбақтығымен арбап, көңілін алаң етті. Тіптен сол бір қас қағымның өзінде – ақ жай оғындай ұшқыр сезім, байыбын болжатып үлгертпейтін тосын түйсік санасын жаңғыртып, «Қыз!.. Қыз!.. Қыз!..» деп өре түрегелген. Бірақ соның өзі ырқынан шығармай арбап, жұмбақтығымен қызықтырып, «мұнда – мұндалап» үздіге шақырғандай. Елемей, қайырылмай кетсе, ер емес, ез екенсің деп келеке қылатындай... Мұнысы кәріліктің бұғалығында бұлқынған Таймастың бойынан қуаты сарқылып, шарасы таусылған шақта тапқан жұбанышы еді («Аққыз», 80 – б).* Жазушы синонимдерді сөйлемдегі орналасу орнына қарай әр түрлі позицияда қолданады. Сөйлемдегі синоним сөздер оқырманға жай баяндау ғана емес, сипаттауға, сөзбен сурет салуға зор ықпалын тигізіп тұр. Синонимдер тілдің кемеліне келіп, қаншалықты жетілгендігін, оның бейнелілігі мен дамығандығын көрсететін көрсеткіш деп есептеледі.

Әдебиет:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1977. – 378 бет.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 180 бет.
3. Таласпаева Ж. Стилистика және лексика. – Петропавл, 2005. – 81 бет.
4. Сыздық Р.Ғ. Сөз құдіреті. – Алматы, 2005. – 32 бет.
5. Ысқақов А. Қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 381 бет.
6. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 бет.

УДК378.02:37.026.9

ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЕ НАПОЛНЕНИЕ КЕЙС – МЕТОДА ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОСТРАННОМУ

Шуйншалина А.Т.

(Кызылжарская общеобразовательная школа, г. Актобе)

Образовательный процесс – это динамичная система, характеризующаяся постоянным поиском и развитием методики и методов обучения, постоянным

обновлением и наполнением его компонентов. Преподаватели постоянно ищут новые средства, формы методы, соответствующие целям развития современной образовательной системы. Как и любой предмет, русский язык как иностранный требует творческого и новаторского подхода к преподаванию. Безусловно, преемственность в методике имеет особое значение, поэтому важно сочетать традиционные и новые методы, найти «золотую середину». Вопросы обучения русскому языку как иностранному на современном этапе носят междисциплинарный характер, обусловленный спецификой образовательной системы, характеризующейся, с одной стороны, стремлением к глобализации, с другой стороны, к сохранению национального своеобразия того или иного языка.

Одним из инновационных и перспективных методов в обучении иностранным языкам является так называемый «кейс – стади». Кейс – стади, также именуемый в методике как «кейс – метод», – это метод активного проблемно – ситуационного анализа, основанный на обучении путём решения конкретных учебных ситуаций (кейсов).

Кейс – метод создан в Соединенных Штатах Америки. Впервые он был применен в школе права Гарвардского университета в 1870 г., однако активное использование началось в 20 – е годы XX века в Гарвардской школе бизнеса, позже стали публиковать первые подборки кейсов. В последнее время этот метод получил широкое применение не только при изучении экономических наук, но и естественных, медицинских, юридических и др. В настоящее время ведущей компетенцией в методике преподавания русского языка как иностранного является коммуникативная компетенция, которая направлена на то, чтобы не просто дать знания о языковой системе, а научить общаться на иностранном языке. Это обуславливает выбор данного метода, поскольку он способствует развитию навыков ведения дискуссии на иностранном языке. Мы использовали данный метод на занятиях при обучении русскому языку как иностранному и включили материал национально – региональным компонентом в задания. Вопреки традиционному пониманию кейс – метода, где применяются уже имеющиеся знания в решении определённых ситуаций, некоторые специалисты рассматривают данный метод и как способ изучения предмета, если главная цель в его изучении – приобретение системных знаний, и как способ освоения определённым содержанием обучения, одним из компонентов которого являются навыки и умения осуществлять ту или иную деятельность, т. е. это и способ формирования навыков и умений в различных видах деятельности.

Образовательный потенциал этого метода проявляется в том, что он позволяет объединить теоретический материал с позиции реальных событий. Кейс – метод способствует повышению мотивации и активности у обучающихся в изучении учебного материала, в усвоении знаний и совершенствованию навыков самостоятельной проработки информации для дальнейшего разрешения и обсуждения конкретной ситуации. Взаимодействие осуществляется не только и не столько между преподавателем и обучающимися (также непосредственно в группах или микрогруппах). При обучении иностранному языку, в т. ч. РКИ (Русский язык как иностранный), этот метод может применяться для развития коммуникативных навыков, для совершенствования умения общаться в группе, а также для закрепления и использования в речи изучаемого лексического и грамматического материала. Основные идеи кейс – метода – это поливариантность, когда нет однозначного ответа; акцент переносится не на получение информации в готовом виде, а на формирование личного, индивидуального взгляда, на сотворчество преподавателя и учащихся; результатом являются не только знания, но и закреплённые, приобретённые навыки; технология этого метода заключается в том, что по определённым правилам разрабатывается модель ситуации, приближённой к жизни, преподаватель выступает в роли ведущего, фиксирующего ответы, поддерживающего дискуссию. Помимо вышеперечисленных преимуществ данного метода нас привлекла его гибкость – возможность наполнить кейсы лингвострановедческой

информацией и национально – региональными компонентами. В кейс – методе можно выделить следующие этапы:

- 1) введение в ситуацию;
- 2) разделение студентов на группы;
- 3) изучение ситуации;
- 4) обсуждение ситуации в группах. (опционально – распределить роли внутри группы);
- 5) игровой процесс (анализ ситуации, принятие решения, его оформление);
- 6) подведение итогов. Анализ деятельности групп (опционально – оценки исполнения ролей учащихся);
- 7) разбор оптимального варианта;
- 8) общая дискуссия.

Основываясь на вышеприведённой модели кейс – технологии, мы включили дополнительные элементы при разработке наших занятий. В данной статье мы бы хотели привести пример работы с кейсом «Выбор работы». Данная тема, на наш взгляд, актуальна для выпускников, как будущих специалистов, которые по окончании вуза займутся поиском работы. Для успешной реализации поставленных целей при проведении занятий с применением кейс – методов, целесообразно дать опережающее домашнее задание. Предлагается список слов, которые они должны использовать во время занятия; также для продвинутого уровня возможен самостоятельный поиск лингвострановедческих сведений соответственно информации в заданной ситуации; для базового уровня даются готовые тексты. Для данной темы студенты уровня В1 – В2 могут самостоятельно найти информацию о компаниях в Интернете. Рассмотрим использование кейс – метода на примере практического занятия в группе уровня А2+ на тему «Выбор работы». В данном кейсе его герой живёт в городе Якутске и, соответственно, ищет работу среди якутских работодателей. Как было сказано выше, на урок студенты приходят с предложенной лексикой и некоторыми сведениями по заданной теме.

1. Введение в ситуацию «Выбор работы».

Студенты получают текст о герое кейса и сравнительные таблицы компаний – работодателей. Для наглядности используется такой способ представления информации как презентация Microsoft Power Point.

На первых слайдах размещается фотография героя кейса и краткая информация о нём. Далее идет информация о компаниях с фотографиями, слайдами.

2. Разделение учащихся на группы. В начале занятия делятся на команды или группы (в зависимости от количества людей в группе число команд может варьироваться) и получают кейс – ситуацию. Следует отметить, что в поликультурной группе целесообразно сформировать смешанные команды, где, например, на двух носителей одного языка приходился хотя бы один носитель другого языка.

3. Изучение ситуации. На этом этапе преподаватель предлагает прочитать вслух предложенную ситуацию. «Настя успешно прошла собеседования на должность бухгалтера в трёх компаниях. С одной стороны, Настя не хочет тратить много времени на дорогу, т.к. живёт далеко от центра города. С другой стороны, она хочет много зарабатывать. Ещё она желает дальше изучать корейский язык и использовать знание английского языка. Помогите Насте определиться с выбором».

Героиня кейса должна выбрать место работы. Трудности выбора вызваны противоречиями: высокая зарплата – отдалённость от места жительства; низкая зарплата – близость от дома и т.д.

4. Обсуждение ситуации в группах. Изучив ситуацию в общем, просмотрев фотографии, презентацию и проанализировав информацию, начинают обсуждения в группах. Время для этого этапа – не более 10 минут. За это время они должны представить «идеальную компанию» для героини кейса и выбрать из предложенных вариантов

наиболее оптимальный. Каждый должен высказать своё мнение, но в конце обсуждения команда должна прийти к одному, на их взгляд, правильному решению. При этом один человек должен взять на себя функцию секретаря – записать аргументы в пользу того или иного варианта.

5. Подведение итогов. После этапа обсуждения команды по одному выходят в центр аудитории, представляют и обосновывают свой выбор. На нашем занятии было 3 команды по 3 человека. Аргументов, в среднем, было 3, поэтому каждый участник представил по одному доводу, т. е. была достигнута коммуникативная цель данного кейса – все члены команды высказались. Преподаватель на доске вписывал в таблицу выбор каждой команды, чтобы сразу была представлена общая картина. Учащиеся привели следующие аргументы в пользу алмазодобывающей компании:

1. Высокая зарплата («может путешествовать», «купить машину»).
2. Большие премии.
3. Бесплатные обеды («тоже экономия»).
4. У команды, выбравшей авиакомпанию, были следующие доводы:
5. Бесплатный проезд до любого города любой страны («Настя любит путешествовать»).

6. Близость от дома. Близость к реальной ситуации делает данный метод действительно эффективным. Работа с кейсами способствует активизации речевой деятельности студентов. Работа с ситуацией выстроена так, что коммуникативная задача реализуется на 100%: сначала учащиеся высказываются в группах, затем все участники приводят по одному аргументу перед остальными командами. Кроме того, при расхождении во мнениях, дискуссия может продолжиться уже между командами. Таким образом, кейс – технологии позволяют сделать занятие интересным, полезным, развивающим необходимые коммуникативные навыки. Также реализуется в некоторой степени и лингвострановедческая компетенция: знакомится с местными компаниями, с такой информацией, как соцпакет, средняя зарплата и т. д.

Литература:

1. Петрова, С.М. Русский язык как средство межкультурной коммуникации на современном этапе // Вестник Северо – Восточного федерального университета им. М.К. Аммосова. – 2015. – №4 (48). – С. 98–108
2. Кунгурова И.М. Инновационные технологии преподавания иностранных языков в вузе. Монография / И.М. Кунгурова, Ю.В. Рындина, Е.В. Воронина. Изд – во LAP LAMBERT Academic Publishing, 2013. – 180 с.
3. Афонина А.Д. Региональный аспект в методике преподавания РКИ (на материале произведений сибирских писателей) / А.Д. Афонина, О.А. Гришина // Коммуникативные процессы в образовательном пространстве. Материалы Международной научно – практической конференции в рамках IV Международного научно – образовательного форума «Человек, семья и общество: история и перспективы развития». Красно – ярский государственный педагогический университет им. В.П. Астафьева. 2015. – С. 51 – 58.
4. Ниязова А.Е. Активизация процесса профессиональной подготовки учителя иностранного языка посредством «кейс – метода» // Язык и культура. – 2014. – №2 (26). – С. 163 – 173.
5. Кабаева В.А. Кейс – технологии в обучении иностранцев русскому языку на продвинутом уровне // Современные наукоемкие технологии. – 2015. – №6. – С. 67 – 69 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.top-technologies.ru/ru/article/view?id=35062>

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІ

MODERN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL TRENDS IN THE FIELD OF JOURNALISM AND LAW

СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ОБЛАСТИ ЖУРНАЛИСТИКИ И ПРАВА

Orazov Y.Y. (<i>M. Kozybayev NKU</i>) Current trends in journalistic education at the department of «Journalism» of the M. Kozybayev NKU: the editorial office «Parasat» as an example of project journalism.....	3
Афанасьев П.В. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) К вопросу об обременении товара в гражданском праве РК.....	7
Жукова З.Б., Брызгалова Е.А. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Значение и юридические последствия признания государств в международном праве.....	9
Иманов К.С., Сералина А.Ж., Абдрахманов А.М. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Международно – правовые механизмы реализации и защиты прав человека.....	13
Истембекова С.Ж. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Появление и развитие интернет – журналистики как компонента системы СМИ.....	17
Кабдушев Д.Ж., Тлепина Ш.В. (<i>СКУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан</i>) Справедливость и мир: концепции международных преступлений против мира и безопасности человечества.....	19
Косинов О.А., Пономаренко М.А. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Отражение великой отечественной войны в СМИ.....	22
Кукеев А.К. (<i>ЮКУ им. М. Ауэзова</i>) Конституционные основы регулирования реализации права на информацию.....	24
Лобода А.Ф., Сералина А.Ж. (<i>СКГУ им. М. Козыбаева</i>), Семенов И.В. (<i>Департамент полиции СКО</i>) Цифровые и информационные технологии в криминалистике.....	28
Мендыбаева А.К., Шаяхметова Ж.Б. (<i>СКУ им. М. Козыбаева, Атырауский университет имени Х. Досмухамбетова</i>) Законодательное регулирование ответственности за коррупционные правонарушения.....	34
Мендыбаева А.К., Шаяхметова Ж.Б. (<i>СКУ им. М. Козыбаева, Атырауский университет имени Х. Досмухамбетова</i>) Юридическая наука и мировое сообщество в эпоху цифровизации.....	39
Морозова Т.А., Притолук П.П. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Предпосылки появления PR – технологий в Северо – Казахстанской области.....	42
Мусабаева Г.Н., Мышкин В.В., Мендыбаева А. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Актуальные проблемы развития института медиации в Республике Казахстан (в рамках 10 – летия ЗРК «О медиации»).....	44
Мусабаева Г.Н., Мышкин В.В., Кусайнов А. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Проблемы применения медиации в гражданском и уголовном процессе (в рамках 10 – летия ЗРК «О медиации»).....	48
Саурбаева Ә.Ж., Казбаева М.К. (<i>М. Қозыбаев ат. СҚУ</i>) Қазақстанның сыртқы саяси имиджін қалыптастырудағы теориялық және тәжірибелік мәселелер.....	51
Саурбаева А.Ж., Мұхаметжан Г. Ж. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Влияние социокультурной динамики на журналистику.....	53
Тлепина Ш.В., Айсенов Т.Т. (<i>СКУ им. М.Козыбаева</i>) Проблемы правопонимания в современной юридической науке.....	55

Тлепина Ш.В., Айсенов Т.Т. (СКУ им М.Козыбаева) Теоретические аспекты административно – правовых отношений.....	58
--	----

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ
LANGUAGE AND LITERATURE IN THE MODERN WORLD
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Alnazirova A.K., Salenko L.L. (M. Kozybayev NKU) Cooperative learning in teaching english.....	62
Ismagambetova L.Sh. (M. Kozybayev NKU) Peculiarities of an integrated lesson in teaching a foreign language to students of non – linguistic specialties.....	66
Karbosova S.P, Salenko L.L. (M. Kozybayev NKU) Dialogical teaching of english as a means of developing language competences.....	69
Moroz V.P. (M. Kozybayev NKU) Formation of discursive competence in english classes with the help of elliptical structures.....	73
Starkova A.V. (M. Kozybayev NKU) Methods of working with theoretical material for writing a scientific research: where to start and how to avoid plagiarism.....	80
Алтаева З.Ж. (Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп – гимназиясы) Қазақ көркем аударма өнерінің өзекті мәселелері.....	84
Атығаева К.М. (СКУ им. М. Козыбаева) Изучение казахского падежного управления в русскоязычной аудитории.....	87
АхметоваТ.Ә., Атығаева К.М. (М. Қозыбаев атындағы СҚУ) Абайдың қара сөздері – рухани жаңғыру негізі (25 – қара сөзін талдау негізінде).....	94
Бейсенбаева А.С. (СКУ им. М. Козыбаева) Критика в аспекте имагологии в литературной деятельности Н. Ровенского.....	97
Габдулина М.Г., Аубакирова А. Е. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Қазіргі қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдер.....	102
Есматова М.Т., Сұлтанова С.А. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Көркем шығармаларда қолданылған үйірлі анықтауыштардың құрылымы.....	106
Есматова М.Т., Курманова М.Е. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуға бағытталған мәтіннің түрлері.....	111
Жуанышпаева С.Ж., Баекина Н.М. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту арқылы үйрету.....	117
Қадыров Ж.Т., Нургазина М.Б. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) С. Торайғыров поэмаларындағы көркемдегіш – бейнелегіш құралдардың көркемдік ерекшеліктері.....	121
Камзинова С.М. (СКУ им. М. Козыбаева) Пословицы и поговорки в поэме Н.А. Некрасова «Кому на Руси жить хорошо».....	125
Қуандықова Д.К. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Академик Евгений Букетовтің әдеби шығармаларындағы көркемдік тәсілдер.....	129
Кулибекова Ж.С., Акжигитова А.С. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Ғ. Мұстафин прозасындағы заман және адам.....	133
Кулибекова Ж.С., Кусаинова А.К. (М. Қозыбаев ат. СҚУ) Мұқағали поэзиясындағы ұлттық нақыштар.....	138
Леонтьева А.Ю., Ташқараева У.Е. (СКУ им. М. Козыбаева") Функционирование былички и бывальщины в казахском культурном пространстве.....	140
Насибуллова Г.Р. (Казанский (Приволжский) федеральный университет (РФ)) Когнитивно – концептуальный анализ репрезентации концепта «TIME/БАҚЫТ» во фразеологизмах английского и татарского языка.....	147

Панова К., Горшкова А. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Сопоставительный анализ русских и казахских загадок, пословиц и поговорок Северо – Казахстанской области.....	150
Ротар Е., Соколова В. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Образы народной демонологии в быличках Северного и Южного Казахстана.....	154
Сабиева Е.В., Козлова Ю.Е. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Структурная характеристика гидронимов Северо – Казахстанской области.....	160
Смаилова Қ.К. (<i>М. Қозыбаев ат. СҚУ</i>) Ғ. Мұстафин шығармасындағы тілдік құралдар.....	164
Табакова З.П., Бекчентаева А.В. (<i>СКУ им. М. Козыбаева</i>) Жаргонная лексика в речи сельских школьников.....	168
Хамзина Г.С., Бекмуратова А. (<i>М. Қозыбаев ат. СҚУ</i>) Қазақ повестеріндегі кірме сөздердің стильдік қызметі.....	173
Хамзина Г.С., Каримов Р. (<i>М. Қозыбаев ат. СҚУ</i>) А. Сейдімбеков шығармаларындағы синонимдердің ерекшеліктері.....	177
Шуйншалина А.Т. (<i>Кызылжарская общеобразовательная школа, г. Актөбе</i>) Лингвострановедческое наполнение кейс – метода при обучении русскому языку как иностранному.....	181

**«Қозыбаев оқулары – 2021: білім мен ғылымды дамытудағы
жаңа көзқарастар мен тәсілдер» атты халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(12 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«Козыбаевские чтения - 2021: Новые подходы и современные
взгляды на развитие образования и науки»**

(12 ноября)



ISBN 978-601-223-480-0



9 786012 234800